

Байдалиев Д.Д.

**Жуалы өлкесінің
ежелгі тарихы**

Тараз 2007

ББК 63.3(5 Каз)

Б 17

Байдалиев Д.Д. Жуалы өлкесінің ежелгі тарихы – Тараз, 2007 – 213 б.

ISBN 9965-21-426-3

Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл тарихи – оқулық Жуалы ауданы туралы жан – жақты білгісі келетін жалпы көпшілікке, мектеп оқушыларына, өлкетанушыларға сол сияқты қоғамдық – гуманитарлық пәндерінің мұғалімдеріне арналған.

Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Жуалы өлкесінің геологиялық – тектоникалық ерекшелігі мен ежелгі архитектуралық нысандар, ортағасырлық қалалар туралы құнды деректер келтірілген. Екінші бөлімде Жуалы өлкесіндегі азаттық жолындағы, ел қорғаудағы, жер қорғаудағы жан алысып, жан берісіп қырқысқан батырлар туралы, одан кейінгі кезеңдегі тарихи тұлғалар туралы мағлұматтар берілген. Кітаптың үшінші бөлімі Жуалы өлкесіндегі жер – су атауларының (топонимдердің) шығу тарихы туралы сөз қозғалады.

Кітап өлкетануға үлес қосады және болашақ ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті сіңіру, туған жерге, Отанға деген құштарлығын тәрбиелеуге арналған көмекші құрал болып табылады.

ББК 63.3(5 Каз)

Пікір жазған:

Ұ.Т. Құрманбаев – *тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

Б.О.Мырзабеков – *тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

Ж.Б.Аяғөзов – *тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

Б 0503020905

00(05)-07

ISBN 9965-21-426-3

© Байдалиев Д.Д., 2007.

Кіріспе

Біздің тарихымыз - өз шежіреміз, болашағымызды қалыптастыратын өткеніміздің тірі тағлымы. Кешегіміз бүгінгі күнмен сабақтасып жататын, ата - бабамыздың тарихы мен мәдениеті бізге қалдырған тамаша туындылары баға жетпес құнды дүние. Осы өткенімізді қайта тірілтпей еліміздің бүгінгісін, оның егемендікке қол жеткізгендігін терең тану мүмкін емес. Сондықтан да халық тағдырын паш етер оның тарихы мен мәдениетін танып - білу келешек ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, өз елінің лайықты азаматы болуға баулитыны сөзсіз.

Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты кітабындағы: «Егер біз ел болғымыз келсе және өз елдігіміз ұзақ сақталсын десек, халқымыздың рухани бастауын түсінуіміз керек» деген пікірінің маңызы өте зор.

Қазақ даласының оның халқы қазақтардың ежелгі тарихы ерте заманнан бері бізге аңыз - әңгімелер мен шежірелер түрінде жеткен. Біздің тарихымызға байланысты деректер Қытай, Араб, Шыңғыс хан және Ресейдің жүргізген саясаттарына байланысты өзгерістерге ұшырады. Көне тарихымызға байланысты деректерді Ш.Уәлиханов, Н.Аристов, Ә.Диваев, Л.Гумилев, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышбаевтар жинап жазды.

Кеңес үкіметі кезінде қазақтардың ежелгі тарихына байланысты тақырыптар жабылды. Қазақ халқы тарихы жоқ, сондықтан болашағы жоқ деп танылды.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстан Ресейге қосылар кезеңінде сол заманғы саяхатшылар кең байтақ қазақ даласын «Көшпенділер бесігі» деп атаған. 1913 жылы жарық көрген «Туркестанский край» кітабында: «Көшпелі ел үшін ең қажеттісі - мал жайылып жүретін шексіз дала, сондықтан ол жайылым болуға жарар жерге қоныстануына кедергі тудырғандардың бәрін жер бетінен жоқ қылуға бар. Бақтар, үйлер, ғимараттар мен өнер туындылары көшпелі халыққа түсініксіз, әрі керек емес те» - деп жазған.

Бұл пікірдің түбегейлі негізсіз екендігін көрнекті

археолог С.П.Толстов: «Қалалық өркениетті тек жер өңдеудің, отырықшылықтың нәтижесі деп санау үлкен қателік» деп тұжырым жасайды. Ортағасырлар кезеңінде Қазақстан жерінде көптеген архитектуралық құрылыстары, гүлденген қалалары, сарайлар мен мешіттері, шеберханалары т.с.с ғимараттары болғандығы баршаға белгілі. Оған дәлел Араб географы Мұхаммед ибн Ахмед әл Макдисидің Испиджаб (Оңтүстік Қазақстан) аймағы туралы жазған сапарнамасын мысалға келтірсек жеткілікті: «Испиджаб аймағы Мәуереннаһрдың орта тұсында орналасқан. Оның Қарлұқ, Жұмышлағу, Арусбаникет, Бараб, Шабғар, Сауран, Тұрар, Зерах, Шағылжан, Баладж, Берукет, Бұрұқ, Яғанкент, Азақкент, Дех, Нуджикет, Тамтадж, Абарадж, Тараз, Балү, Жікіл, Барысхан, Атлах, Жамукат, Шелжі, Көл, Сұс, Тақабкет, Дех Науи, Құлан, Мирки, Нушкет, Лакра, Жамұқ, Урду, Науакет, Баласағұн, Лабен, Шүй, Абалық, Маданкет, Барсиан, Балық, Жарқан, Яқ, Яқалық, Рауанжам, Қатақ, Шұр, Чашма, Діл, Ауас, Жаркент қалалары бар. Ал бас қаласы — Испиджаб.» (Толстов С.П Древний Хорезм. Москва, 1948)

Бағзы замандарда өмір сүріп, еңбек еткен, сарайлар мен қалалар тұрғызған, ондаған тіпті одан да көне шежіресі бар ата - бабаларымыздың өткен өмірінен белгі беретін ортағасырлық қалашықтар, тарихи орындар біздің Жуалы өңірінде де баршылық.

Ұлы Жібек жолының да біздің Қазақстан үшін үлкен маңызы зор болған. Ол арқылы біз тарихымызды танимыз. Алғашқы сауда бір жерде бар, екінші жерде жоқ; тұз, асыл тастар, алтын, дәрілік өсімдіктер, хош иісті заттарды айырбастап ел мен елді жалғастырған сауда жолдарының пайда болуына себепші болған. Осылай пайда болған Жібек жолының жүйесі адам денесіндегі тарамданған қан тамырлары сияқты Еуразиядағы барлық мемлекеттер мен халықтарды бір - бірімен жалғастырып тұрған.

Осы Жібек жолының сілемдері Жуалы жері арқылы да өткен, соның әсерінен бірнеше ортағасырлық қалашықтар мен бекеттер, керуен сарайлар пайда болған. Ұлы Жібек жолының негізгі арнасына орналасқан қалалар мен керуен бекеттері туралы Араб

географы Убейдаллах ибн Хордадбектің 846 - 847 жылдары жазған сапарнамасынан Жуалы аймағына қатысты үзіндіні мысалға келтірейік: «Тамтадждан (Түркібасы) Абарджаджға (Мыңбұлақ) дейін 4 фарсах, одан өзеннің (Теріс) бойындағы Баркуаб бекетіне дейін 6 фарсах одан 5 фарсахтағы Жувикетке Шауғар (Қайрақтас тауына Қаратау) өтіп, одан Таразға дейін 3 фарсах жол жүреді» - деп жазған. Бұл деректерді шамалы өзгешелігі болмаса X ғасырдың басында Кудамма ибн Жафар да қайталайды. Ал әл - Макдисидің 985 жылы жазған Ұлы Жібек жолының жаңа тараулары аталған шығармасында Абарджадж «Баржах» деп көрсетілген. (Хордабек И. Книга путей и стран. Баку, 1986.) (Kodama ibn Djafar. Kitab al-Kharadj. Ed.M.J. de Goeje. Lugduni Batavorum. 1889.)

Әсіресе XIX - XX ғасырларда Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихының жаңа ашылған парақтары сияқты Жуалы өңірінің тарихы да Қазақ Ғылым Академиясының жанынан құрылған археология бөлімінің, онан соң Тарих, археология және этнография институтының жанынан құрылған Археологиялық орталықтың, Тараз археологиялық экспедициясының зерттеу жұмыстарының арқасында толығырақ түсті. Жуалы жеріндегі көне қалашықтар мен бекеттер, қорған төбелер т.б тарихи орындарды зерттеуде есімдері әйгілі көптеген археологтар қатысты. В.А.Каллаур, Г.И.Пацевич, А.Н.Бернштам, В.В.Бартольд, К.М.Байпақов, А.Досымбекова сияқты тарихшы археологтардың арқасында біз кейбір ежелгі қалаларымыз туралы жаңа деректер мен толымды мәліметтер алдық. Қазіргі кезде Б.Момышұлы ауылының оңтүстік жағындағы Көлтоған қорғандарын археологиялық экспедиция зерттеу жұмыстарын бастады.

Жазба жәдігерлеріміздің тым аздығы мен тарихи деректердің жоқтығы ежелгі дәуірлер тарихын танып білуге үлкен қиыншылық туғызатыны сөзсіз. Дегенмен мұндай кезде бізге археологияның көп көмегі тиіп жатады.

Ағылшын археологы Г.Чайлд археология ғылымына «Телескоп астрономия саласына қанша пайда әкелсе, археология да тарих көкжиегін соншалықты кеңейтті» - деп баға берген.

(Чайлд Г. Древнейший Восток в свете новых раскопок. Москва, 1956.) Археология ғылымының арқасында Отанымыздың, кең - байтақ даласына соның ішінде Жуалы аймағының да сан алуан мәдениетін, ата - бабаларымыздың тамаша туындыларын танып білуге мүмкіндік алдық.

Бүгінгі кезде Жуалы жерінде оншақты қала жұрттары мен бекеттер, 100 - ден астам қорған төбелер есепке алынған. Сондай - ақ 15 шақты обалар қорымдары, төрт бекініс, төрт кизет мұнарасы, үш белгісіз елді мекен орындары, алғашқы адам қоныстары, көптеген жартастардағы петроглифтер табылған.

Біз Жуалы жеріндегі осы тарихи орындардың тарихын жазған кезде Қытай, араб, парсы, ежелгі түркі, орыс тілдерінде жазылған географиялық және тарихи шығармалардағы, дипломаттар мен саяхатшылардың, саудагерлердің қалдырып кеткен жазбалары, сапарламаларындағы материалдарға сүйендік. Ең негізгісі әрі дәйекті дерек көздері - осы аймақтағы ежелгі қалашықтар мен елді мекендердің, қорған төбелердің орындарына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары.

І Жуалы өңіріндегі тарихи – мәдени мұралар



1. Жуалы өңірінің геологиялық – тектоникалық ерекшелігі

Қазақ Даласы Алтайдан Атырауға дейін созылған ұлан ғайыр кең жазықтарды, биік таулар мен жоталарды, көлдер мен өзендерді, шөлдерді орман тоғайларды құрайды. Бұл біздің жеріміздің қазіргі көрінісі.

1930 – 1940 жылдары жүргізілген аумақтық онан кейін 1950 – 1960 жылдары жүргізілген ірі ауқымды геологиялық археологиялық экспедициясы Қазақ Даласының ежелгі тарихы туралы жаңа деректер қосты. Сол деректерде антропоген геологияның 4 – 5 миллион жылдық даму мерзіміне сәйкес келетіні мәлім болды.

Бұл неоген кезеңіндегі тектоникалық процестердің күшеюі нәтижесінде болған өзгерістерді Ә. Байбатша былай жазады: «Неоген кезеңінің бас кезінде – ақ шамамен 20 миллион жыл бұрын, қазіргі биік Тянь – Шань тауларының орнындағы тегіс жазықта, биіктігі 500 – 700 метрге жететін таулы түйін пайда болған. Содан бергі кезеңде таулар мен жоталардың өсуі ұдайы жалғасуда» дей келе,

Алғашқы төрттік кезеңде онан соң орта төрттік кезеңде тектоникалық қозғалыстар, таулардың, жалпы жер бетінің көтерілуін жалғастырған. Таулар қазіргі кейіпке келе бастады, олардың жоғарғы бөліктерін қар, ал одан биіктегі шыңдарын мұз құрсаған.

Қазіргі кездегі тау өзендерінің аңғары мен тораптары осы кезеңде қалыптасқан. Тау жоталарының көтерілуі негізінен осыдан 400 – 350 мың жылдар шамасындағы тектоникалық фазада басталғаны анықталды.

Үлкен Қаратау мен Кіші Қаратау аралығындағы қазіргі Жуалы ойысындағы болған тектоникалық құбылысты біз тағы да сол Ә.Байбатшаның еңбегінен алып көрсетіп отырмыз.

Алатаудың таулы аудандарының, оның батыс сілемдерінің және Қаратау жоталарының өсу динамикасы туралы кесте келтірген. Біз осы кестенің Жуалы аймағына қатысты жерін алып пайдаланып отырмыз.

Аудандардың аттары (шыңдарының қазіргі биіктігі. м)	Геологиялық бұрынғы кездердегі биіктік деңгейлері м.						
	20 млн жыл (I ₁)	3 млн жыл (I ₂)	1,5 млн жыл (Q _E)	0,7 млн жыл (Q _I)	0,3 млн жыл (Q _{II})	150 мың жыл (Q _{III})	10 мың жыл (Q _{IV})
1. Боралдай (1813)	400	300	700	800	1000	1400	1700
2. Шақпақ (1190)	300	300	500	500	600	800	1100
3. Кіші Қаратау, Берікқара (1611)	300	300	500	700	900	1300	1500
4. Қошқарата – Жуалы грабені (1100)	300	300	400	600	800	900	1100

Жуалы өңірінің геологиялық – тектоникалық ерекшелігінің сызбасы

«Қазіргі Қошқарата Жуалы грабенінің (ойысының) ортасынан өтетін, белдеуленіп көтерілген суайрықтың шығысына – Кіші Қаратау бағытына қарай Теріс өзені ақса, батысына – Үлкен Қаратау бағытында Қошқарата, Боралдай, Бөген өзендері ақты. Кейінгі замандарда жердің тереңдігі тектоникалық жарылыстар арқылы Қаратау жоталарының көтерілуі үдей түскен. Нәтижесінде Үлкен Қаратау мен Кіші Қаратау жоталарының биіктіктері Қошқарата грабенімен (ойысымен) салыстырғанда жоғарылап асып кетті. Бірақ өзендер алғашқы алған бағыттарынан қайтпай, көтерілген жоталарды шайып, тілгілеп, қиратып, арналарын тереңдетіп аға берген. Қошқарата өзенінің табаны Боралдайтаудың Алакүшік және Ақшоқы биіктерінің ауданында 600 метр деңгейде болса, жарқабақты жағаларының басы 1100 метр деңгейде, яғни, өзен суы көтерілген жотаны 500 метр тереңдікке дейін қиып түскен. Дәл осындай «жұмысты» Боралдай өзені де атқарды. Оның Үлкентұра мен Алакүшік биіктері ауданындағы жарқабағының табаны 600 – 700 метр деңгейде болса, басы 1100 – 1200 метр деңгейде, ал жер бедерін

қуалап, баяу түскен қиманың тереңдігі 500 метрден асады. Сонымен, шамамен 350 мың жылдың ішінде алғашында өзендердің табанында жатқан беткейлердің қазіргі кезде 500 метрден астам биіктікке «өскенін» көреміз. Теріс өзені де аққан бағытын өзгертпей, жолындағы Кіші Қаратаудың көтерілуінен болған кедергіні қиып түскен. Су жарып аққан жота Маймақ бекетінің төңірегінде, Күркіреусу өзенімен қосылған тұсында көтеріліп, оның биіктігі 300 метрден асады.» (Ә.Байбатша. Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы: Санат, 2002, 16 – 17бет)

Қазіргі Жуалы ауданының солтүстік батысындағы Қостұраның және оңтүстік шығыс жағындағы Күркіреусу өзенінің Теріске қосылған тұсындағы антецедентті аңғарлар жер бөліктерінің өзен пайда болғаннан кейінгі кездерде өскенінің дәлелі болып табылады.

Жуалы аймағының қазіргі кездегі сипаты, Теріс өзенінің жоғарғы және орта ағысындағы жерінің көпшілік бөлігін биіктігі 900 метрден 1200 метрге жететін таулы үстірт алып жатыр. Солтүстігі мен солтүстік – шығысын Қаратау жотасы, батысы мен оңтүстік батысын Боралдай, Құлан таулары мен Талас Алатауы қоршап жатыр. Аудан жерінің орта бөлігіндегі Күреңбел белінен асып өте алмаған өзендер жер ыңғайына қарай оңтүстік шығысқа қарай теріс ағады. Өзеннің осындай сирек құбылысына қарай Х ғасырларда араб жиһангерлері оны Баркуаб (Теріс бағыттағы өзен) атап кеткен. Ал сол Күреңбел белінің солтүстік беткейлерінен басталып ағатын өзендер Боралдай тауының шатқалдары арқылы Қостұраның ортасынан өтіп солтүстік батысқа қарай ағады.

Тектоникалық құбылыстардың әсерінен табиғи ортаның өзгеруі, ауа райының өзгеруі, зілзалалар, таулардың өсуі бүгінгі күндері де жалғасып келеді. Осындай тектоникалық қозғалыстардың әлі де елеулі орын алатындығын ғалым Е.Фенько 1935 – 1955 жылдар аралығында Түркісіб темір жолы желісінің бойымен жоғары дәлдікпен жүргізген геодезиялық өлшеулер нәтижесінде анықтады. Ол жердің қозғалуының әр аудандағы жылдамдығы әртүрлі екендігіне көз жеткізеді, сонда жердің ең жылдам көтерілу осі Жуалы ауданындағы Құлантаудың Оңтүстік

Қазақстан облысымен шектесер жеріндегі Шақпақ асуында екендігін, жылына оның орташа мәні 10 – 12,5 мм болатынын есептеп шығарды.

2. Жуалы жеріндегі петроглифтер

Жуалы өңірінде қазақ халқының шығармашылық өнерін, тұрмыстық мәдениетін, тарихын ғылыми тұрғыда дәлелдейтін көптеген ежелгі тарихи - мәдени мұралар сақталған. Олар көне замандағы ата - бабаларымыздың бүкіләлемдік мәдениетке қомақты үлес қосқан өркениетті жұрт болғандығын растайды. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейін жүргізілген археологиялық қазба жұмысынан табылған деректер осыны дәлелдеп отыр. Солардың бірі - сонау қола, Сақ, Үйсін, Қаңлы одан бергі Түркі дәуірлерінің санқилы сырынан мол дерек беретін ежелгі жарқабақ тастардың бетіндегі таңбалар сыры. Олар әсіресе Хантау, Қаратау, Жуалы жерінде Ақсу - Жабағылының тау шатқалдарында, Қошқаратаның Шаянмен шектесер аймағында кездеседі.

Көне заманнан бізге жеткен археологиялық ескерткіштердің ең үлкен тобы - тас бетіне салынған суреттер, яғни ғылыми тілмен айтқанда петроглифтер деп аталады. Олар - әр дәуірде өмір сүрген тайпалар мен халықтардың, тарихынан бізге құнды деректер беретін көненің көзі. Жалпы ғалымдардың зерттеуі бойынша бұл ескерткіштің төркіні сонау қола дәуірінен басталып, оның жалғасы тіпті кейбір жерлерде біздің заманымыздың соңғы дәуірлерін де қамтыған.

1970 жылы белгілі ғалымдар Қадырбаев пен Марьяшев Тараз қаласының, батысынан 50-60 шақырым қашықтықтағы Қойбағар деген жердің тарихын зерттей келе тұңғыш рет тасқа салынған ат пен түйе жегілген күймелі арбалар суретін көргенін айтады. Осы уақытқа дейін қос өркешті түйелер Қазақстанның Оңтүстік аудандарында біздің, заманымыздың VIII - IX ғасырларында ислам дінінің енуімен қатар пайда болды деп есептеліп келді. Қаратау маңындағы және Қазақстанның басқа жерлеріндегі археологиялық


ғылыми - зерттеу барысында табылған деректер бұл байламды мүлдем жоққа шығарып, қос өркешті түйелер қазақ даласында бұдан үш мың жыл бұрын, яғни қола дәуіріне тән екендігін анықтады.

Сандық тастағы бұл суреттер өзінің салыну ерекшеліктеріне қарай кейде мифологиялық немесе тарихи сюжетке құрылған болып келеді. Бірақ ықылам заманнан бізге жеткен бұл тарихи куәларды тек есепке алып, суретке түсірумен ғана шектелгенбіз, олардың шығуы, дәуірлерге бөлуі туралы салиқалы ой айтуға ешкімнің батылы бармады.

Ғасырлар бойы сан қилы сырын құпия сақтаған таңбалы тастарды зерттеу үшін Қазақ ССР Ғылым Академиясының археологы Зейнолла Самашев бастаған ғылыми - экспедиция облыс территориясында еңбек етті. Бұл экспедициясының құрамында Ленинград қаласының, көрнекті ғалымы, археолог, тарих ғылымдарының докторы А.Я.Шер және Комарово қаласынан Б.Н.Пяткин бастаған бір топ ғалымдар болды. Экспедицияның негізгі зерттеу объектісі етіп Маймақ станциясының солтүстік - батыс жағындағы сурет галереясы алынған еді. Ұзыннан - ұзақ, ат шаптырым жерге дейінгі үлкен жарқабақ тастардың бетінде жас ғалым Зейнолланның есептеуі бойынша мыңға жуық суреттер бейнеленген. Мұнша көп суреттің бейнелеуіне қарағанда осы өңірдегі мекедеген тайпалардың өмір сүруіне Аса, Теріс және Күркіреусу өзендері бойларының қолайлылығы септігін тигізген сыңайлы. Талай заманның куәсі болған бұл бейнелердің түп - нұсқасын сақтау үшін бетіне арнаулы материалдарды қолдану арқылы суреттері көшіріліп алынды. Арнайы жүргізілген ғылыми жұмыс, сөз иелері бір дәуірдің, ішінде дүниеге келмеген, не болмаса белгілі бір халықтың қолынан шықпаған оның сабағы әріден үзілмей келе жатқан ұзақ уақыттың жемісі екендігін анықтады. Бізге жеткен көне бейнелеу өнерінің тағы бір түрі - ежелгі заманда осы өңірді мекен етіп, ұрпақ өрбіткен тайпалардың өмірінен азды - көпті хабар беретін билеп жүрген адамдардың суреттері.



Габаевка (Жуалы ауданы) петроглифі: Жыландар, арқарлар, жаяу садақшы, салт атты жауынгер мен жеке адам бейнесі (қола дәуірі)



Қаратау петроглифі: Қос ат жеккен дөңгелекті және қос өркешті түйе жеккен төрт дөңгелекті арба (б.з.д II-I мыңжылдықтар)



Ақсу–Жабағылы: Теке ұстаған аңшының иті бейнеленген (б.д.д III-II мыңжылдықтар)

(Жоғарыдағы суреттер Ә.Байбатшаның «Қазақ даласының ежелгі тарихы» кітабынан алынды)

Зерттеушілердің пайымдауынша, бұлар көне тайпалардың салт - дәстүрі, діни нанымдары, аңшылық соғыс ісіне байланысты салынған туындылар. Алғаш рет қола дәуірі адамдарының билері бейнеленген сурет Алматы облысындағы Тамғалы шатқалынан табылған. Бұл сурет галереясында ортада басына күн сияқты бас киім киген оның төңірегін он екі адам қоршаған бишілер тобы билеп жүр. Ғалымдар оны зерттей келе ортадағы адам күнді, ал төңірегіндегілер 12 айды келтіріп, аспан тәңіріне құлшылық етіп билеп жүрген болар деген болжам жасады. Себебі: Жуалы ауданына қарасты Берікқара сайындағы Үйсін - Қаңлы обаларының, айналасын үшкір таспен дөңгеленте бірнеше қатар етіп қоршауы олардың Аспан тәңіріне, Айға, Күнге табыну наным - сеніміне байланысты екендігі дәлелденді. (С.Байтілен Тараз өңіріндегі тастағы таңбалар.Қазақ тарихы. 2002ж, №5, 6.7бет)

Ғалымдар арасында жартаста бейнеленген би өнерінің пайда болған мерзімі туралы әлі ортақ байлам жоқ, бірақ қазақтарда сақ тайпалары заманынан бері келе жатқан, аспан денелерін бақылап, жұлдыз жорамалдар жасау білімі болғандығын анықтады.

Б.з.д II мыңжылдық – ортағасырына жататын жартастардағы суреттер Теріс өзенінің сол жағалауында, Қаратау жотасының оңтүстік – шығысында, Бауыржан Момышұлы ауылынан солтүстік – шығысқа қарай 27 шақырым жерде көптеген сюжеттерден тұратын Габаевка петроглифтері бар. Тағы бір осыған ұқсас жартас бетіндегі суреттер Қосбөлтек ауылы (бұрынғы Большевик колхозы), Алматы – Ташкент автомобиль жолынан солға қарай 15 шақырым жерде, 750 метр биіктікте орналасқан.

Бұл петроглифтер тік қия жартастар мен ірілі – ұсақты қой тастарға шекіліп (қашалып) салынған. Ол суреттер көшпелі тайпалардың сол кездегі салт – санасын, діни түсініктері мен ырымдарын, әдет – ғұрыптарын білдіреді.

Тастардағы суреттерде аңдар мен хайуанаттардың нобайлары, байлық пен күштің символын білдіретін түйенің бейнесі, таутекеге ит қосып және садақпен аңға шығу сияқты аңшылықты бейнелейтін сюжеттерге құрылған көріністер орын алған.

Габаевка маңындағы тастағы петроглифте жылан, арқар сияқты аңдар мен хайуанаттардан басқа садақ атып тұрған жаяу адамның бейнесі, жауынгерлердің жекпе – жегі бейнеленген.

Қазіргі Ақсу - Жабағылы территориясында көп кездесетін бейнелер: аң аулап жүрген адам және таутекенің суреттерін кездестіруге болады. Ал Алатау тау сілемдеріне жақын Сандықтас бетінен басқа территориядан кездеспейтін қашып бара жатқан текені ұстаған аңшының иті бейнеленген. Ғалымдар бұны б.з.д III - II мыңжылдық аралығына жатқызады. Осындай бір тастағы суреттер Ақсу – Жабағылы мұражайының кіре беріс фозесінде тау шатқалынан алып келіп орнатылған.

Жуалы ауданындағы бейнелеу өнерінде біршама жиі кездесетіні - арбалар. Скифтер мұндай арбаларды тек жүк тасу немесе үй үшін ғана емес, соғыс мақсатына да пайдаланған, Қазақстандағы осындай тасқа салынған арбалар тарихын көп жылдан бері зерттеп жүрген ғалым М.К.Қадырбаев Қаратаудың оңтүстік жағындағы тастардан, Қошқарата ауылы маңынан табылған бұл суреттер арбаларды - кең байтақ елімізді көне заманда мекендеген сақ, үйсін тайпаларының молынан пайдаланғанын дәлелдейді.

Қаратау шатқалындағы б.з.д II – I мыңжылдықтарға жататын петроглифінде қос ат жеккен екі дөңгелекті арбалар көптеп кездеседі. Бұл суреттерге қарап бұрын осы өлкеде түйе жануары болғандығын болжау қиын емес. Бұл суреттердің барлығы да бір мәнерде, арба дөңгелектері алынып жанына қойылғандай болып бейнеленген. Қола дәуір петроглифтерінде соғыс арбаларын бейнелеу кеңінен таралған.

Маймақ галереясынан табылған жаңалықтардың бірі - қола дәуірге тән аңдардың алдыңғы аяғымен секірейін деп тұрған суреті. Бұл территорияда өте сирек кездесетін жай. Мұндай бейнелер көбінесе сақтардың молаларын қазғанда өлікпен бірге жерленген бұйымдарда кездесетін. Реті келгенде айта кететін жай, осы сурет галереясының терістік жағындағы Аса өзенінің кесіп өтетін Шөлдала сайында Батыс пен Шығысты байланыстырған керуен жолы өтеді. Осында бірнеше жыл бұрын осы қоныс орнының жанындағы Ақкөл колхозына баратын

арықты кеңейткенде, сақ дәуірінің бір қола қазаны мен қыш құмырасы табылған еді. Бұл олжалар сөз жоқ қоныс орнын алғашқы мекендеушілер б.д.д қола дәуірінде өмір сүрді ме? - екен деген ойға әкеледі. Әрине, оны келешектегі қазба жұмысы көрсетеді. Аралары қол созымдай таңбалар мен қоныс орнының тарихы бір - бірімен сабақтас болуы да мүмкін.

Археологиялық ескерткіштердің ішіндегі - таңбалы тас бейнелеу өнерінің басқа таңбаларына қарағанда тас бетінде мәңгілік қалады. Бірақ, басқа тайпалар осы жерге келіп, өмір сүрсе, міндетті түрде қолтаңбасын салады. Мәселен: қоныс орнында табылған заттарды әртүрлі сауда байланысы бойынша келген деп тұжырымдаймыз. Ал тасқа түскен суреттердің орны басқа болады. Сол себептен де мұнда адам тіршілігінің тұрмыс - салтына, мәдениетіне, шаруашылығына құрылған сюжетті бейнелермен бірге халықтың мифологиялық өміріне де арналған дүниелер мол. Оның ішінде кейде таңбалы жазулар да кездесіп қалады.

Шын мәнінде ғасырлар тереңінен бізге жеткен тарихи мұралар - біздің ата - бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарына қалдырған аманаты. Бір өкініштісі осынау ғажайып жәдігерлер жыл өткен сайын күннің көзі, желдің өтінде бүлініп, қирап, тас бетіндегі суреттер көмескілене түсуде.

Соңында айтарымыз тау шатқалдарындағы сандық тастардағы, жартастардағы бейнелеу өнерінің көне туындылары адамзаттың ежелгі мәдениетінің көріністерін елестетіп, сол кездегі адамдардың жан дүниесіне көз жіберіп, олардың дүниетанымын, өнерін, айналадағы өмірге көзқарасын, эстетикалық түсінігін тануымызға мүмкіндік береді. Ендеше ғалымдарымыз оларды төл тарихымыз туралы құнды дерек деп түсініп тұтастай зерттесе, тиянақты бір ғылыми тұжырым жасауға септігін тигізері сөзсіз. Бұл таңбалар сонау ықылам заманнан ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан көненің көзі.

3. Обалар мен қорымдар

Қазақстанның барлық жерлерінде кездесетін обалар мен

қорымдар Жуалы ауданының аймағында да көп. Бұлар бізге Сақ, Үйсін, Қаңлы, Түрік тайпаларынан қалған тарихи ескерткіштер.

«Оба» сөзіне Қазақ Совет энциклопедиясында: «Оба» - археологияда өлген адамдарды жерлеген орын. Өліктерді жерлеу ғұрпы алғаш паллоит дәуірінде пайда болған. Өмір сүрген дәуіріне қарай әр тайпаның өлікті жерлеу ғұрпы әр түрлі болды. Обалар тас, топырақ немесе тас пен топырақ үйіндісінен тұрады» - деген анықтама берілген. (Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы 8 том 429 бет.)

Обалар мен қорымдарда жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде ежелгі өмір сүрген халықтардың діни сенімін, мәдениеті мен тұрмысын сол сияқты шаруашылық түрлерін, өнерін, әлеуметтік қатынастарын орнықтыруға мүмкіндік туған.

«Оба» сөзінің шығуының арғы түбіріне көз жіберсек, ол тунгас – манчжур тілдерінің «обо» сөзінен туындаған «үйінді тас, жалғыз төбешік» ұғымын білдіретін сөз. Оба оғыз – қыпшақтарда да «нысана» мәнін, ал қырғыз тілінде «обоо», «оңаша төбе» мағынасын береді. Бұл жөнінде «История тувы» атты кітапта: «Обалар көбіне буддистер табынатын тас үйінділер немесе шекара белгісі үшін үйілген үйметас белгілер» - деп көрсетілген. (История тувы, 1Т, Издательство «Советская энциклопедия» 124 стр.)

Жуалы аймағында бізге белгілі 40 тан астам обалар, 17 – обалы қорымдар және 20 – ға жуық қорымдар бар. Олардың көбісі әсіресе Билікөл аймағындағы Жосалы, Саясу жерлерінде шоғырланған. Ал жекелеген обалар мен қорымдар Шыңбұлақ, Кәріқорған, Кеңес, Шақпақата, Октябрьск, Бауыржан Момышұлы ауылдарының маңдарында кездеседі.

Қорым – ертедегі ғұрыпты жерлеу орны. Қорым негізінен, тастан қаланып, кейде топырақтан тұрғызылған немесе қиыршық тастан үйіп жасалған бірнеше обалардан, қорған қоршаулардан тұрады. Мұндай жерлеу орындары көбіне шығыстан батысқа қарай қатар орналасады. Жуалы өңірінде қола, темір дәуіріне жататын қорымдар аз зерттелген.

Қорымдардағы ескерткіштер мен табылған әшекей заттар, бұйымдар байырғы тұрғындардың әлеуметтік даму деңгейін, дүниетанымын, қоғамдық қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы: «Бесшатыр қорымы үлкенді – кішілі 31 обадан, Бесоба қорымы 12 обадан, Жуантөбе қорымы 300 обадан, Берікқара қорымы 500 төмпешіктен тұрады. Кейде обалардың диаметрі 100 метрден, биіктігі 20 метрден асады. Үйінді астында тас жәшік, циста, ағаштан жасалған төртбұрышты немесе дөңгелек саркофагтар да кездеседі.» (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы Алматы, 2004, 6 том, 60 бет)

Жосалы обалары Билікөл аймағындағы Жосалы өзенінің маңында Қарабастау ауылының оңтүстік – батысында ерте темір дәуіріне жататын археологиялық нысандар болып табылады. Қарабастау ауылынан обалар тізбегінің қашықтықтары 9 – 10 шақырымдардың шамаларында ұзын саны төртеу. Ал Қарабастау ауылының аймағында, Тасөткелге апаратын жолға жақын 0,5 шақырым жерде орналасқан **Қарабастау обалар** шоғырында алты оба бар. Олар б.з.д IV – I ғасырларға жататын археологиялық нысандар болып табылады. Ал Қарабастау ауылынан оңтүстік – батысқа қарай 6,5 шақырым, Тараз – Қаратау автомобиль жолының жанында ерте темір дәуіріне жататын **Саясу обасы** бар.

Билікөл аймағындағы археологиялық қорымдар нысандарының да шоғырланған жері осы Жосалы жері. Ол Қарабастау елдімекенінен 9,5 – 10,8 шақырымдар аралығындағы тау аралық ойпатта орналасқан **Жосалы қорымдары** ерте темір дәуіріне, қола дәуіріне, түркі дәуірлеріне жататын 8 қорымнан тұрады.

Қарабастау ауылынан батысқа қарай 5 – 8 шақырымдарының арасында ерте темір дәуірі заманына жататын 5 төбешіктен тұратын **Саясу қорымдары** орналасқан.

Обалар шоғыры Бауыржан Момышұлы ауылының оңтүстігінен 1,5 шақырым жерде Ақсай сайының шыға берісінде және ауыл жанындағы жолдың іргесінде қатарынан орналасқан б.з.д IV – II ғасырларға жататын 6 оба бар. Мұндай обалар Кәріқорған ауылының 5 шақырым батысында да б.з.д II – б.з. II

ғасырларына жататын 12 оба, Шыңбұлақ ауылының шығысындағы Қосмұрат сайының маңында 2 оба және 4 обалы қорым, Кеңес ауылының маңында 2 оба, 8 обалы қорымдар бар. Жеке – жеке обалар мен қорымдар Көлтоған ауылының батысында 1 обалы қорым, Шақпақата ауылының шығысында және батысында 2 обалы қорым бар.

Бұл обалар мен қорымдардың биіктігі онша биік емес 2,5 – 5 метрдің шамасын құрайды, диаметрі әртүрлі 12 – 25 метрдің арасында. Олардың орналасқан жерлеріне темір қадалар орнатылып, оған «Бұл жер мемлекеттің қорғауында» - деп жазылған. Обалар мен қорымдар микротопонимдер санатына жатады.

4. Қарауыл мұнаралар

Жуалы ауданының жерінде бізге белгілі үш қарауыл мұнарасы бар. Олардың барлығы да ауданымыздың батыс жағындағы Құлан және Боралдай тауларының шығыс жақ беткейіндегі бір – бірінен онша алыс емес. Бұл қарауыл мұнаралардың пайда болуы VIII – XII ғасырлардың аралығы.

Бірінші қарауыл мұнарасы Шақпақ ауылынан оңтүстік – батысқа қарай 2 шақырым жердегі Құлансай шатқалының шыға беріс аузына орналасқан. Бұл қарауыл мұнара VIII – XII ғасырларға жататын археологиялық нысан болып табылады.

Екінші қарауыл мұнарасы VIII – XI ғасырларға жататын төбе. Қоңыртөбе (бұрынғы Успенровка) ауылынан оңтүстікке қарай 2 шақырым жердегі Қыстаубай шатқалының шыға берісінде Боралдай тауының етегінде орналасқан.

Үшінші қарауыл төбе Кәріқорған (бұрынғы Казанка) ауылынан оңтүстік батысқа қарай 6 шақырым жерде орналасқан. Бұл қарауыл төбе X – XII ғасырларға жататын археологиялық нысан.

Бұл архитектуралық құрылыстар ерте заманда қорғаныс, қарауыл немесе белгі беру мақсатында тұрғызылған.

5. Жалғыз қорғандар

Жуалы жеріндегі бізге мәлім болған қорған төбелердің ұзын саны сегіз. Олардың пайда болу уақыты сонау ерте темір дәуірінен бастау алады, содан б.з I – II ғасырларының арасын қамтиды. Бұл қорған төбелердің орналасуы да жеке – жеке, әр аймақта бірді – екілі, көпшілік жұрт біле бермейтін жермен – жексен төбелер. Ал Билікөл аймағында төрт қорған төбелерден тұратын бір аймаққа шоғырланған Жосалы қорған төбелері орналасқан. Енді осы қорған төбелерге жеке – жеке тоқталайық:

Біріншісі жалғыз қорған төбе, Жуалы ауданының шығыс жағындағы Жаңаталап ауылынан Бауыржан Момышұлы ауылына бара жатқан автомобиль жолының сол жағында 1,5 шақырым жерде орналасқан. Бұл жалғыз қорған бізге сонау ерте темір дәуірінен жеткен өте көне археологиялық нысан.

Екінші қорған, ол да Жуалы ауданының шығыс жағында, Октябрьск ауылынан Бауыржан Момышұлы ауылына келе жатқан автомобиль жолының сол жағынан 2,5 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұл қорған төбе де ерте темір дәуірінің ескерткіші.

Үшінші қорған төбенің де пайда болу уақыты ерте темір дәуіріне жатады. Орналасқан жері Октябрьск ауылынан Бауыржан Момышұлыға қарай шыққан автомобиль жолының 2 – ші шақырымында, жолдан небәрі 20 – 24 метрдей жерден орын тепкен.

Төртінші жалғыз қорған Жуалы ауданының оңтүстік шығыс жағындағы Қырғызстанмен шектесер жерінде. Октябрьск ауылынан Аманбаев ауылына (бұрынғы Грозное) бара жатқан жолдың оң жағында 3 шақырым жерде орналасқан.

Ендігі бір осындай қорған төбелердің шоғыры Қарабастау ауылы (бұрынғы Билікөл совхозы) аймағында. Дәлірек айтқанда Тасөткелден Қарабастау ауылына апаратын соқпақ жолдың екі қапталында орналасқан. Бұл қорған төбелердің ұзын саны 6, олардың барлығы да ерте темір дәуірінің бізге жеткен ескерткіші.

Б.з.д II – I және б.з I – II ғасырларына жататын бесінші

археологиялық нысанның бірі жалғыз қорған Қарасаз ауылының аймағында. Орналасқан жері Қарасаз ауылынан шығысқа қарай 100 метр жерде орналасқан.

Алтыншы және жетінші жалғыз қорғандар Шыңбұлақ ауылының маңында. Бұл екі қорған да ерте темір дәуіріне жатады. Орналасқан жері Шыңбұлақ ауылының оңтүстік жағында 5 шақырым жерде Теріс өзенінің оң және сол жағалауында.

Сегізінші жалғыз қорған Рысбек батыр ауылы, (бұрынғы «Путь к коммунизму» колхозы) Ақтасты мекенінің маңында, Қашауыш аталатын жолдан 40 метр шығыс жағында орналасқан. Бұл жалғызданған қорған да ерте темір дәуіріне жатады.

Жосалы қорған төбелері

Ертедегі темір дәуірінің ескерткіштері саналатын Жосалы қорғандары Жуалы ауданы Билікөл ауылының солтүстігінде бір - бірінен 200 - 400 метрдей арақашықтықта орналасқан төрт төбешіктерден тұрады. Бұл тарихи ескерткіштерді алғаш рет А.Досымбекованың жетекшілігімен 1987 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының археологиялық экспедициясының отряды ашқан. Бірінші қорған төбе Жосалы – 1. Билікөл ауылының солтүстігінде 9,8 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұл қорғанның диаметрі 15 метрдей де, ал биіктігі 1,5 метрді құрайды.

Екінші қорған төбешік Жосалы – 2. Билікөл ауылының солтүстік батыс жағында, 10 шақырым қашықтықта салынған. Бұл қорған төбенің диаметрі 10 метр шамасында да биіктігі 1 метрді құрайды. Ол қорған негізінен тас пен құм араластырылып салынған төбешік пішіндес болып келген.

Жосалы - 3 қорған төбешігі. Билікөл ауылының солтүстік батысында Тараз - Қаратау автомобиль жолының оң қапталында, Саясу асуынан басталатын бұлақтың сол жағалауынан орын тепкен. Бұл қорған төбешіктің диаметрі 18 метрді ал биіктігі 1,5 метрді құрайды. Қорған төбешік пішіндес болып келген.

Жосалы - 4 қорым қорғаны. Билікөл ауылының солтүстік - батыс жағында 10,7 шаршы шақырымдай жерде орналасқан. Бұл қорым төбешіктер 11 қорғаннан тұрады. Олардың диаметрлері әртүрлі; 3 метрден - 10 метрге дейін ал, биіктіктері 1 метрдей болады. Олардың кейбіреулері биіктіктері әртүрлі, диаметрі 20 метрден астам жерге қадалған тастар тізбегімен қоршалған.

1987 жылы бұл қорғандардан археологиялық қазба жұмысы барысында скиф, үйсін, қаңлы тайпаларына тән қолдан жасалған сақина, сырға сынды зергерлік бұйымдар, құс суреті бар жапсырмалар, барыстың суреті бейнеленген заттар, садақтың оғы сияқты көптеген заттар табылған.

Тарихшы ғалымдарымыз бұл қорғандарды б.з.д II ғасыр мен б.з IV ғасырлар аралығына жатқызады.

Аталған төрт қорған төбелердің барлығының да салынуы біртекті, тас пен құм араластырып салынған. Бұл ертедегі темір дәуірінің ескерткіштері саналатын қорған төбелерде қазба жұмыстары жүргізілмеген. Жосалы қорған төбелер салынған аймақтың топырақ құрамы қызыл киыршықты болып келеді де онда бояу жасалатын жоса өсімдігі өседі. Сондықтан бұл жерді жұрт «Жосалы» деп атайды. Жамбыл облысының энциклопедиясында бұл қорған төбелердің Жасалы деп көрсетілуі дұрыс емес. (Жамбыл облысының энциклопедиясы. Алматы 2003.)

6. Бекіністер мен қоныстар

Жуалы аймағындағы өткен ғасырлардан бізге жеткен археологиялық нысандар - бекіністер мен қоныстар. Бекіністер саны – 3, бекіністердің барлығы VII – XI ғасырлардағы археологиялық нысандарға жатады.

«Бекініс, қорған, қамал – тұрақты әскері, қару жарағы бар, қажетті азық – түлік, т.б нәрселермен қамтамасыз етілген, әскери – стратегиялық тұрғыдан маңызды, жау қоршауында қалған жағдайда ұзақ уақыт қарсыласуға мүмкіндігі мол әскери тұрақ. Бекіністер алғашында топырақ үйіндісімен, таспен, ағашпен т.б материалдармен қоршалған елді мекен түрінде

болады. Ал көшпелілер әскерлері жылжымалы бекіністер құру әдістерін де қолданған.» (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы Алматы, 2004, 2Т, 264 бет)

Бірінші **Қарабастау бекініс** орны Билікөл аймағындағы Қарабастау ауылынан шығысқа қарай 2 шақырым жерде, Тараз – Қаратау автомобиль жолынан 100 метр жерде орналасқан. Бұл бекініс VII – XII ғасырлардың археологиялық ескерткіші болып саналады.

Екінші **Көлтоған бекінісі**. Көлтоған ауылының аймағында. Ол VII – XI ғасырларға жататын бекініс болып саналады. Орналасқан жері Көлтоған ауылынан оңтүстікке қарай 2 шақырымдай жерде Көлтоған тоғанының шығыс жағында. Бекініс төбешіктің биіктігі 10 метр шамасында.

Үшінші **Шақпақата бекінісі**. Ол да жоғарыдағы Қарабастау, Көлтоған бекіністері сияқты VII – XI ғасырларға жататын археологиялық нысан. Орналасқан жері Шақпақата ауылынан оңтүстік – шығысқа қарай 1,5 шақырым жердегі шағын төбешік.

Жуалы аймағындағы қоныстар саны төртеу. Олар Қарабастау қоныс тепесі, Мүрделітөбе қонысы, Қарасаз қонысы және Қоңыртөбе қонысы. Бұлардың барлығының пайда болуы мен өмір сүру уақыттары да шамалас.

Қарабастау қоныс тепесі. (Қарабастау ауылының жанында болғандықтан осылай атадық) Билікөл аймағына қарасты Қарабастау ауылының солтүстік – батыс жағында 1,5 шақырым жерде орналасқан, қазіргі сипаты биіктігі орташа төбешік. Қарабастау қоныс тепесі VIII – XII ғасырларға жатады.

Екінші **Қарасаз қонысы**. Қарасаз ауылының аймағында орналасқан. Орналасқан жері Қарасаз ауылынан солтүстікке қарай 1 шақырым жерде Зыковка ауылының жанында, Бауыржан Момышұлы – Қошқарата автомобиль жолының бойында. Қоныстың дәл жанынан Шақпақ өзені ағып жатыр, төбенің батыс жағын су шайып жарлауыт болып қалған.

Қоныстың биіктігі 15 – 16 метрдей ал алып жатқан аумағы 0,7 гектердай. Бұл жерде қазір Қарасаз, Зыковка ауылдарының ескі бейіті бар. Қоныс тұрғындары VII – XI ғасырлар арасында

өмір сүрген.

Үшінші **Қоңыртөбе қонысы** Шақпақ ауылдық округіне қарасты Ынтымақ ауылының оңтүстік шығыс жағында орналасқан. Бұл қоныс та Қарабастау мен Қарасаз қоныстары сияқты VII – XI ғасырлардың аралығындағы архитектуралық нысан болып саналады.

Қоңыртөбе қонысының шығыс жағынан Шақпақ өзені ағып өтеді. Қоныс төбенің шығыс жағының үштен бірін өзен суы шайып, биік жар болып қалған. Жергілікті жұрт оны осы сипатына қарай «Жартытөбе» деп атайды. Бұл жерде қазір Шегір руының бейіті бар.

Төртінші **Мүрделітөбе қонысы** - VII – XII ғасырларға жататын ескі тарихи археологиялық нысан болып табылады. Орналасқан жері Билікөл аймағындағы Қарабастау ауылының солтүстік батысында 3 шақырым жерде. Мүрделі төбе қонысының жанынан 150 метрдей жерден Тараз – Қаратау автомобиль жолы өтеді.

Мүрделітөбе - ежелгі бекініс орнын 1938 жылы А.Н.Бернштамның жетекшілігімен Жетісу археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде ол жерден табылған қыш құты, керсен, күбі сынықтары сияқты заттардың жасалу тәсілдері мен пішіндеріне қарап мекен тұрғындарының VIII - XII ғасырларда өмір сүргендігін шамалаймыз. Мүрделітөбенің қазіргі көрінісі жалпақтау келген төбе. Мұнда қазба жұмыстары жүргізілмеген.

Біз Жуалы аймағындағы ерте темір дәуіріндегі болған обалар, қорымдар, қорған төбелерді жазғанда осы өңірде бірнеше жылдай зерттеулер жүргізіп үлкен еңбек сіңірген тарих ғылымының докторы, профессор Күзенбай Байбосыновтың материалдарын пайдаландық.

Шақпақ әулие үңгірі.

Жуалы ауданының Шақпақ елдімекенінің жанындағы Шақпақ тау жотасының батысында «Шақпақ әулие» аталатын шағын үңгір бар.

Шақпақ әулие үңгірі түрлі пішіндегі жақпар тастардың етек

жағында орналасқан аузы солтүстікке қараған шағын үңгір. Оның тереңдігі 6 метр ал биіктігі 2,5 метр болады.

Шақпақ әулие туралы Ә.Байбатшаның еңбегінде, «Біздің дәуірімізге дейінгі заманның соңында өмір сүрген Шақпақ әулие (Үйсіннің 12 - ші ұрпағы) мекендеген жер Шақпақ ата деп аталады» - деген мәлімет келтірген. (Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы 2002, 170 б)

Бұл үңгірді жұрт әулие санап ауру - сырқаулар мен тумаған әйелдер басына түнеп зиярат етіп жатады. Үңгір алдындағы шеттікке ырым етіп шүберек байлайды.

Шақпақ әулие үңгірі туралы ел аузында түрлі - түрлі аңыз әңгімелер айтылады. Соның бірінде Шақпақ әулие Шақ және Пак деген егіз кісі екен. Осы жерде оларды қарақшылар өлтіріп кетіпті. Олардың әруақтары түйе болып, тазы болып осы маңда жүреді екен делінеді.

Шақпақ әулие үңгірінде шырақшы болып жүрген Дербіш Дүйсенбіұлы үңгір маңындағы тастар туралы: «Мына тастардың барлығының өз аттары бар, мысалы: «Жігіт пен қыз», «Арыстан тас», «Басын кескена адам», «Төрт бура», «Екі басты айдаһар», «Бүркіт әулие», «Құмай тазы» т.б.б деп түсіндіреді.

Шақпақ әулие үңгірінің төңірегіндегі тастарда аппақ, бір - біріне ұрғыласа от шығатын шақпақ тастары кездеседі. Бұрынғы кезде осы тастардың ортасына мақта қойып ұрғылау арқылы от тұтатқан екен.

7. Ұлы Жібек жолының Жуалыдағы сілемдері

Ұлы Жібек жолы біздің заманымызға дейінгі III – II мыңжылдықтарда елшіліктің және сауда – саттықтың тұрақты желісі ретінде қызмет атқара бастағаны бізге тарихтан белгілі. Ол Қытай мен Батыс елдерін байланыстыра Тынық мұхиты мен Жерорта теңізі аралығындағы сауда мен мәдени қарым – қатынастардың күре тамыры болғандығы аян.

Қазақ даласының барлық аймақтарын қамтитын Ұлы Жібек жолының ең басты жиһазы жібек болған. Алтынмен бірге ол халықаралық валюта ретінде пайдаланылған, оны хандар мен

елшілерге тарту еткен, мемлекеттік қарыздарды жібекпен төлеген. Қазақ жеріндегі табылған археологиялық олжалар соның айғағы.

Ұлы Жібек жолына байланысты қарым - қатынастар Бадахшан тауларында көктас, ал Жаркентдария өзенінің жағалауы мен Хотан аудандарында нефрит кеніштерінен кен қазылуы себепті жолға қойылған болатын. Бадахшанның көктасы Иранға, Мысыр мен Сирияға, Анадолға ал І мыңжылдықтың орта кезеңінде Қытайға жеткізілді. Осы «Көктас жолымен» қатар Шығыс Түркістанды Қытаймен байланыстырып отырған «Нефрит жолы» болғандығы Е.И. Лесниченконың (Великий Шелковый путь // Восточный Туркестан в древности и раннем средновековье 1956, №1, 33б) және Қазақстан тарихының 1 томында көрсеткен. (Қазақстан тарихы I том. 492 бет.)

Ұлы Жібек жолы туралы тарихи фактілерге сүйенсек 629 жылы Қытайдан шыққан буддалық тауап етуші Сюань – Цзян ертедегі және орта ғасырлардағы құрлықаралық ұлы жолға атын берген жібек туралы алғашқы деректерді жазып қалдырған. Ал «Дала жолының» б.з.б І мыңжылдықтың орта кезінде жандана бастағаны туралы Геродоттың жазбаларында да кездеседі.

VI – VII ғасырларда Қытайдан батысқа Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін жол жандана түсті де елшілер мен сауда керуенінің көпшілігі осы жолмен жүрді. Оның негізгі бағыты Сирия – Иран – Орта Азия – Оңтүстік Қазақстан – Талас аңғары – Шу аңғары – Ыстықкөл ойпаты – Шығыс Түркістан болды.

Қазақстан тарихының I томында батыстан шығысқа қарай жүріп өткен Жібек жолының Қазақстандағы бөлігі былайша көрсетілген: «Жол Шаштан (Ташкенттен) шығып, Тұрбаттағы асу арқылы Жібек жолындағы аса ірі орталықтың бірі Испиджабқа беттейді. Испиджабтан керуендер Шығысқа, Шарап, Будухкет қалалары, Тамтаж (Түлкібасы) және Абараж керуен сарайлары арқылы Таразға беттейді». (Қазақстан тарихы I том. 495 бет.)

Ұлы Жібек жолының негізгі арнасына орналасқан Жуалы жеріне қатысты деректер Убейдаллах ибн Абдаллах ибн Хордадбектің күнделіктерінде келтірілген. Онда Тамтаждан кейін Ұлы Жібек жолының керуені Абараж, (Мыңбұлақ - Шақпақ станциясының оңтүстігіндегі қалашық) онан кейін Баркуаб (Теріс

өзенінің оң жағалауындағы керуен бекеті) онан әрі қарай Шаугар (Күйік асуындағы Күркіреусуға жақын жердегі керуен бекеті) арқылы Жувикеттен Таразға жеткендігі айтылады. Бұл мәліметті Бағдадтың жиһангер Кудама ибн Жафар да X ғасырдың басында қайталайды.

Мұндағы көрсетілген Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Абараж, Баркуаб, Шаугар қалашықтарының қатарына Шақпақ қалашығын сол сияқты Қайрат елдімекенінің үстіңгі жағындағы «Нан жер» аталатын VII – XII ғасырлардағы және Көлтоған ауылының үстіңгі жағындағы VIII – XII ғасырлардағы аты жоқ қалашықты қосу қажет. Өйткені Ұлы Жібек жолы Шақпақ асуы арқылы асып, Алатаудың етегімен жүріп отырып аталған қалашықтар арқылы Таразға бет алған.

Жоғарыда көрсетілген Ұлы Жібек жолының негізгі арнасынан басқа жолдың бір тармағы Кіші Қаратаудың солтүстік бөктерімен өткен. Ол туралы Аль – Макдисидің 985 жылы жазған күнделігінде келтіріледі.

Қазақстан тарихында бұл жол туралы былай жазылған: «Армян патшасы Гетум мен монах Рубрук солтүстік Арал өңірінен Монғолияға осы жолмен сапар шеккен. Бұл жолдың бойында Созақ, Ұрысоған, Құмкент, Сөгілкент қалалары орналасқан. Жол Таластың төменгі ағысына шығарып, одан жоғары өрлеп, Таразға көтерілген, Билікөлдiң батыс жағасын бойлап, Берукет – Паркет, Құттықшын қаласы арқылы тағы да сол Таразға жеткен.(498 – 499беттер.)


Ұлы Жібек жолының Жуалыдағы сілемдері төмендегі суретте көрсетілген. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Жібек жолының негізгі торабынан солтүстік пен шығыс бағытқа жолдар шығып, олар Орталық және Шығыс Қазақстан аудандарына, Дешті қыпшақ даласы, Ертіс жағалауы мен Алтай арқылы Монғолияға апаратын болған.

Ұлы Жібек жолының Жуалы жері арқылы өтуі жоғарыдағы аты аталған қалалардың өсіп, көркейуіне септігін тигізген. Осы кездегі жер қазу жұмыстары кезінде әсіресе Шақпақ қалашығының шығыс іргесіндегі Керуен сарайдан, Қайрат және Көлтоған елдімекендерінің оңтүстік жағындағы бейіт маңдарынан

көптеген ыдыс – аяқтар, құмыралар қыштан жасалған т.б әшекей бұйымдар сияқты айғақтар табылып жатады. Бірақ бұл табылған бұйымдар мұражайларға жетпей, жеке адамдардың қолында қалып қоюда.

Ұлы Жібек жолының Қазақстан үшін маңызы бар, ол арқылы біз өткен тарихымызды танимыз. Осы Ұлы Жібек жолы өткен Абараж, Баркуаб, Шақпақ, Шаугар сияқты қалалар мен бекеттердің орындарына ескерткіш тақта орнатылып, заттай айғақтардан мұражай ұйымдастырылса оның келер ұрпақ үшін танымдық және тағылымдық маңызы мол болар еді.

Ұлы Жібек жолының Жуалыдағы сілемдерінің картасы



8 Жуалы аймағындағы ортағасырлық қалалар

Абарджадж қаласы

Бірқатар оқулықтар мен тарихи кітаптарда аты аталатын Мыңбұлақ - Абарджадж қалашығы туралы деректер Қазақстан тарихының I томында «Абараж қаласы» - деп көрсетілген.

Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Теріс өзенінің

алабы ежелден - ақ Мыңбұлақ аталған екен. Бұл жердің толық сипаттамасын алғаш шамамен 630 жылы осы аймақта болған қытай жиһангері Сюань - Цзян жазып қалдырған екен. «Мыңбұлақ елінің территориясы шамамен 200 шаршы ли болады, оның оңтүстігін қарлы таулар (Алатау) шектейді, ал қалған үш жағы біркелкі жазық. Көктемде жердің беті масаты кілемдей құлпырады. Бұл жерде кәусар сулы сансыз бұлақтар ағып жатады, сол себепті «Мың бұлақ» аталған» - деп көрсетеді. (Ә.Байбатша Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы: Санат, 2002)

Мыңбұлақ туралы Араб жиһангері Убейдаллах ибн Абдуллах ибн Хордадбек (846 жылы) және Кудама ибн Жафар (X ғасырдың басында) өздерінің қолжазбаларында, Абарджадж үлкен төбе, оның айналасынан мындаған бұлақтар ағып шығады, олар қосылып бір өзен құрайды. Өзен шығысқа қарай ағады, сондықтан оның аты Баркуаб, аудармасы «кері бағыттағы ағатын өзен» дегенді білдіреді – деп сипаттаған. Бұл қазіргі Теріс өзені.

Осы жерге VIII ғасырдың басынан белгілі болған, жақсы бекіністері бар Абарджадж қаласын Батыс Түрік қағанатының қағаны Ышбара хан 651 жылы салып, өзінің ордасын осында көшіріп әкелген. Қаланың оған дейінгі аты Мыңбұлақ болған деген мәліметтер келтіреді.

Жамбыл облысының энциклопедиясында: «Ышбара хан (Халлығ, Хэлу 651 - 669ж.ж) Батыс Түрік қағанатының оныншы және соңғы ханы, Істеми ханның ұрпағы делінген. Оның шын есімі белгісіз, Батыс Түрік қағанатының саяси тарихында 640 - шы жылдардан бастап көріне бастайды, Мыңбұлақ деген жерде өзіне арнап бекіністі қала салдыртады» деп жазылған.

Ызбарлы хан туралы Л.Гумилев оның атын Шабало - хан Ашина Хэлу немесе Халығ, Шабало - деген хан қытайша аты, оның мағынасы «айбарлы» «күдіретті» ал түрікше Ышбара деп түсіндіреді. Ол «651 жылдың жазында Дулыханның бұрынғы жерлерін басып алады. Ол өзі мен өзінің жасауылына арнап, Мың бұлақ алқабынан бекіністі қала салдырады, ал баласына «Баһадур - жабғы» лауазымын береді. (Л.Гумилев. Көне түріктер. Алматы, 1994, 103 бет)

Ұлы Жібек жолының негізгі арнасында орналасқан қалалар мен керуен бекеттері туралы деректі Араб географы, мемлекеттік байланыс қызметкері Убейдаллах ибн Хордадбек 846 - 847 жылдары жазған күнделігінен үзінді келтірейік: «Испиджабтан (Сайрам) Будухкетке келдік, одан Тамтаджға, (Түлкібас) одан Абарджаджға (Мыңбұлақ) 4 фарсах жол жүрдік, одан Баркуабтағы (Теріс) бекетке дейін 6 фарсах жол жүріп Жувикет арқылы Таразға жеттік» – деген. Көрсетілген қалалар мен керуен бекеттерінің ара қашықтығы 28 - 30 шақырым барын болжау қиын емес. (1 фарсах 7 - 8 шақырымға тең)

Аль - Макдисидің 985 жылы жазған деректерінде Абарджадж қаласын Барджах қаласы деп көрсетеді.

К.Байпақов «Қазақстанның ежелгі қалалары» - атты еңбегінде, Абарджадж (Барджадж) қаласы туралы төмендегідей мәлімет береді.

«Бұл қала Испиджабтан шығысқа қарай 17 фарсах жерде орналасқан. Қала және оның төңірегі туралы жазған ІХ ғасырдағы араб географы ибн Хордадбектің айтуына қарағанда, «Абарджажда арнасынан шығысқа қарай бағыттап жатқан «Баркуаб» деп аталатын, яғни теріс ағатын су дегенді білдіретін мың бұлақ бар» екені белгілі. Архелогтар қаланың орнын іздеуде осы Баркуаб өзенін басты бағдарға алды. Оның орналасқан жері - Бурное, қазіргі Б.Момышұлы атындағы ауылдың маңы. Ауылдың сыртында VII - XII ғасырларға жататын қалашық бар. Ол Абарджадж қаласы болуы мүмкін» - делінген. (К.Байпақов Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы: Аруна 2005, 256б.)

Абарадж қаласы туралы барлық деректерді қарастыра отырып негізін 651 жылы Ызбарлы Халық хан қалаған қала 1219 жылы Шыңғысханның шапқыншылығынан өзінің өмір сүруін тоқтатқан сияқты. Есептеп қарасақ қала 568 жыл өмір сүрген деген болжам жасауға болады.

Осы жазба деректерді саралай отырып Абарадж Ұлы Жібек жолындағы Қытай мен Батыс елдерін жалғастырып отырған сауда мен мәдени қарым - қатынастың қаласы болғандығын көреміз.

Кезінде қытай, араб жиһангерлері тамсана жазған Мыңбұлақ мекені, айналасы биік дуалмен коршалған, биік мұнаралы, кіріп

шығатын қақпалары бар Абарадж қаласы Ұлы Жібек жолының бойындағы Құлантаудың аузында орналасқан. Қаланың қазіргі орны Жуалы ауданының Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібасы ауданымен шектесер жеріндегі Шақпақ темір жол станциясынан оңтүстікке қарай 1 шақырымдай жерде. Батыс жағында Шақпақ белі мен Құлантау жотасы арқылы жапсарласып жатқан төбеден іргелес жатқан екі ауданның көз жетер аймағы алақандағыдай айқын көрінеді.

Тарихи деректердегі айналасы биік дуалмен қоршалған арнайы мұнаралы, қақпалары болғандығын қаланың қазіргі сұлабасы нақтылай түседі. Қазіргі кезде төбенің айналасындағы егінді алқапты өңдеп, жер жыртқанда бұл жерден қаланың болғандығын айғақтайтын көптеген қыш, керамикалық ыдыс - аяқтардың, қыпшақ кірпіштерінің сынықтарын кездестіруге болады. Бірақ қала орны әлі күнге дейін арнайы зерттелмеген.

Адыраспантөбе


Адыраспантөбе - Жуалы ауданының «Дихан» ауылының жанында Алматы - Ташкент автомобиль жолынан солтүстікке қарай 400 - 450 метрдей жерде орналасқан ортағасырлық қаланың орны. Бұл қалашық туралы дерек жоқтың қасы. Тек қана Қазақ ССР - інің энциклопедиясы мен Жамбыл облысы энциклопедиясында ғана қысқаша мәлімет келтірілген.

Адыраспантөбе қалашығы дөңес жерге салынған, екі сатылы алаңнан тұрады. Бірінші (жоғарғы) алаңның жалпы аумағы 180x180м. Оның ортасында төрт бұрышты кішігірім бекіністің калдығы бар. Екінші (төменгі) алаңның аумағы 100x100м. Қалашық айнала 1,5 - 2 метрдей ал қалыңдығы 5 – 6 метр дуалмен қоршалған. Адыраспантөбенің батысында диаметрі 30 метрден астам биіктігі 2 метр шамасында дөңес тұр.

Қалашық сай қабағында салынған, шығыс жағы егін салу үшін жыртылып тегістеліп кеткен. Табылған ыдыстар мен құрылыс бұйымдарына қарағанда қала тұрғындары VIII - X ғасырларда мекен еткен - деп тұжырымдауға болады.

Қазіргі кезде ол жерде Байтана руының ескі бейіті бар. Табылған заттарға қарап қала тұрғындары егін салып, мал

шаруашылығымен айналысқан - деп топшылаймыз.



Адыраспантөбе қалашығының жобасы.

Шартты белгілер: 1-қамал, 2-дөңес, 3-бұлақ, 4-қақпа

Аққұм

Аққұм - Билікөл көлінің маңында Аса өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан ортағасырлық қала. Бұл қала жұртын Г.И.Пацевичтің жетекшілігімен 1941 жылы Жамбыл облыстық археологиялық пунктінің экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қала жұртының қазіргі сырт көрінісінің аумағы 50 метрден астам, ал биіктігі 5 метрден асатын шағын төбешік.

Бұл жерде күрделі қазба жұмыстары жүргізілмеген. Қалашық тас пен топырақ араластырылып салынған. Қазба жұмысы кезінде табылған қыштан жасалған құмыралардың, ыдыстардың сынықтарына қарағанда қалашық VII -XI ғасырларда тіршілік еткен деп топшылауға болады. Қалашықтың тұрғындары жер өңдеумен және мал өсірумен айналысқан қоныс болып табылады. (Бұл мәліметтер С.Жолдыбаевтың «Археологическая карта Казахстана» Алма - Ата 1960 атты еңбегінен алынды).

Баркуаб


Баркуаб ортағасырлық қалашығы. Бұл қалашық Жуалы ауданындағы Теріс өзенінің оң жағында шамамен 500 - 600

метрдей жерде орналасқан. Бұл қалашықты XIX ғасырда В.В.Бартольд және В.А.Каллаурлар зерттеу жұмыстарын жүргізген, алайда қазба жұмыстары әлі күнге дейін жүргізілмеген.

Бұл қалашық бірқатар тарихшылардың және саяхатшылардың еңбектерінде аталған. Ә.Байбатша, Түркібасы өлкесімен Теріс өзенінің бойына орналасқан қалалар мен бекеттер, Мыңбұлақ (Абарджадж) қорған - қаласы арқылы жүріп, Шақпақ белінен асып, Арыс өзенін жағалап, Ұлы Жібек жолының негізгі желісі өткен деп жазады.

Ұлы Жібек жолының негізгі арнасында орналасқан қалалар мен керуен бекеттері туралы алғашқы толық деректі Араб географы Убейдаллах ибн Абдаллах ибн Хордадбек 846 - 847 жылдары жазған шығармасында деректер келтіреді. Осы деректерден үзінді келтірейік: «Тамтадждан (Түлкібасы) шыққан керуен Абарджаджға (Мыңбұлақ) дейін 4 фарсах жол жүрген, одан Баркуаб (Теріс) бойындағы қалашыққа дейін 6 фарсах» - деп көрсетілген. Осы деректерді X ғасырдың басында Бағдад халифінің сарай қызметкері Кудама ибн Жафар да қайталайды.

Баркуаб қалашығының жобасы




Бірінші қала орнының жобасы

Аль - Макдисидің 985 жылы жазған шығармасында, Ұлы Жібек жолының негізгі арнасынан басқа жаңа тарауларындағы қалалар да аталады. «Тамтадждан Абарджаджға дейін екі пошта бекеті, одан Теріс өзеніндегі бекетке дейін күндік жол, одан Шауғарға дейін жарты күн, одан Таразға дейін екі пошта бекеті» деп жазады. (Ә.Байбатша. Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы, 2002, 182б)

Бұл ортағасырлық қала жұрттары қатар жатқан үш төбешіктерден тұрады.

Бірінші төбешіктің жалпы ауданы 160x100м шамасында, қабырғалары құбылаға қараған, бұрыштары доғал тік төртбұрыш болып келген. Төбешіктің үстінде биіктігі әр түрлі 4 алаң бар. Олардың ең тапалы оңтүстік алаң, биіктігі 2 метр шамасында аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай 27 метр, батыстан шығысқа қарай 55 метрді құрайды.



Екінші төрткүл төбе мен Үшінші қалалашықтың жобалары

Екінші алаңның биіктігі 6 метр шамасында, аумағы 50x25 метр жерді алып жатыр. **Үшінші** алаңның биіктігі 15 метрдей, ал аумағы 12x8 метрді құрайды. Оған іргелес **Төртінші** алаң жатыр, оның аумағы 90x70 метр. Бұл қалашықты зерттеген ғалымдар оны б.з VII - X ғасырларына жатады - деп керсетеді.

Қаланың орналасқан жері қазіргі Теріс өзенінің оңтүстігінде Бақалы елдімекенімен іргелес жатыр.

1989 жылы археологтар, бұрын облыстық мұражайдың ғылыми экспедициясы тапқан көне қоныс орнына қазба жұмысын жүргізеді. Көне деректерде Теріс өзені «Баркубе» деп аталады екен. Өзеннің сол жағында орналасқан бекініс орны жаудың шабуылынан қорғану үшін шығыс жағы өзеннің жарқабағына тіреліп, қалған жақтарын биік күшті дуалдармен қоршалғандығына қазіргі іздері куә.

Қазба жұмыстары кезінде кірпіштен қаланған үйдің қабырғасы, оның ішінде әр түрлі ыдыстардың калдықтары табылды. Сондай - ақ осында мекендеген адамдардың егіншілікпен және балық ұстаумен айналысқандығын дәлелдейтін көптеген құнды деректер табылды.

Бақалы ауылының батыс іргесіндегі шеткі үйдің ауласынан жертөле қазып жатқан кезде тат басқан өрнектелген темір есік табылғандығына сол жердің тұрғындары куә болған.

Бұл аталған қала орындары әлі күнге дейін түбегейлі зерттелмеген.

Екінші - төрткүл төбе

Екінші - төрткүл төбе қалашығының жалпы аумағы 120x104 метр. Қалашықтың оңтүстік жағы 10-15 метрлік терең ормен, ал қалған үш жағы 2 - 2,5 метрдей дуалмен қоршалған. Осы қалалардың оңтүстік және батыс жағында шаһристанның орны жатыр. Оның айналасы топырақ дуалмен қоршалған ал бұрыштарында төрт мұнара болған. Шаһристанның жалпы аумағы 460x220м. Қамалдың солтүстік - шығыс бұрышында 20x20м болатын алаң орналасқан, айналасы дуалмен қоршалған. Бұл төрткүл төбе қалашықты ғалымдар X - XII ғасырларға жатқызады.

Үшінші қала

Үшінші қала орны бұрыс бұрышты алаң тәріздес, жалпы аумағы 300x180 метрдей, ал биіктігі 2 метр. Кезінде қала дуалмен қоршалып оның әр жерінде мұнаралар болғаны қаланың қазіргі сұлабасынан байқауға болады. Бұл қаланың оңтүстігінде сегіз қырлы қамал болған, қырларының ұзындығы 50 - 68 метр. Қамалдың оңтүстігінен басқа жағы дуалмен қоршалған, іргесінің жалпақтығы 6 метр, бұрыштарында мұнаралардың орны байқалады, олардың биіктіктері 3 - 4 метр, диаметрі 10x12 метр. Қамалдың солтүстік бөлігінде ғимараттың орны сақталған, аумағы 28 - 32 метр айналасы дуалмен қоршалған да бұрыштары мен ортасына мұнара орнатылған. Қалаға кіретін 2 қақпаның батыстағысын 1 мұнара, шығыстағысын 2 мұнара қорғап тұрғаны байқалады. Қала X - XII ғасырларда өмір сүрген деген болжам бар.

Бұл ортағасырлық қалалар туралы деректер Қазақ совет энциклопедиясында және Жамбыл облысының энциклопедиясының 191 - 192 беттерінде жазылған. Онда бұл қала жұрттары Бурнооктябрь I, II, III - деп көрсетілген, себебі ол Жуалы ауданындағы ауылдың атымен шартты түрде (осы ауылдың жанында болғандықтан) осылай жазылған.

Белгісіз қалашық

Жуалы ауданының аймағында әлі де сыры ашылмаған бірнеше қорғандар мен кішігірім қалашық, бекеттердің орындары сол сияқты қолдан үйілген төбелер көптеп кездеседі. Солардың бірі Қайрат ауылының оңтүстігінде 2 шақырымдай жерге орналасқан белгісіз қалашық. Бұл қалашықтың өмір сүру кезеңі VIII – XII ғасырларға жатады. Ол жерден табылған заттай айғақтар бұл көрсетілген аралықты дәлелдей түседі.

Осы белгісіз қалашықтың қазіргі орнын жергілікті жердің халқы «Нан жер» деп атайды. Қариялардың айтуынша бұрынғы кезде қарапайым халық осы Жібек жолының бойында орналасқан жерге келіп, нан табатын болған деп айтады. Ал, зейнеткер, тарихшы Қадыров Сәттің бала кездегі қариялардан естіген әңгімесі бойынша, бұл аймақтың жері өте құнарлы әрі сулы, бидай өсіруге өте қолайлы болғандықтан «Нан жер» - аталған

деп баяндайды.

Осы қорғандардың үстінде қазір Қайрат ауылының Байтана және Құли руларының бейіті бар. Қаза болған мәйітке жер қазғанда көптеген құмыралар, мал сүйектері, әшекей бұйымдар табылған. Ол құмыралар алғашында ауыл мешітінде сақталды да, кейін облыстық мұражайға өткізілді. Дәл осындай екі құмыраны жер қазып жатып Көлтоған ауылының тұрғыны Дәулет Байсейітов та тауып алған, оның біреуінің формасы өте ерекше және бұрын ешбір жерде кездестірілмеген құмыра болған. Екінші құмыра - Қазақстан территориясындағы ортағасырлық кезең формасына жатады.

Белгісіз қалашықтың орнындағы төбелердің көлемдері әртүрлі. Біріншісінің аумағы 50 метрге дейін, ал биіктігі 2,5 метрдей болатын, екінші төбешік жалпақ, созылыңқы келеді, биіктігі 2 метрдей ал ұзындығы 35-40 метрдей. Екі төбешіктің ара қашықтығы 300 метрдей. Бұл қалашық бекет тәрізді Жібек жолының бойында болған. Оның оңтүстік Алатау жағындағы «Көктөбе» аталатын жер қырғыздармен соғыс кезіндегі қолдан үйілген төбе болғандығы жөнінде деректер ел аузында айтылады.

Қырықкүрзі



Қырықкүрзі - орта ғасырдағы шағын қала. Орналасқан жері Жуалы ауданының Шақпақ ауылынан солтүстік батысқа қарай 5 шақырым жерде. Бұл шағын қалашық туралы ешқандай кітапта мәлімет жоқ. Тек қана Жамбыл облысы энциклопедиясының 389 бетінде қысқаша мәлімет берілген, Онда бұл қалашықтың орнын 1940 жылы Жамбыл археологиялық пункті (жетекшісі Г.И.Пацевич) ашқандығы айтылады. Қырықкүрзі көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 114 метр, ал батысынан шығысына қарай 220 метр көлемі тік төртбұрышты төбешік. Айналасы топырақ үйіндісімен биік етіп қоршалған батыс және шығыс бетінде 11 мұнара ал, оңтүстігі мен солтүстік жағында 17 мұнара болған (барлығы 28 мұнара). Мұнаралардың биіктігі 1 метрден 1,5 метрге дейін ал диаметрі 10-11 метрдің шамасында.

Қырықкүрзі ортағасырлық қалашығының орны туралы Жамбыл облысының энциклопедиясындағы мәліметке сүйеніп

Шақпақ ата елдімекенінің солтүстік батысына қарай көрсетілген орында ешқандай қалашықтың белгілері жоқ екендігіне көзімізді жеткіздік.

Алайда Шақпақ ата елдімекенінің солтүстік батысында 8 шақырымдай шамасындағы Шақпақ деген жерде тұрғындары 150 - ге шамалас шағын елдімекен болған. (Оны жұрт ескі «шахта» деп атайды, 1983 жылға дейін №15 кәсіптік техникалық училище болған.)

Осы айтылған жерден 6-7 шақырым шамасында Құлантаудың қойнауында көлемі жағынан Қырықкүрзіге шамалас келетін таспен қоршалған белгісіз қалашықты біз осы Қырықкүрзі деп топшылаймыз. Бұл қалашық Жуалы жерімен өтетін Ұлы Жібек жолының сұрлеуінен едәуір алыс жатыр.



Қырықкүрзі қалашығы мен Көлтоған қорғанының орны

Шауғар қалашығы

Бұл қалашық туралы деректер онша мардымды емес, тіптен жоқтың қасы. Ол туралы Қазақ ССР - інің энциклопедиясы және Жамбыл облысының энциклопедиясында да ешқандай дерек жоқ. Алайда, бұл қалашық туралы біршама деректер Ә.Байбатшаның еңбегінде кездеседі. Кітаптың, Ұлы Жібек жолы тарауында Кудаманың жазбасынан үзінді келтірген. «Баркуаб бойындағы өлкеден Шауғарға (Қайрақтас тауына) дейін 3 фарсах. Шауғардан Жувикетке елсіз даламен жүргенде 3 фарсах. Жувикеттен Таразға дейін жайылым мен елді жермен жүргенде 2 фарсах» - деп көрсетеді.


Аль - Макдисидің 985 жылы жазған шығармасында да бұл қалашық туралы дерек келтірілген: «Будухкеттен Тамтаджға дейін күндік жол, одан Абарджаджға дейін екі пошта бекеті, одан Теріс өзеніндегі бекетке дейін түстік жол, одан Шауғарға дейін жарты күн, одан Таразға дейін екі пошта бекеті» деп баяндайды.

Осы кітаптың 177 бетінде осы өлкедегі ежелдегі мал шаруашылығы, егіншілікпен қатар әртүрлі кәсіпшілік туралы деректер келтіріле келе «Күйік асуындағы Шауғар қаласының шеберханасында Қаратаудың тақтатастарынан қайрақ тас дайындалған» - деп көрсетеді. (Ә.Байбатша Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы: Санат, 2002.)

Біз бұл қалашықтың орны жоғарыдағы келтірілген деректер бойынша Күйік асуына жақын маңдағы Күркіреусу елдімекенінің жанында, Жаңа талап ауылының солтүстік шығысында 6,5 - 7 шақырымдай жерде орналасқан аумағы 2,5 гектардай жерді алып жатқан төбешік деп есептейміз. Бізге қаланың орнын керсетіп осы жорамалымызды бекіте түскен Жаңа талап ауылының қариясы Әлімұлы Сапаш деген кісі болды. Сол төбешіктің төңірегінде егінге жер жыртқан кезде көптеген көне ыдыс - аяқтар мен ескі кірпіштердің сынықтарының табылуы осы болжамға дәлел бола алады. Себебі Ұлы Жібек жолы Тараз қаласына осы маңнан өткендігі деректерден белгілі. «Шауғар» сөзі соғды тілінен аударғанда «қаратас» дегенді білдереді. Қала орны күні бүгінге дейін зерттелмеген.

Шақпақ қалашығы

Жуалы ауданының Шақпақ - ата елдімекенінен оңтүстікке қарай 50 метрдей жерде Алматы - Ташкент автомобиль жолының сәл ғана төмен жағында орналасқан. VIII - X ғасырларда болған қалашық, Шақпақ қалашығы - деп аталады.



Шақпақ қалашығының орналасу жобасы

Қалашықтың Шақпақ қалашығы деп аталу себебі бұл жерде Үйсіннің 12 - ші ұрпағы Шақпақ әулие мекен еткен. Осы қалашықтың шығыс жағында Шақпақ өзенінің арғы бетіндегі тауда өткен - кеткендер зиярат ететін Шақпақ әулиенің үңгірі бар. Ол туралы Ә.Байбатшаның еңбегінде былай деп жазады: «Құлантаудың шығыс етегінде б.д.д I ғасырда өмір сүрген Шақпақ Әулиенің қорған төбесі жатыр. Ұлы Жібек жолының бойындағы бұл жерге ислам дініне дейін де, мұсылмандық қалыптасқаннан кейін де, бүгінгі күні де, өткен кеткендер мен арнайы келгендер Тәңірге, Аллаға құлшылық етеді.

Бұл қалашықты алғаш 1903 жылы Каллаур ашып зерттеген. 1940 жылы Жамбыл археологиялық пунктінің экспедициясы, (жетекшісі Г.И.Пацевич) 1978 жылы Жамбыл облыстық тарихи - өлкетану музейінің экспедициясы, 2000 жылы Қазақстан Ғылым

Академиясына қатысты Ә.Марғұлан атындағы Археологиялық институт экспедициясы (жетекшісі К.М.Байпақов) зерттеулер жүргізген.

Қалашық Құлантаудың шығыс еңісінен орын тепкен, құрылысы тіктөртбұрышты, бұрыштарында мұнаралы екі төбешіктен тұрады. Бірінші төбешіктің аумағының ені 55 метрдей ал ұзындығы 80 метрдей жерді алып жатыр, екінші төбешіктің аумағы 34x46 метрді құрайды. Төбешіктің шығыс жағының биіктігі 8 - 9 метрдей, ал батысының биіктігі 4 метрдей болатын топырақ дуалмен қоршалған, бұрыштарында мұнаралардың орны білінеді.

Қалашықтың солтүстік іргесінде 1946 жылдан - 1986 жылға дейін кірпіш заводы жұмыс істеген. Топырақты қазу кезінде көптеген керамикалық және түрлі металл бұйымдар көптеп табылған. Жұрт бұл жерді «Керуен сарай» деп атайды. Сол жердегі бейітке адам жерлегенде әлі де қыштан жасалған заттар, көлемі 18x18 см, ал қалыңдығы 5 см болатын қыпшақ кірпіштері кездеседі.

1962 - 1963 жылдары Шақпақ қалашығының батыс іргесінен Алматы - Ташкент автомобиль жолының жаңа торабы салынды. Бұл жол қалашықтың жоғары бөлігінен небәрі 10 метрдей ғана жанынан өтеді. Жер қазғыш техникалармен жұмыс істеу кезінде қалашыққа Құлантаудың батыс жағындағы Амансай бұлағынан су әкелінген керамикалық құбырлар табылған. Құбырлардың ұзындықтары 1 метр 20 сантиметр, ал диаметрі 25 сантиметрдей болатын, бір - біріне жалғастыруға ыңғайлап, қыштан жасалынған.

Шақпақ қалашығының төменгі бөлігіндегі жырадан да 1976 жылы сол ауылдың тұрғыны Байділдахан Қадырбаев керамикалық сынған су құбырын көргендігін айтады. Бұл қалашықты сол маңдағылар «Қалмақтөбе» деп те айтады, өйткені бұл жердегі қаланың орнына сол сияқты етегінде қалмақтар жерленген.

Қалашықтың 100 метрдей оңтүстігіндегі Амансай атты шағын ауылдың тұрғындары кірпіш құю кезінде қылыш, жебе сияқты қару - жарак түрлерін тауып алғандығына қарап және

қалмақтардың қорым бейітінің орын алуына қарап біз осы жерде ірі шайқас болған деп жорамалдаймыз.

9 Жуалы ауданындағы жаңа заманның тарихи ескерткіштері

Жуалы ауданында жоңғар шапқыншылығы кезінде қаһармандық пен батырлықтың ерен үлгісін көрсеткен батырларға арналған екі ескерткіш бар. Оның бірі Есім ханның тұсындағы атамекен жерін қорғаған Садыбай және Байтана батырларға қойылған ескерткіш кесенесі, екіншісі сиқым руынан шыққан Шінетұлы Рысбекке қойылған ескерткіш.

Рысбек батыр ескерткіші

Жоңғар шапқыншылығынан Атамекен жерін азат ету жолында ерен ерлік көрсеткен Сиқым руының батыры Рысбек Шінетұлыға арналған ескерткіш. Жуалы ауданының орталығы Бауыржан Момышұлы ауылының солтүстік – шығысында Алматы – Ташкент автомобиль жолынан 220 метр жерде орналасқан.

Рысбек батыр ескерткіші екі баспалдағы бар тұғырға орнатылғандай әсер береді. Бетоннан құйылған мүсіннің биіктігі 2,6 метр. Қаратаудың көк мраморымен қапталған. Ескерткіш тұғырының биіктігі 2 метр.

Рысбек батыр ескерткіші батырдың туғанына 250 жыл толуына байланысты 1991 жылы қазан айында ұрпақтары орнатқан.

Батыр ескерткішінің авторы сәулетші З. Тасбеков.

Садыбай – Байтана ескерткіш кесенесі

Есім ханның тұсында қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан қорғауда шейіт болған Садыбай мен Байтана батырларға арналған ескерткіш.

Садыбай – Байтана ескерткіш кесенесі Жуалы ауданының орталығы Бауыржан Момышұлы ауылының солтүстік – шығысында, Алматы – Ташкент автомобиль жолынан 250 метр

жерде орналасқан.

Ескерткіш кесененің биіктігі 6 метр, ал көлемі 8 шаршы метр. Ақ селикат кірпіштен өрілген, төрт бұрышы мұнара тәріздес болып келген де төбесіне күмбез орнатылған. Кесененің алдындағы алаңға қуғын – сүргін, ашаршылық, Ұлы Отан соғысы және тылдағы қайтыс болғандарға арналған мрамор тақталар орнатылған.

Ескерткіш 1993 жылы 24 қазанда ашылды. Бұл кесене ескерткішті батыр бабаларының ерлік - өнегесін қадір тұтқан Садыбай мен Байтананың бүгінгі ұрпақтары тұрғызған.

Бауыржан Момышұлының мұражайы мен ескерткіші

Батыр жерлесіміз – Кеңес Одағының батыры, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты қаһарманы, полковник Бауыржан Момышұлының мұражайы мен ескерткіші аудан орталығының оңтүстігінде, Қайрат елдімекенінің аймағында, Мыңбұлақ орта мекетбінің шығыс жағында орналасқан.

Мұражай 1995 жылы 5 мамыр күні батырдың 85 жылдығына орай салтанатты түрде ашылды. Мұражай алдына Бауыржан Момышұлының бюсті орнатылған. (Бұрын ол бюст Кременевский (Шақпақата) совхозының әкімшілік үйінің алдында болатын) Батыр ескерткішінің тұғыры екі баспалдақ мрамор текпішектен тұрады. Ескерткіштің тұғырымен қоса есептегенде биіктігі 3,5 метр болады. Батыр мұражайының композициясы ашылған кітап пен ортасынан жоғары шығып тұрған жазу қаламсабын бейнелейді.

Мұражайдың ішінде Бауыржан Момышұлының Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ерлігін баяндайтын мол мәліметтер жинақталған. Батырдың пайдаланған жеке заттары, әскери құралдары, жазған еңбектері, Бауыржан туралы басқа авторлардың кітаптары т.б. заттар қойылған.

Мұражайдың басқа бөлігінде батырдың майдан көрінісі туралы көптеген суреттері мен хаттары, Куба сапары, Жуалылық батыр жауынгерлер туралы көптеген деректі құжаттар орын алған.

Мұражай алдындағы алаңда сәнді гүлзарлар жасалып, гүлдер егілген. Бауыржан Момышұлы мұражайының жобасын

сәулетші Т.Жылыбаев жасаған.

Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған тарихи ескерткіштер Жуалы ауданында 10 шақты елдімекендердің орталықтарында орнатылған. Ол ескерткіштердің композициясы әртүрлі, ал негізгі мақсаты болашақ ұрпақты ерлік дәстүрге, отансүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады.

1. Бауыржан Момышұлы ауылындағы Жауынгер жерлестерге арналған ескерткіш. Бұл тарихи ескерткіш аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылының орталығында, әкімшілік ғимаратының жанына орнатылған. Ескерткіш мемориалдың тұғырымен қоса есептегендегі биіктігі 5 метр. Алдына мәңгілік алау орнатылған.

Жауынгер Жуалылық жерлестерімізге арналған бұл тарихи ескерткіш төрт бұрышты мрамор тасынан тұрғызылып ең төбесіне жұлдыз орнатылған. Бұл ескерткіш те жеңіс күнінде, басқа да салтанатты жағдайларда, сол сияқты жаңадан отау құрған жас жұбайлар гүл шоқтарын қойып, тағзым етіп жатады.

2. Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған ескерткіш. Қарасаз ауылының орталығындағы мәдениет үйінің алдына орнатылған. Бұл ескерткіштің алдындағы тақтаға соғыста опат болған Қарасаз елдімекенінің жауынгерлерінің аты – жөні жазылған.

3. Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған ескерткіш. Жаңаталап ауылындағы мәдениет үйінің алдына орнатылған. Бұл тарихи ескерткіш соғыстан баласын күткен ана бейнесінде жасалған, биіктігі тұғырмен есептегенде 3 метр. Ескерткіштің жанына орнатылған мрамор тақтатасқа сол елдімекеннің Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің есімдері қашалып жазылған.

4. Ұлы Отан соғысында құрбан болған жауынгерлер мемориалы. Қошқарата елдімекенінің орталығына орнатылған. Бұл тарихи ескерткіш 1978 жылы қойылды. Ескерткіштің биіктігі тұғырмен қоса есептегенде 4,5 метр. Онда соғыстан ұлын күткен ана образы бейнеленген. Ескерткіштің артқы жанындағы мрамор қабырғаға Қошқарата аймағынан соғысқа кетіп оралмаған

жауынгерлердің аты – жөні қашалып жазылған.

Бұл тарихи ескерткіш бұрынғы XXII партсъезд колхозының төрағасы, XXIII - съезд делегаты болған Жұрынбай Медетовтың басшылығымен салынды.

5. Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған тағы бір тарихи мемориал ескерткіш Шақпақата ауылдық округіне қарасты Ынтымақ ауылындағы мектеп ауласына орнатылған.

Мемориал 2006 жылы 9 мамыр - Жеңіс күніне орай ашылды. Оның тұғырымен қоса есептегендегі биіктігі 4,5 метр болады, композициясы үш бөлек гранит тастан тұрады.

Бірінші биік гранит тақтаға осы Ынтымақ ауылынан Ұлы Отан соғысында қайтыс болғандардың тізімі жазылған. Екінші орташа гранит тақтада Ұлы Отан соғысына қатынасып, кейін бейбіт кезде қайтыс болғандардың аты – жөні көрсетілген. Үшінші одан аласалау тақтаға тылдағы майдан үшін еңбек етіп жүріп қайтыс болғандардың тізімі қашап жазылған.

Бұл Ынтымақ ауылындағы мектеп ауласына орнатылған бұл тарихи ескерткіш жастарды отаншылдыққа, ерлікке тәрбиелейтін бірден – бір қасиетті орын болып табылады. Ескерткіш Ынтымақ ауылының тұрғындарының қаржысына салынған.

6. Ұлы Отан соғысында құрбан болған жауынгерлерге арналған ескерткіш. Қарасаз ауылдық округіне қарасты Ақбастау ауылында да бар. Ескерткіш Ақбастау ауылындағы Б.Майлин атындағы орта мектептің алдына орнатылған. Ескерткіш қабырғасындағы мрамор тақтаға Ақбастау ауылының Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің аты – жөні жазылған. Ескерткіш 2005 жылы ашылды, ол ауыл тұрғындарының қаржысына салынды.

7. Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіш мемориал. Қызыл арық ауылдық округіне қарасты Теріс ауылындағы әкімшілік ғимаратының алдына орнатылған. Онда автомат ұстаған жауынгер бейнеленген. Тұғырмен есептегенде ескерткіш мемориалдың биіктігі 4 метр болады. Ескерткіш алдындағы мрамор тақтада осы елдімекеннен аттанып, Ұлы Отан соғысында опат болған жауынгерлердің аты – жөні қашалып жазылған.

Осы жоғарыдағы көрсетілген патриоттық рухтағы Ұлы Отан соғысының құрбандарына қойылған ескерткіш Тасбастау және Қарбастау елдімекендерінде де бар.

Депортацияланған поляк халқының өкілдеріне арналған ескерткіш

Бұл ескерткіш Шақпақата ауылдық округіне қарасты Шақпақ станциясындағы теміржол маңындағы тоғайдың ішінде. Ескерткіштің пішіні, биіктігі 3,5 метр. Ескерткіштің алдыңғы бетінде осы Жуалы жеріне келіп қайтыс болған депортацияланған поляктардың аты – жөні жазылған.

Бұл ескерткіштің осы Жуалы жеріндегі Шақпақ станциясына орнатылу себебі, 1940 жылдың желтоқсан айында депортацияланған поляктар эшолоннан осы станцияда түсірілген. Сонда жол - жөнекей поезда қайтыс болғандарды алғаш осы жерге жерлепті.

Ескерткішті 2002 жылдың маусым айында поляктар тұрғызды. Жыл сайын бұл ескерткіштің басына сонау алыстағы поляк жерінен сол депортацияның құрбаны болғандардың ұрпақтары, жақындары келіп еске алып, гүл шоқтарын қойып тұрады.

Біздің тарихымыз – Атамекен туған жеріміздің төл шежіресі, оны келер ұрпақтың санасына сіңіру бүгінгі күннің басты талабы.

Мәдени мұраларды зерттеу, сақтау, қорғау және оны қолдануға игі бетбұрыс Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бүгінгі Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттермен қатар мәдени мұрамызды дамыту мәселесі туралы Үндеуімен тығыз байланысты.

Осыған байланысты «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарлама да жасалды.

Қазіргі кезде археологиялық деректер негізінде Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы тарихы жинақталуда. Мұндай археологиялық зерттеу жұмыстары Жуалы жерінде де жүргізе бастады.

Жуалы өңіріндегі тарихи – мәдени ескерткіштер



III Жуалы жерінің жер – су атауларының тарихы



Атамекен жеріміздегі жер тарихы мен ел тарихы
атауларының көзі ғасырлар бойы тарих көшінде алмасқан
49

ұрпақтар санасында сақталып, жалғастық дәстүр негізінде тұрақтанып қорланған жиынтығының бір көрінісі. Қазіргі кезде тарихи зерденің бір саласы ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өскен тал бесігі – Жер ананың – атауларына дейін жаңаша мән - мағына берілуде.

Қазақстан Республикасы білім беру саласының алдында өз өлкесінің тарихын, рухани байлығын, табиғатын елін, жерін жас ұрпаққа терең таныта білу міндеті қойылып отыр. Бұл мәселе Қазақстан Президентінің 2004 жылғы Жолдауында «мәдени мұраны сақтауда» баса көңіл аудару қажеттілігінен туындайтын ұлт мәдениеті мен дүниетанымын зерделеудің біртұтас жүйесін жасауды мақсат тұтатын «Мәдени мұра» бағдарламасында да көрсетілген.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жалпақ жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкеңнің тарихын, табиғатын танудан басталады» - деп баға берген.

Осы тұрғыдан ізденіс жасап, әлі де болса тереңірек ұғына түсетін мәселелердің бірі - халқымыздық кіндік қаны тамған ата мекені, өлкеміздің жер – су атаулары болмақ. «Жер – судың аты - тарихтың хаты» - деп ұрпақтан - ұрпаққа ауысып, жалғасып келе жатқан географиялық жер атауларының қатпарынан халық даналығының ізін көреміз. Осы халық даналығын терең ұғынған Шоқан Уәлиханов: «Көне түркі салт – сана, әдет – ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты адам аттары, жер - су атаулары, тағы басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» деп баға берген. (Ш.Уәлиханов Тандамалы. Алматы, 1985, 115 бет).

Халқымыз ғасырлар бойы көшіп қонып келген өзінің атамекен атауларын көп жағдайда жер бедері мен ерекшеліктеріне орай өте дәл, көркем ұғымдармен ерекше етіп бере білген. Олардың кейбіреулерінде кісі атымен (антропоним) атау тәжірибесі де кездесіп отырған. К.Г. Паустовский: «Жер атаулары дегеніміз – халықтың өз елін ақындық тілмен бедерлеуі. Бұлар – халықтың мінез – құлқы, тарихы, ой аңсары мен тұрмыс - салт ерекшеліктері туралы сыр шертеді» - деп тамаша етіп

анықтама берген.(Мекемтас Мырзахметов. Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы: Атамұра, 1993, 58 бет).

Көне заманнан бүгінгі күнге дейін ата мекен жер – су атауларының қалыптасуы, сан алуан тарихи оқиғалардың әсерінен өзгерістерге ұшырап жатуы заңды құбылыс. Олардың жаңаша дүниетанымның ықпаламен алмасып жатуына жаугершілік, отаршылдық сияқты саяси - әлеуметтік жағдайлардың әсер етуіне тікелей байланысты болған.

Жер атауларының ерекшеліктерімен, олардың уақыт талабына сай өзгеруінде белгілі территорияға қоныс аударған адамдардың ішкі және сыртқы миграциясын айқын көруге болады. Мысалы: Сақ тайпасы, олардың орнын басқан Үйсіндер мен Қаңлылар. Оларды алмастырған Түркі қағанаты мен түргештер. Араб жаулауы, Тан династиясы, қарлұқтар, оғыздар, қыпшақ хандығы. Монғол шапқыншылығы, Ақ орда мемлекеті, Қазақ хандығы, Жоңғар шапқыншылығы мен миграциясы, Қырғыз елінің территориялық ұлғаюы, Дулат тайпасының бел алуы, Қоқан хандығының ықпалы, Орыс колонизациясы, жергілікті халықтың демографиялық жарылысы.

Қазақ хандығының ішкі миграциясы: ашаршылық жылдардағы Сарысудағы тама – табын руларының Жуалыға қоныс аударуы, тыңды игерудегі сыртқы миграция, XX ғасырдың 90 – шы жылдарындағы оралмандар миграциясы ауданның жер – су атауларына өз лебін қосты.

Жер – су атауларының өзіндік танымдық және ағартушылық маңызы бар. Бұл географиялық атаулар еліміздегі егемендіктің бекігендігі мен ұлттың басымдығы мен қайта жаңғыруының айғағы.

Жуалы жерінің жер - су атауларын тарихтың хаты десек, олар негізінен әр кезеңдегі тарихи оқиғаларға, жеке тұлғаларға, табиғи жағдайларға байланысты қойылғандығын көрсетеді.

Жуалы ауданы. Жамбыл облысының оңтүстік – батысында орналасқан. Ол алғашында 1928 жылы құрылып, бұрынғы Шымкент облысының (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы) құрамында болған. 1951 жылы Жамбыл облысының құрамына

кірді. Жер көлемі 4,2 мың шаршы шақырым. Аудандағы 52 елді мекен 15 ауылдық әкімшіл округке біріктірілген. Аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылы.

Жуалы ауданы Теріс (Асы) өзенінің жоғарғы және орта ағысында, жерінің басым бөлігін Жуалы таулы үстірті алып жатыр. Ауданның жері таулы келеді: солтүстігінде Қаратау, батысында Құлан, Боралдай таулары, оңтүстігі мен оңтүстік – шығысында Талас Алатауы, шығысында Қырғыз Алатауы қоршап жатыр. Ауданның солтүстік шығысында Билікөл қазаншұңқыры орналасқан. Жуалы жерінен Теріс, Шақпақ, Ақсай, Көксай, Боралдай, Қошқарата, Бахаты өзендері ағып өтеді. Теріс өзенінің бойында Теріс – Ащыбұлақ су бөгені салынған.

Жуалы ауданының жер қойнауынан тас көмір мен түрлі құрылыс материалдары кездеседі. Климаты қоңыржай континентті, қысы суық, жазы ыстық, қуаң болып келеді. Ауданның таулы үстіртінің сұр топырағында жусан, астық тұқымдас өсімдіктер, боз, селеу, қызыл қоңыр топырағында түрлі шөптер жуа, кекіре т.б өсімдіктер өседі. Талас Алатауының беткейлері – альпілік және субальпілік шалғын болып келеді. Бұл өңір Ақсу – Жабағылы қорығының солтүстік бөлігі саналады. Аудан аймағында қасқыр, түлкі, аю, қоян, арқар, таутеке, борсық, суыр, кекілік және тағы басқа да аң – құстар мекендейді.

Аудан жерінен Түркістан – Сібір темір жолы және Алматы – Ташкент, Б.Момышұлы – Қошқарата автомобиль жолдары өтеді.

Жуалы ауданының жері Боралдай, Жетітөбе, Шақпақата, Күреңбел, Қарасаз, Көктөбе, Б.Момышұлы, Ақсай, Билікөл, Ақтөбе ауылдық округтеріне бөлінген.

Бұл өңір ерте заманнан тау баурайларынан бастау алатын бұлақтарының көптігінен «Мыңбұлақ», кейінірек сай – салаларында өсетін жуаның көптігіне байланысты «Жуалы» атанған. Көнекөз қариялар Жуалы аймағын үш бөлікке бөліп атайды. «Ұлы Жуалы» - ол Талас Алатауынан басталып Жетітөбеге дейінгі аймақты алып жатыр. «Бел Жуалы» - деп Жетітөбеден басталып Күреңбел жотасының арасын атайды. «Кіші Жуалы» Күреңбелден басталып Қошқарата аймағымен аяқталады.

Жуалы аймағының осындай географиялық объектілердің баршасы өзіне тән топонимдік атауларға ие. Онда осы мекенді ежелгі ата – бабаларымыздың қоныстануының тарихи кезеңдері, шаруашылық іс – қимылдары, қарым – қатынастары, көп ғасырлар бойы орын алған тарихи, саяси және әлеуметтік өзгерістері көрініс тапқан. Халықтың рухани байлығы мен даналығының қоймасы сияқты осы тарихи жер – су атауларын халқымыздың ауызша шығармашылығы ретінде сақтауды және қорғауды қажет етеді. Олардың әрқайсысының атауларында терең тарихи сыр мен шежіре жатыр. Енді осы Жуалы жерінің тарихи жер – су атауларының шығу тарихына жеке – жеке тоқталайық.

Адыраспантөбе

Жуалы ауданында «Адыраспантөбе» аталатын үш төбе бар. Оның біріншісі: Бауыржан Момышұлы ауылының батысында Алматы – Ташкент автомобиль жолының 400 метр солтүстігінде орналасқан. Ол жерде XVIII – X ғасырлық қала да шартты түрде Адыраспантөбе қалашығы аталады.

Екіншісі: Шақпақ ата елдімекенінің оңтүстігінде Алматы – Ташкент автомобиль жолының батыс іргесінде орналасқан. (Бұрынғы ортағасырлық Шақпақ қалашығының орны).

Үшіншісі: Б.Момышұлы ауылынан солтүстікке қарай 2 шақырымындағы Ақбастау елдімекенінің шығысында орналасқан.

Бұл жерлердің Адыраспантөбе аталу себебі онда дәрілік қасиеті бар адыраспанның өсуіне байланысты қойылған атау. Адыраспан – түйетабандар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.

Адыраспанның құрамында алкалоидтер бар, оларды медицинада түрлі ауруларды; қан тоқтатуға, безгек ауруына, суық тиіп ауырған адамды емдеуге қолданады.

Айнакөл

Ақсу - Жабағылы қорығының солтүстік шығыс жағында,

Жуалы ауданы мен Түлкібас ауданының шектесер жеріндегі Іле Алатауының Көксала шатқалында Айнакөл аталатын көл бар. Ол көлге жан – жағынан келіп екі – үш шағын бұлақтар келіп құяды. Бұлақтар тастақты жермен аққандықтан суы таза келеді. Көлдің Айнакөл аталуына себеп оның суының мөп - мөлдір таза болуы. Тау үстіне шыққанда алдыңнан айнадай болып жарқырап жатады. Бұл жерде революцияға дейін Шақпақ аймағында мекен еткен байлардың жазғы жайлауы болған. Көлдің атауы гидронимдік атау болып саналады.

Ақбастау

Жуалы жерінде Ақбастау аталатын екі бастау бар: біріншісі Құлан тауындағы Құлан асуының жанындағы Үлкен Ақбастау екіншісі, Ақбастау (бұрынғы Ясная поляна) ауылының төменгі жағындағы кіші Ақбастау. (Біз екі Ақбастауды шатыстырмас үшін шартты түрде әдейі «үлкен» және «кіші» Ақбастау деп алдық).

Үлкен Ақбастаудың орналасқан жері бұрынғы Шаңышқылы руының ескі жұрты Бірлік ауылынан 600 метр жоғары Құлан асуының оңтүстігінде.

Үлкен Ақбастаудың батыс жағы биік жарлауыт, оңтүстігі мен солтүстігін үлкен қыраттар қоршаған үлкен қазаншұңқырда орналасқан. Жартастардың түбінен екі жерден бұрқырап үлкен бір арық су ағып шығады, судың көптігі сондай кешіп өткен атты адамның үзеңгісіне жетерліктей. Ал қазаншұңқырдың ішіндегі гүрілдеген дауыстан құлақ тұнады. Суы тіс сындырардай тастай суық.

Ақбастауды жергілікті жұрт «Әулие бастау» деп те атайды. Бұрын осы бастаудың басына Бірлік ауылының тұрғындары жиылып көктемде тасаттық (құдайы тамақ) беретін болған.

Ақбастау кезінде төменгі жағындағы егінді бау – бақшаны сол сияқты Бірлік ауылын суландырған. Бастау суы Бірлік, Шақпақ ауылдарының ортасынан ағып өтіп Шақпақ өзеніне қосылады.

Бұлақтың Ақбастау аталуы оның ешқандай сындық сипатқа байланысты емес, өйткені оның төңірегінде ақ сынымен

ерекшеленетін белгі жоқ, оның этимологиясы «тұнық бастау» мәніндегі гидронимдік атау.

Ақсай

Ақсай топонимдері Республикамыздың және Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркия т.с.с. өзге республикалардың аймағында да көптеп кездесетін өзен, елдімекен, сай атаулары.

Біздің Жуалы жерінде Ақсай аталатын өзен бар. Бұл өзен ауданымыздың оңтүстік шығысындағы Талас Алатауының баурайынан басталып, Теріс өзеніне барып қосылады. Өзеннің тау баурайындағы ағысының арыны өте қатты. Ақсай өзенінің жағасында осы Жуалының төл перзенті Бауыржан Момышұлы балалық шағын өткізген. Ақсай өзені туралы ол былай жазады:

Туған жерім Мыңбұлақ, арналы Ақсай.
Ішсем суы татиды шекер - балдай.
Қызғалдақ, қалың егіс, көк жоңышқа,
Сенен артық жер шіркін өтер қандай.

Көк орай шалғын кең өлкем жерің дәнді,
Жазың салқын, жайлауың малға жайлы,
Сағынып алыс жерден келгенімде,
Көзім тойып көркіңе, мейірім қанды.

(Бауыржан Момышұлы. Қанмен жазылған кітап. Алматы: Қазақстан, 1991, 375 – 376 бет.)

Түркия, Қырғыз, Әзірбайжан халықтарында «Ақсу» сөзі сай тұлғалары «чай» түрінде келеді де ол «өзен» (су) мәнін береді. (Еркебай Қойшыбаев. Қазақстанның жер – су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985, 34 – 35 бет). Ал «ақ» сөзі тау жыныстарының ақ түстілігіне байланысты я болмаса, К.К.Юдахин айтқандай «шалғынды жота» мәнінде болуы мүмкін» - деп көрсетеді. (Юдахин К.К. Киргизско – русский словарь. Изд. Советская энциклопедия. Москва 1965, 226 стр.)

Қорыта айтқанда Ақсай сөзі «ақ» және «сай» компоненттерінен құралған атау.

Ақсай өзенінің тау шатқалынан ағып шығар жерінде 1970 жылға дейін шағын электростанция аудан тұтынушыларына ток көзін беріп тұрған.

Ақсақал сай

Кіші Қаратаудың шығыс беткейіндегі Қарабастау елдімекенінен 8 шақырым батысқа қарай орналасқан шатқалды Ақсақал сай деп атайды. Бұл жерде бұрын шағын ауыл болған. Шатқалдың ішінде түрлі жеміс – жидек өсімдіктері өседі.

Шатқалдың Ақсақал сай аталуы сол жерде мекен еткен кісінің есіміне байланысты қойылған антропонимге жатады.

Ақсу-Жабағылы

Талас Алатауының солтүстік - батыс бөлігін алып жатқан, Жуалы және Түлкібас аудандарының аумағында орналасқан қорық Ақсу - Жабағылы аталады. Ол 1926 жылы құрылған, жер аумағы 75,09 мың гектарды құрайды. Ақсу - Жабағылы қорығы ЮНЕСКО - ның дүние жүзілік қорықтар тізіміне енген. Жан - жануарлар және өсімдіктер әлемі өте бай.

Қорық негізінен Ақсу және Жабағылы атты екі өзеннің аумағында орналасқан. Өзеннің Ақсу аталу себебі тереңдігі 500 метрге дейін жететін аңғарлардағы су ақшыл жыныстарды жарып өтетіндіктен су ақшыл түске ие болады. Сондықтан өзеннің орысша атауы «Белые воды» болып аталған.

Ел аузында сақталған аңыздарға құлақ түрсек, Ақсу - Жабағылының аталуына байланысты екі түрлі аңыз әңгіме айтылады.

Бірінші нұсқасы, ертеде, жаугершілік заманда тау аңғарларын паналап жаудан тығылған елден, бір жылдан соң хабар білмек болып шыққан іздеушілердің алдынан жабағы кездесіпті, содан жердің аты «Жабағылы» аталыпты - десе, екінші нұсқасы бұл аймақ «Жабағылы» деген байдың жайлауы екен – дейді. Сондықтан жер атауы Жабағылы болып аталған деп түсініктеме береді Ақсу – Жабағылы қорығының бұрынғы ғылыми қызметкері Бектұр Төлеуішұлы.

Ал шындығына келгенде Ақсу - Жабағылы аталуы Ақсу

және Жабағылы өзендерінің атымен байланысты екендігі даусыз.

Еркінбек Қойшыбаевтың Қазақстанның жер - су атауларының сөздігі кітабында, Ақсу – Жабағылы туралы төмендегідей анықтама береді: «Ақсу – Жабағылы бұл қос тұлғалы атау: Ақсу және Жабағылы өзендерінің қосарланған түрі.

Махмұд Қашғари Жабағы этнонимі жөнінде оны «йабакұ» деп көрсеткен. XI ғасырда өмір сүрген көне түркінің йабакұ тайпасына – лы қосымшасы жалғану арқылы жасалған – «жабағылы» - деп көрсетеді. (Қазақстанның жер – су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985, 100бет.)

Ақтасты

Ел аузында «Ақтасты» немесе «Ақтасты әулие» аталатын бұл тарихи жер қазіргі Рысбек батыр ауылының шығысында 2,5 – 3 шақырымдай жердегі қыратта орналасқан. Ақтасты әулие деп аталатын осы жерде өте көнеден келе жатқан ескі қорым бар. Бейіттердің бастарына арабша жазулары бар тақталар орнатылған.

Ақтастыдағы атақты тарихи оқиға туралы Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп – тұқияннан өзіме шейін» атты тарихи шежіре кітабында мол мәлімет береді.

«1107 – тауық жылы наурызда ойраттар мен торғауыттарға қытайлар шабуыл жасап енді қалмақтардың күші екіге бөлінді. Біз қалайда еліміздің қалың ортасында бүлік салғандарды құртуды ойластырдық.

Жолбарыс хан да Төле де ордаға кетті. Орда ол кезде Қаратаудың ығында еді. Ол жер бүгінде Жолбарыс қамалы аталады. Сондықтан хан кеткен соң, 13 мың ұлы жүз қолына басшылық ету маған жүктелді. Біз Қаратауға – Екітұраның батыс жағына орналастық. Бұдан әрі Ақтасты төңірегінде қалмақтар жатыр» - делінген. (Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп – тұқияннан өзде шейін. Алматы: Жалын, 1993, 236 бет).

Ақтасты жері атақты Рысбек батырдың балалық шағы өткен жер. Ол туралы «Сикым Рысбек батыр» және «Төле би мен Қойгелді» кітапшаларында да жазылған.

1757 жылдың жазында Рысбек батырдың қолы қалмақтарға тұтқиылдан шабуыл жасап ордаларын талқандап Ақтастыда жауды шығынға ұшыратқаны туралы бізген өткен тарихымыздан белгілі. Сол соғыста қаза тапқан қазақ жауынгерлері сол Ақтастыға жерленген. Бұл жердің «Ақтасты» аталатын себебі, өзінің тіке мағынасында ақ және тас компоненттерінен құралған атау.

Ол жерде үйдің орнындай үйілген ақ тастар бар, атау сол үйілген ақ тастарға байланысты қойылған.

Алмалы

Алмалы - Қошқарата аймағының солтүстік батысындағы Боралдай тауындағы шатқалдың аты. Тау шатқалының ішінде қалың жыныс, жабайы алма, жабайы жүзім т.б. табиғи өсімдіктер көп өседі.

Республикада Алмалы аталатын атау таулы өңірлерде көп кездеседі. Қазақ тілінің үндестік нормасына сай: Арқарлы, Аршалы, Бұғылы, Қарағайлы, Тобылғылы сынды атауларда «лы» қосымшасы арқылы пайда болған атаулар тобына Алмалы да жатады.

Шатқалдың Алмалы аталуына ондағы өсетін қалың жабайы алма негіз болған.

Амансай

Шақпақата елдімекенінің батысындағы екі таудың ортасындағы аңғар осылай аталады. Бұл жердің Амансай аталуы туралы ел аузында екі түрлі аңыз айтылады. Бірінші нұсқасы, жаугершілік кезде жан сауғалаған шағын ауыл қалың жынысты осы сайдың түкпіріне паналап аман қалыпты делінеді. Екінші нұсқасы бойынша бір - бірін сүйген қос ғашық қуғыннан осы сайға жасырынып құтылған екен - деп айтылады.

Бұл екі нұсқаның қайсысы ақиқат болса да, әйтеуір «аман қалыпты» деп аяқталады, осы сөз жердің Амансай аталуына негіз болғаны даусыз.

Ақын Дәулетжан Жамалбекұлы өзінің туып өскен мекені «Амансай-атамекенім» атты өлеңі біздің осы пікірімізді растай түседі.

...Сырын шертсе шежіре абыз дала,
Бізге жеткен бір – екі аңыз ғана
Жаугершілік заманда аман қапты,
Жан сауғалап бір ауыл шағын ғана.

Өтіпті қилы кезең, қатал заман,
Жер төсін дүбірлетіп ат ойнаған
Қос ғашық осы сайдан пана тауып,
Қуғыннан құтылыпты атойлаған.

Әйтеуір бір шындықтың басы анық-ты,
Ақиқат, аңыз сырдан жиналыпты
Адамзатқа амандық тілеген жер,
Осылай Амансай деп аталыпты - деп жырлайды.

Аралтөбе

Жуалы ауданының солтүстік шығысында Билікөлге асатын асуға жақын маңдағы төбелер тізбегі «Арал төбе» - деп аталады.

Аралтөбенің маңы қара топырақты келеді. Көктемде егін сазды болғандықтан себілмейді, тек қана күздік себіледі. Ол жерде бұрын үлкен қырман болған. Аралтөбені ілгеріректе Шымырлар мекендеген.

Физикалық география тұрғысынан алғанда қазақ тілінде аралдың екі түрлі мәні бар, біріншісі су айдынының ортасындағы жер, екіншісі өзен немесе көл аралықтарындағы жер. Аралтөбе осы сипаттаманың екіншісіне келеді, яғни жер атауы жан – жағынан су мен сазды жер қоршап жатқандықтан осылай аталған. «Арал» және «төбе» деген сөздерден құралған оронимдік атау.

Арбатас

Тянь - Шань тау жүйесінің солтүстік батысында орналасқан Кіші Қаратау жотасы Жамбыл облысының, соның ішінде Жуалы ауданының шығысында, оңтүстіктен солтүстікке қарай созылып жатыр.

Осы Кіші Қаратау жотасының Қошқарата аймағының тұсынан Билікөлге қарай немесе керісінше асып түсетін асуды жұрт «Арбатас асуы» деп атайды.

Жуалы аймағындағы жұрт: «Жотадан – ылдиға Арбатас арқылы асып түстік» - деп жиі айтады. Мұндағы «жота» дегені Кіші Қаратаудың «күнгеі» жағы да, «ылди» дегені оның теріскей жағы.

Осы жотадан асатын Арбатас асуының өзі екеу, «Кіші Арбатас» және «Үлкен Арбатас» делінеді. Тік жартастау келетін «Кіші Арбатас» үлкен Арбатастан сәл жоғарылау, солтүстікке таман орналасқан. Үлкен Арбатас болса Кіші Арбатасқа қарағанда жайбағыстау, жұрт көбіне осы асуды пайдаланған, оның өзінде арбалардың артқы дөңгелектерін айналмайтындай етіп байлап тастайтын болған.

Арбатас асуындағы жол тек қана бір көлік сиятындай ғана тар болып келеді. Оның екі қапталында үлкен – үлкен тастар бар. Ол тастардың нобайы жүк артқан арбаға келеді.

Арбатас атауы жүк артқан арбаға теңеу ишаратымен қойылған атау.

Бүгінде Билікөл жаққа қатынайтын көлік атаулы Алматы – Ташкент автомобиль жолымен Күйік асуы арқылы өткен соң, Қаратау бағытындағы асфальт жолмен айналып жетеді.

Арқарлы

Боралдай тауының Қошқарата аймағындағы биік асуы «Арқарлы» - деп аталады. Арқарлы тауы туралы Бақтияр Әбілдаұлының «Сиқым Рысбек батыр», Е.Тұрысовтың «Темірлан», «Бәйдібек» кітаптарында жазылған. Таудың «Арқарлы» аталу себебі ол арқар (жабайы тау қойы) мекендейтін тау деген мағынаны білдіретін этимология.

Қошқарата өңірінің төл перзенті, ақын Бауыржан Үсенов Арқарлы тауы туралы былай деп жырлайды:

Шыңдары көкке атылған белең алып,
Арқарлы тау бар ма екен сенен алып?

Туысы Қазығұрттың аты шыққан.

Ғайыптан биігінде кеме қалып.

Шалғайдан сағындырып ел – аналық,
Келемін бауырына мен оралып

(Бауыржан Үсенов Табиғат терезесі. Алматы: Балауса, 1992,
20бет.)

Арыс өзені

Арыс өзені Оңтүстік Қазақстанның басты өзендерінің бірі саналғанмен ол Жуалы жерінен бастау алады. Атап айтқанда, Жуалы ауданының Түлкібасы ауданымен (Оңт. Қазақстан) шектесер жерінде ортағасырлық Абарадж (Мыңбұлақ) қаласының түбінен батысқа қарай аққан бұлақтардан Арыс өзені, шығысқа қарай көптеген бастаулардың басын құрап Шақпақ өзені бастау алады. Екіншіден Жуалы ауданының Оңтүстігіндегі Боралдай, Қошқарата өзендері де осы Арысқа барып қосылады.

Ерте кездерде батысында Сырдарияны, шығысында Кіші Қаратау жотасын, оңтүстігінде Арыс өзенінің аңғарын, солтүстігінде Арысқұм, Арыс көлі арқылы Ұлытау, Көкшетау өңірлерінің аралығын ежелгі сақтың Арыс (Арыстар, Арсақтар) тайпасы мекендеген.

«Арыс тайпасының негізгі бөлігі б.д.д. 2 мың жылдықта Еуропаға қоныс аударған. Әйгілі ғұлама Анарис (Анахарсис) б.д.д. 8 ғасырда өзінің ата-жұрты Қазақ Даласы туралы «Аримаспалар эпосын» жазып қалдырған. Анарыс туралы мағлұматтарды Т.Жұртбаев өзінің «Дулыға» 1994ж. тарихи шығармасында да Арыстар (Аорстар) Арыс тайпасы туралы көптеп кездеседі» - деп деректер келтіреді Ә.Байбатша. (Алматы: Санат, 2002, 64 бет.).

Осы еңбегінде Арыс тайпасының Сарыарқа, Жезқазғандағы тау - кен ісін менгергені, Абайыл кен орнын тапқаны туралы құнды деректер келтірген.

«Арыс» сөзі – түркі тілінде «ірі, жойқын тайпа» - ұғымын білдіреді. Бұл этнонимдік атау.

Қорыта айтқанда, Арыс өзенінің атырабын мекендеген қазіргі Арыс өзені, Арыс қаласы, Арыс көлі т.с.с. атаулар осы тайпаның мекендеген атын қалдырған жер - сулар.

Аса өзені

Жуалы жерінен басталып Талас және Жамбыл аудандары арқылы ағып өтіп Билікөлге құятын, ұзындығы 105 шақырым болатын өзен. Оның кішігірім 30-ға жуық саласы бар. Жуалы ауданының жерінде ол Шақпақ, Теріс, Ақсай, Көксай, Күркіреусу өзендері қосылған соң Аса өзені аталады. Асаның әсіресе Күркіреусу өзенімен қосылған тұсы таулы аңғамен өтеді, ағысы өте жылдам.

Өте ерте кездегі табиғаттағы тектоникалық өзгерістердің әсерінен Қаратау жоталарының көтерілуі үдей түскені белгілі. Бірақ, өзендер алғашқы бағытымен көтерілген жоталарды шайып, тілгілеп өзіне арна салып отырған.

«Шамамен 350 мың жылдың ішінде алғашында өзендердің табаныныда жатқан беткейлердің қазіргі кезде 500 метрден астам «өскенін» көреміз. Теріс өзені де аққан бағытын өзгертпей, жолындағы Кіші Қаратаудың көтерілуінен болған кедергіні «қиып» түскен. Су жарып аққан жота Маймақ бекетінің төңірегінде Күркіреусу өзенімен қосылған тұсында көтеріліп, оның биіктігі 300 метрден асады» - деп жазады Әділхан Байбатша. (Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы: Санат, 2002, 13 бет).

Осы тұста өзен тау шатқалында күркіреген дыбыс шығарып аққандықтан ел оны «Күркіреусу» - деп атап кеткен. Ш.Айтматов «Жәмила» повесінде Күркіреусу өзенін, Маймақ пен Шекерді тіл жеткісіз тамаша етіп суреттеген.

Жамбыл ауданының жерінде Аса өзені Ақкөл ауылының шығыс жағынан ағып өтеді. Ол жерде ортағасырда салынған әйгілі Айша Бибі кесенесі орын тепкен. Өзеннің «Аса» деп аталуына байланысты ел аузында мынандай аңыз айтылады:

Тараздың жас батыры Қараханға ғашық болған Айша сұлу сүйгеніне келе жатып осы өзеннің жағасына жетіп жуынып, дем алмақшы болады. Осы кезде сәукеленің ішіне жасырылған улы жылан Айшаны шағып өлтіреді. Қос ғашық арманына жете алмай арманда кетеді, яғни қыз әлгі өзеннен аса алмай көз жұмады. Сондықтан жұрт өзенді «Аса алмаған» кейін «Аса» атап кеткен дейді.

Бұл әрине аңыз ал, енді Геродоттың дерегі бойынша Қазақ Даласын мекендеген сақ тайпасының ең үлкені Асы (Ассақтар) атымен байланысты екендігіне көз жіткіземіз. Асылар батысында Кіші Қаратау арқылы шектесіп, шығысында Талас, Шу, Іле, Тарбағатай мен Алтай аралығына дейін мекендегені, негізгі ата мекені Жетісу болғандығын тарихтан білеміз.

Тарихшы У.Шалекенов, Асылардың Тұйық, Жайсан, Шатырқұл кен орындарын игергенін жазса, Ә.Марғұлан Асылардың Сарыарқадағы көптеген мәдени ескерткіштерін ашып берді.

«Ассақтар, яғни Асы тайпасы б.д.д. 5 - 6 ғасырда құрылған Ұлы жүз одағының бірі болып үйсін мемлекетінің құрамына енген. Б.д.д. 2 ғасырда грек-бактриялықтарды тас-талқан етіп жеңген үйсін мемлекетінің Асы, Арыс тайпаларынан жасақталған жауынгерлер еді» - деп жазады Ю.Зуев. (К этнической истории усуней / труды и АЭ АН Каз ССР, 8т, 1960г).

Е.Қойшыбаев, Қазақстанның жер – су атаулары сөздігі кітабында «Аса» сөзіне басқаша анықтама береді: «Аса көне түркі, моңғол тілдеріндегі аша – ача «айрық» сөзінің баламасы. Ежелгі дәуірде Аша түрінде өмір сүргендей. Өйткені бұрынғы Әулие – ата уезінде Аша болысы атты әкімшілік бөлім болғаны бар» - деп жазады. (Қазақстанның жер – су атаулары. Алматы: Мектеп, 1985, 52 – 53 беттер.)

Біздің пікірімізше, «Аса» - өзенінің атауы осы аймақты мекен еткен сақ тайпасының атымен аталған. Бүгінде Жамбыл ауданының орталығы, теміржол бекеті, бірқатар елді мекендер осы Аса тайпасымен аталады.

Асансай

Жуалы ауданының Ақтасты аталатын елді мекенінің шығыс жағында 6 шақырым қашықтықта «Асансай» аталатын жер бар. Бұл Асансай аталатын сай қонысқа және малға өте жайлы жер. Көлтоған аталатын жерден ығысып, 1910 жылдардан кейін орыс переселендерінің келіп шұрайлы жерлерді иемдене бастаған кезінде Сиқым руының Асан атасының ұрпақтары яғни, Асан сиқымдар осы жерге келіп қоныстанған.

Сондықтан бұл сай Асан сиқымның есімімен аталған этникалық атау.

Ащыбұлақ

Жуалы ауданының шығыс жағындағы Күйік асуының күнге жағынан басталып Теріске құятын шағын бұлақ.

Теріс өзені мен Ащыбұлақтың қосылған жерінен 1963 жылы бөгет салынған. Ол Теріс – Ащыбұлақ бөгені аталады.

Бөген суының ұзындығы 13 шақырым, сиымдылығы 158,0 млн м³ болады, ал бөгеннің өзінің биік жері 32 метр, ұзындығы 1800 метрді құрайды. Бөгеттің суы аудан шаруашылығының алқаптарын суғаруға пайдаланылады.

Ащыбұлақтың аталуына тоқталатын болсақ аты айтып тұрғандай бұлақ суы мал ішпейтін ащы (тұзды) болып келеді. Осы бұлақтың суын ертеректе тері және іш ауруларын емдеуге пайдаланған.

«Ащыбұлақ» атауы – бұлақ суының ащылығын сипаттайтын атау. Бұл компоненттес атаулар Республикамыздың барлық өңірлерінде кездеседі.

Бақай және Бөкей таулары

Жуалы ауданының батыс жағындағы Құлан тауымен жалғасып Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шаянға дейін созылып жатқан Боралдай тауының биік шоқылары «Бақай» және «Бөкей тауы» – деп аталады.

Бақай тауы Қоңыртөбе елдімекенінің (бұрынғы Успенровка) батысында орналасқан, Бөкей тауы Жуалы өлкесіндегі ең биік шоқы аталады. Бақай одан солтүстікке қарай біршама жер, Көлтоған ауылының батысында. Жуалы жұртында, «Бөкейдің басына бұлт ілінсе Жуалыға жауын жауады» - деген ұғым бар.

Боралдай тауының өңірлерін 1864 – 1866 жылдар аралығында генерал Черняев әскерімен Ресейден келген орыс ғалымы Н.А.Северцев мұқият зерттеу жұмысын жүргізген. Боралдай тауының осы екі шоқысының Бақай және Бөкей аталуы кісі есімдеріне байланысты. Дәлірек айтқанда Рысбек батырдың

немерелері Бақай мен Бөкейдің есімдерімен қойылған анротопонимге жатады.

Бақалы

Бақалы – Жуалы ауданының орталығы Б.Момышұлы ауылының шығыс жағында он шақырым жерде. Теріс өзенінің оң жағасына орналасқан шағын елдімекен. Ауыл ортағасырлық Баркуаб қалашығының шығысында орналасқан.

Бақалы ауылының тұрғындары негізінен диқаншылықпен және мал шаруашылығымен айналысады. 1960 – 1975 жылдар аралығында ауыл диқандары республика көлемінде картоп өсіруден өте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген. Әр гектар алқаптан 330 – 350 центнерден өсірген Социалистік Еңбек Ері Мүсірепбек Бектаев осы ауылдың азаматы.

Бұл жерде негізінен Қаңлы руының Бақа қаңлы (кейбір шежіреде Теңіз қаңлы деп те атайды) аталатын тармағы мекендегендіктен ауыл «Бақалы» - деп аталады.

Бақаты

Жуалы ауданындағы Көсегенің көк жоны аталатын аймақтан басталып, Теріске құятын шағын өзен. Ұзындығы шамамен 30 шақырымды құрайды.

«Бақаты» - атауы жұрт аузында айтыла келе «Бақатей» - болып өзгерген. Бақаты өзенінің аймағы мал жайылымына өте қолайлы, сондықтан ол жерде аудан шаруашылықтарының фермалары орналасқан.

Бақаты атауының шығуы, бұл сол өңірде бұрынғы кезде жайлаған Бақа ата қаңлының атына байланысты «Бақа ата» сөзі Бақаты болып өзгеріске ұшыраған қазақтың этникалық атауы.

Белбұлақ

Кіші Қаратаудың шығыс беткейіндегі көп шатқалдардың бірі «Белбұлақ» - деп аталады. Оның орналасқан жері Көлтоған елдімекенінің тұсы. Билікөлдің батыс жағында 15 шақырым жерде орналасқан.

Белбұлақ шатқалының табиғаты өте көрікті, түрлі жабайы

жеміс – жидекке толы. Ол жерден ағып шыққан бұлақ Билікөлге барып құяды.

Белбұлақ шатқалында бұрын шағын 50 – 60 үйлі Құттықтар руы жайлаған.

Белбұлақ атауы шатқалға әрі ондағы бұлаққа да байланысты. Мұндай Белбұлақ аталатын жерлер әсіресе Қазақстанның оңтүстік облыстарына тән атау. Белбұлақ атауына «Асабұлақ» немесе «Кезеңбұлақтың» түп төркініне жақындау, «белдегі бұлақ» мағынасын беретін гидроним.

Берікқара

Жаугершілік заманда жұртты бастап жауға қарсы қол бастаған, бейбіт заманда тау аңғарында елді егіншілікке үндеп арық қаздырып елге шарапаты тиген Берік есімді кедей жігіттің есімімен қойылған атау деген болжамды біз сол аймақтың тұрғындарынан естіп білдік. Ал негізінде Берікқараның бұлай аталуы туралы жазушы К.Баялиев «Жаңарған Жамбыл өлкесі» - атты кітабында жоңғар шапқыншылығы кезінде бұл шатқалда берік камал болған деп көрсетеді. Сондықтан елді жаудан аман алып қалған осы камалды Берікқара атаған деп көрсетеді. Берікқара атауына байланысты осы өңірде көктем, күз айларында тұратын алапат желдің атын да жұрт осылай атайды.

Берікқара шатқалынан төмен Ленинский путь ауылының оңтүстігінде Тараз – Қаратау автомобиль жолының екі жағында орналасқан б.з.д II – б.з IV ғасырларына жататын Берікқара қорымдары бар.

Берікқара шатқалында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1971 жылғы қаулысымен мемлекеттік табиғи қорықшасы ашылған. Бұл жерде қызыл кітапқа енген Берікқара терегі, кәдімгі пісте, Недзвецкий алмасы, қызғалдақтың бірнеше түрі, рауағаш сияқты сирек өсімдіктер өседі. Қорықшаның жалпы аумағы 17,5 мың гектар жерді құрайды.

Билікөл

Жуалы ауданының солтүстік шығысында, Тараз қаласының солтүстігінде 60 шақырым жердегі көл. Қаратаудың солтүстік беткейіндегі тектоникалық ойыста орналасқан. Теңіз деңгейінен биіктігі 438 метр. Аумағы 88 шаршы шақырым, ұзындығы 18 шақырым ені 7,5 шақырымға дейін, орташа тереңдігі 3,5 метр, ең терең жері 8 метрге дейін жетеді.

Суы тұщы. Билікөлге Аса өзені шығыс жағынан құйып, солтүстігінен ағып шығады. Жайпақ құм жағалауларында қоға аралас қамыс өседі. Көлде сазан, шабақ, табан балық, ақ амур, майшабақ жылан, балық т.б. бар. (Бұл мәлімет Жамбыл облысының энциклопедиясынан алынды. 184 бет).

«Түркі тілдес халықтар терминологиясында билли немесе белли тұлғаларының қазақ тіліндегі синонимдері: белді, көтерме, қайқы түрлерінде келеді. Билікөл гидронимін қазіргі қазақ тілі нормасы бойынша «Белді көл» немесе «Асулы көл» деп тұлғалауға болады» - деп көрсетілген (Еркебай Қойшыбаев. Қазақстанның жер – су атаулары. Алматы: Мектеп, 1985, 76 бет).

Билікөлге байланысты халық этимологиясы туралы дерек жоқ.

Боралдай

«Ақтабан шұбыранды» жылдарының жасынды жорықтарының елесіндей келер ұрпаққа жер сақтаған, ел сақтаған белгілердің бірі болып қалған Жуалы өңірінің тағы бір жер атауы – «Боралдай».

Боралдай – Қаратау жотасының оңтүстік шығысындағы Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан тау сілімдері. Оның ең биік жері Бөкей аталады, абсолюттік биіктігі 1813 метр. Қаратаудағы Ақшоқы, Арқарлы, Боралдай тауларынан басталатын Арыс өзенінің оң саласы Боралдай өзені аталады. Жуалы ауданынан басталып, Оңтүстік Қазақстан Бәйдібек, Ордабасы аудандары арқылы ағып өтетін бұл өзеннің ұзындығы 130 шақырымды құрайды.

Бұл өңірде қуаты Қарағанды, Екібастұз көмір кеніштерінен кем түспейтін Боралдай тас көмір кен орны бар. 1927 жылы ашылған бұл кен орны «Боралдай шахтасы» деп аталған.

Боралдай туралы бірқатар тарихи романдарда сөз болады. Атап айтқанда Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи триологиясында: «Шайқас Әбілқайыр мен Бөгенбай батырдың басқаруымен Боралдай мен Қошқарата өзендерінің жоғарғы сағасында болған еді. Найман тайпасының бір тармағы Садыр руы «Ақтабан шұбырандыдан» бұрын Қаратаудағы Бұрындай (Боралдай) өзенінің арғы жағындағы Үшашы (үш өзенінің біріккен жері деген мағынаны білдіреді) қойнауы бұлардың келіп кетімді қонысы еді» - деген дерек келтіріледі. (І.Есенберлин. Көшпенділер. Алматы: Жазушы, 1987, 411 – 412 б).

1723 жылан жылғы жұтпен қатар келген жоңғарлардың жойқын шабуылы көшпелі елге үлкен қырғын әкелгені тарихтан белгілі бөрік астынан бөрі, жар астынан жау шығып, қазақтың басы байлауда, мал – жаны айдауда кеткен Жуалы өлкесінің Боралдай мен Қошқарата аймағындағы болған қиын кезенді жазушы Әбіш Кекілбайұлы «Үркер» романында төмендегіше суреттейді. «Осылай басталған топалаң қаулады да жүре берді. Қаратаудың теріскейінің үш қаласы алдымен күйреді. Енді Боралдай, Қошқар ата, Арыс бойындағы ауылдар талапайға ұшырай бастады. Қапыда тап болған жаудың хабарын кеш естіп асығыс атқа қонған қазақ қолдары өліспей – беріспей жанталаса шайқасса да, жау екпінін тойтара алмады, не бір қиын шатқалдардың ішінде, не бір жіңішке өткелдердің аузында, Иқан, Түркістан, Қарнақ, Шорнақ, Сауран, Жөлек түбінде босқа жайрап қалды. Ол күндер қазақтардың көкіректері ояу қарияларының баяғыдан қақсап айтып келе жатқан ақыр заманының орнаған күні болды. Жан – жағың жайраған өлік. Арасында әлдеқайда зытып келе жатқан босқын елдің сіңірі шыққан қызыл сирағы. Мал жауда қалды. Бірінен – бірі адасқан жұрт. Ұлы жүз бен Орта жүздің найман, қоңыраты жол – жөнекей Сырдария бойындағы екі Ала көлдің екеуінің де жағасын өлікке толтырып Бұқараға құлады. Орта жүздің арғыны мен қыпшағы ақ шаңытты толарсақтан кешіп, ақ табан боп Торғай бойына тұмсық іліктірді.

Кіші жүздің ұлан – асыр көші басын тауға бір, ойға бір соғып, Сауранды бір айналғанда үш айналып, Қызыл құмның қалыңын кешіп, Хиуаның бойына тартты» (Әбіш Кекілбайұлы. Үркер, Сөздік – Словарь, Алматы, 1999, 265б)

«1718 жылдың ерте көктемінде, хан ордасы Түркістанға бет алғанда Хореннің қолына қарсы ашық майданға шыққан Ысты, Ошақты, Сіргелінің Тоғанас, Есіркеп батырларымен бірге Есет батырдың жасақтары Шаян, Боралдай шатқалдарында бір түмен құба қалмақпен алты күн айқасып, он есе басым жауды ойсырата қырып, өздері де түгелге жуық шейіт болған»- деп көрсетеді Е.Тұрысов. (Еркінбек Тұрысов. Бәйдібек. Алматы: Нұрлы әлем, 1998, 33 бет).

Боралдай өңіріндегі соғыс туралы деректерді Қазыбек бек Таусарұлының, М.Тынышбаевтың кітаптарынан да көптеп кездестіруге болады. Осы аймақта бүгінгі шейін сақталып қалған тас обаларды көне көз қариялар «Қорымтас» деп атайды, бұл топтап жерленген адамдардың бейіттері.

Тау мен өзеннің Боралдай аталуына байланысты екі нұсқа айтылады. Біріншісі: моңғол әскерінің батыры Бұрындай (Боралдаймен) байланысты делінеді. Қ.Аманжол, А.Тасболатовтың «Қазақтың әскери тарихы» атты кітабында. «Бұрындай әскерінің ордасы 1236 ж. қазіргі Алматы қаласының оңтүстік - шығысында қыстап шықты. 1236 ж. көктемде Бұрындай батырдың әскері Шымкенттен 30 шақырым қашықтықта Ордабасы тауының етегіндегі өзенге келіп тоқтайды (Осы жерлер бүгінде Боралдай деп аталады). Қалмақтарда Боралдай батыр 1710 - 1758ж.ж. соғысқа қатысқан жоқ. Рашид - ад - Диннің айтуынша, Бұрындай 1237 жылы Батыйдың Руське қарсы моңғол әскерінің оң қанатын басқарған, оның 38 мың жауынгері болған» - деген мәліметіне сүйенсек жер атауының Боралдайға байланыстырылуы негізсіз болар еді. (А.Тасболатов, К.Аманжолов. Қазақтың әскери тарихы. Алматы: Білім, 1990, 120бет) Екіншісі, Рысбек батыр туралы деректі кітапшада «Боралдай атауы қалмақтарда «лай су» деген мағынаны береді» - деп көрсетеді. (Бақтияр Әбідаұлы. Сиқым Рысбек батыр. Алматы: Мерей, 1994, 73 бет).

Әсіресе Боралдай өзені көктемгі қар мен жаңбыр суының әсерінен лайланып, арнасын шайып ботана болып ағатындығын да байқауға болады.

Жуалы ауданы, Тасбастау ауылының тұрғыны Қабылбекұлы Тұрдықұл атамыздың айтуынша, Боралдай атауы – өзеннің кәдімгі бор түстес, ағарып ағып жататындығына байланысты берілген атау.

Еркінбек Қойшыбаевтың пікірінше, түркі тіліндегі борал анықтауыш тұлғаға анықталатын тай «тау» тұлғасы тіркелген ороним. Борал немесе бурұл формалары қазіргі қазақ тілі нормасында «бұрыс», «бұрма» немесе «теріс» ұғымын береді.

Боралдайдың өзге дублеттері Боралдайтау, Бурылтай, Бурылтөбе формасына келеді. (Қазақстанның жер – су атаулары. Алматы: Мектеп, 1985, 78 – 79 бет)

Борсықтөбе

Жуалы ауданындағы Ынтымақ елдімекенінің 5 шақырым солтүстік жағында «Борсықтөбе» - аталатын жайпақ төбе бар. Төбенің маңынан шағын бұлақтар басталып Шақпақ өзеніне құяды. Бұл төбені кейде жұрт «Дәрітөбе» деп те атайды, себебі бұл жерге осы аймақтағы егістік алқапқа себілетін тыңайтқыштар сақталған.

Борсықтөбенің айналасы көк майсалы шабындық болып келеді. Бұрынырақта бұл төбеде борсық көп болған, қазір олардың қазған індерінің орны ғана сақталып қалған.

Бұл жердің Борсықтөбе аталуы борсық хайуанатымен байланысты қойылған яғни «борсық мекендейтін төбе» деген сөз.

Ботақара

Жуалы ауданының солтүстік шығыс жағындағы Қарабастау елдімекенінің тұсындағы Кіші Қаратаудың бір шатқалы Ботақара аталады.

Ботақара аңғарында қалың жабайы алма, долана алша т.б. жеміс – жидектер көп өседі. Сол аңғардың жоғарғы жағында батысқа қарай (үстіртке) асатын асу бар. Бұл жерде Берікқара желі өте қатты тұрады . Ботақара атауының бота этнониміне

ешқандай қатысы жоқ. Түркі және монғол тілдерінде «бота» сөзі бұта, ал «қара» сөзі төбе - деген мағынаны білдіреді. Бота және қара компоненттерінен жасалған «бұта төбе» немесе «бұталы төбе» - дегенді білдіретін хоронимдік атау.

Бурное

Бұрынғы «Бурное» (Боранды) Жуалы ауданының орталығы, ресми түрде 1936 жылы қазіргі жер көлемімен өз алдына «Жуалы ауданы» болып отау тіккен. Ол Теріс өзенінің оң жағалауында, солтүстігінде Қаратау, батысында Боралдай, оңтүстік шығыста Талас Алатауының түйіскен жерінде орналасқан.

1993 жылдан бастап Бурное елдімекені даңқты жерлесіміз Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының есімімен аталады.

Бұл елдімекен туралы Қырғыз жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Шыңғыс Айтматов қазан төңкерісінен кейінгі тарихи кезеңдерді өзінің басты кейіпкері Едігенің атынан әдеби көркем тілмен «Боранды бекет» романында баяндаған.

Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» кітабында, 1917 жылы Бурное темір жол бекетінде үлкен базар ашылғандығын айтады. (Бауыржан Момышұлы. Ұшқан ұя. Алматы, 1976, 41 бет).

Инженер тарихшы Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірбаянында: «В 1914 году он работал начальником участка и главным инженером участка Арыс – Аулие Ата» - деп көрсетіледі. (М.Тынышбаев. История казахского народа. Алма – Ата, 1993, 8 стр).

Демек, Бурное елдімекенінде темір жол құрылысы 1914 – 1915 жылдары салынған. Бұл мәліметті тарихи танымдық «Жуалы» кітабы да нақтылай түседі. «Ресей өкіметі Орынбор – Ташкент темір жолының құрылысын бастап жіберді. Осы учаскеге қарасты Жетісу темір жолының құрылысы 1914-1915 жылы Арыстан Бурное станциясына жеткізілді» - деп жазылған.

Тарихи деректерде осы Боранды – Бурное бекетін басып өтетін Түркісіб құрылысында 29,5 мың Қазақстан азаматы жұмыс істесе оның 1,5 мыңы Жуалық кедейлер болатын.

«Құрылыс 1930 жылы 25 сәуірде Луговое станциясынан 640

шақырым жердегі Айнабұлақ станциясында түйіскен. Жолшыларды КСРО мемлекетінің басшысы И.В. Сталиннің өзі құттықтаған. РКФСР Халкомсовы жанына құрылған Түркісіб құрылысына жәрдемдесу комитеті төрағасы Тұрар Рысқұлов та қажырлы қызмет еткен» - деп көрсетілген. (Мырзахан Ахмет. Жері, суы дуалы – Жуалы. Алматы: Тоғанай Т, 1998, 29 – 30 бет)

Қазір өмірде жоқ сол кездегі шойын жол құрылысына қатынасқан қариялардың айтуынша жол құрылысына күш – көлік жылқы, арба, кетпен-күрек, қайла сияқты материалдар зембілмен тасып төгілгендігін еске алушы еді.

Сол кезде Түркістан – Сібір темір жолынның құрылысын жеделдету міндеті қойылғандықтан жұмыс ешқандай тоқтаусыз, үлкен қарқынмен жүргізілген. Жол салуға 20 мыңнан астам жұмысшылар қатынасқан, олар барактарда, палаткаларда тұрған.

Аудан орталығы болған Бурное селосы мен осындағы темір жол бекетінің неге бұлай аталғанын көпшілік әлі біле бермейді. 1913 - 1914 жылдардың қысында Ташкенттен бері қарай тартылған шойын жол құрылысы дәл осы біздің өңірге келіп жеткен-ді. Табиғаты қатал, қысы боранды, аязды, ызғарлы Жуалы жеріне жеткенде жол құрылысы тоқтап қалады. Айлап соққан ақ боран жолшылар жұмысын бір адым ілгері жылжытпайды. Қыс бойы жаман барактар мен шатырлардың жыртығынан сыртқа сарыла қарап, Жуалының дүлей боранынан мезі болған жолшылар «бұл жер боранды жер екен» ғой, болашақ бекет «Боранды», болып аталсын - деген екен. Борандының орысшасы «Бурный» емес пе? Жол құрылысында жұмыс істегендердің басым көпшілігі орыс ағайындар болғандықтан, бекет салынып болған соң, олар оның маңдайшасына «Бурное» - деп жазып кеткен деседі. Кейінірек темір жол бекетінің айналасына қоныс тепкен үлкен елді - мекен де осылай аталып кетіпті.

Жауынгер жазушы Д.Фурманов өзінің Ташкент - Әулиеата сапарында осы Бурныйда болғандығы туралы өзінің «Мятеж» атты романында баяндайды.

Бурыл тауы

Ежелден ел қара шаңырақ тұтқан Қаратаудың күнгеі бетіндегі Тараз қаласының солтүстік батысындағы сілемдерінің бірі «Бурыл тауы» деп аталады. Ол Жуалы жеріндегі Қарабастау аталатын елдімекеннің солтүстік жағында 2 – 2,5 шақырым жерде орналасқан.

Бұл шағын таудың беткейінен әсіресе 1950 жылдардан бастап құрылыс материалы ретінде жалпақ тастарды қазып алып пайдалана бастаған.

Үйдің тұғырын (фундаментін) сол сияқты тастан түрлі мекемелер мен қойма, мал қоралары т.с.с. құрылыс нысандарын салуға осы Бурыл тастары кеңінен пайдаланылған. Бұл жалпақ, қалануға өте қолайлы кірпіш тектес тастарды ел «Бурылдың тасы» - деп атайды.

Бурыл тауына байланысты оның не себептен «Бурыл» аталуы жайында біз Мұхаметжан Тынышбаевтың еңбегінен кездестірдік. Тарихшы – инженер қырғыз халқының аузында сақталып қалған бұл аңызды Ыстық көл маңының тұрғыны Ешеналы Аралбайдан жазып алған.

Еңсегей бойлы Есім ханның қалмаққа қарсы жасаған жорығына ыстық көлдің аумағындағы қырғыздар да қосылып, қолдау көрсетеді. Түбі бір туысқан қырғыздар осы жорықта Есімге қазақ дәстүрімен ат сыйлайды, осыған байланысты тауды Бурыл аталуын былай баяндайды:

«Когда Есым в походе на калмыков прибыл в район Иссык – Куля, к нему присоединились киргизы: родовитые киргизы делали Есыму подарки; между прочим, были приведены к нему один жеребец гнедой масти и две жеребца чалой масти; предок Арамбаева в 9 колонне Тугельбай подарил Есыму лучшего скакуна во всей Киргизии – саврасого мерина.

Поход окончился для Есима удачно; на обратном пути на север от Иссык – Куля стал гнедой жеребец – это местность до сих пор называется «Торы – айгыр» («Гнедой жеребец») чалые

жеребцы стали, пройдя Аулие – Ата, на сопках, получивших от них свой названия: «Улькен Бурул» («большой чалый») и «Кчи – Бурул» (Малый чалый) – делінген. (М.Тынышбаев. История Казахского народа. Алматы: Қазақ Университеті, 1993, 158-159с).

Е.Қойшыбаев пақірінше: «Түркі орографиялық бұрыл – бұрма – борма – борал тұлғалас «бұрыс, қиғаш» мәніндегі терминдердің айтыла келе қалыптасып кеткен түрі» - деп көрсетеді. (Еркебай Қойшыбаев Қазақстанның жер – су атаулары. Алматы: Мектеп, 1985, 82 – 83 беттер)

«Бұрыл» сөзінің түс белгісімен ешқандай байланысы жоқ. Шындығында Бұрыл тауы Кіші Қаратау сілемдерінен шығысқа қарай бұрыстау жатқаны рас.

Бұрғансу

Жуалы ауданының оңтүстік, Алатаудың етегіне жақын Тәттібай ауылының шығыс жағындағы ескі бөгет аты осылай «Бұрғансу» - деп аталады.

Тобшақты аталатын алқаптың жоғарғы жағындағы таудан басталатын өзеннің суы өте қатты, арынды. Осы суды Тәттібай және Шақпақ ата елдімекендеріне қарай бұру үшін Ұлы Отан соғысынан бірер жыл бұрын бөгет салынған. Бұл бөгеттің

ұзындығы 60 – 70 метрді құрайды, ал биіктігі 2,5 – 3 метрдей, қазіргі кезде оның орны ғана білінеді.

Бөгеттің Бұрғансу аталуы «суды бұрған» - деген мағынаны білдіретін гидронимдік атау.

Бірлік

Жуалы ауданының батысындағы Құлан тауының етегіндегі Құлан асуының аузындағы ескі елдімекеннің аты. Бірлік ауылында 1970 жыдарға дейін Ұлы Жүздің шаңышқылы руы мекендеген. 1940 жылы депортацияланған 10 мың поляк осы Бірлік ауылына және оның төңірегіне орналастырылған. Ол жерде 1960 жылға дейін сегіз жылдық мектеп болған.

«Бірлік» - атауы социалистік құрылыстың әуелгі кезеңдерінен елес беретін әлеуметтік топоним.

Дарбаза

Жуалы ауданының солтүстік – шығыс жағындағы «Үлкен Бурыл», «Кіші Бурыл» - аталатын тау сілемдерінің солтүстігінде орналасқан шағын елдімекен «Дарбаза» - аталады. Бұрын бұл жер «№1 Ферма» аталып келген. Ол елдімекен Қарабастау ауылынан оңтүстік – шығысқа қарай 7 шақырым жерде, жанында **Дарбаза су қоймасы** бар. Қарабастау ауылынан оңтүстік – шығысқа қарай шыққан жол осы Дарбаза ауылына, онан әрі қарай **Дарбаза шатқалына** апарады. Елдімекеннің «Дарбаза» - аталуы негізінен осы шатқалға байланысты. Бұл шатқалдың кіре беріс аузы бір көлік сиятындай өте тар дарбазаға (қақпаға) ұқсайды. Кіре беріс шатқалдың екі қапталы жақпарлы жартас болып келеді де арй қарай өткен соң аңғар кеңейіп жоғары өрлеп кетеді.

Осы Дарбаза ауылына жақын жерде, Дарбаза су қоймасынан оңтүстікке қарай 0,5 шақырым жердегі **Ақсу** өзенінің сол жақ терассасында мустье заманының шеберханасы болғандығы туралы археологиялық айғақ бар.

Елдімекеннің, су қоймасының шатқалдың «Дарбаза» аталуы өзбек, иран тілдерінің «дарбаза» сөзінің баламасы қақпа сөзінен шыққан. Оңтүстік қазақтарына әсіресе өзбек халқынан енген «дарбаза» сөзі әлі күнге «қақпа» сөзін алмастыра береді.

Датқаның сазы

Күреңбел елдімекенінен батысқа қарай 6 шақырымдай жердегі Б.Момышұлы – Қошқарата асфальт жолының шығысында «Датқаның сазы» - аталатын жалпақ саз бар. Бұл жердің «Датқаның сазы» - аталу себебі сиқым руынан шыққан Рысбек батырдың тұңғыш ұлы Батырбек датқамен байланысты.

Жуалы жеріндегі ХІХ - ғасырдағы билік тұтқасын ұстаған ардақты азаматтардың бірі Батырбек датқа болған. Датқа сөзі өзбектердің «доtha» деген сөзінен шығады, мағынасы генерал дәрежесіндегі ел билеуші дегенді білдіреді.

Бірқатар тарихи деректерде және ол ел аузында сақталып қалған естеліктерге сүйенсек, Батырбек датқа кезінде Жуалы ауданының, Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас, Сайрам аудандарының аумағына сондай-ақ Шымкент қаласының

төңірегіне билік жүргізген. 1863 жылы Шоқан Уәлихановпен кездесіп, онымен Оңтүстік өңірді отаршылырдан азат ету жөнінде пікірлескен деген де деректер бар. (Ә.Жылқышиев «Дауылдан кейінгі жарық» кітабы). Халықтың құрметіне бөленген датқаны кезінде Майлықожа, Мәделі, Шөже сынды ақындар жырға қосқан. Ташкенттегі мұрағаттан табылған мәліметтерде 1874 жылы Батырбек, Қасымбек датқалар Құнанбай, Андамас сынды билер өздері қаржы шығарып Меккеден үш қонақ үй салдырғаны туралы айтылады.

1971 жылы Жуалыдағы (Бұрынғы Чапаев атындағы колхоз) Күреңбел ауылының іргесіндегі Датқа сазының маңынан «Бұл өлке қасиетті адам жерленген қасиетті өлке» - деп Дінмұхамед Қонаевтың киіз үй тіктіріп түнеп шыққанын бүгінде осы өңірдегі екінің бірі біледі.

Кешегі Кеңестік дәуірде Батырбек датқаның күмбезі құлатылып, жанындағы мешіті қиратылған болатын, оның орны қазіргі кезде шағын төбешік болып жатыр. Батырбек датқа туралы М.Қалдыбаев, Т.Талапұлылар көлемді еңбектер жазған.

Қорыта айтқанда «Датқаның сазы» елдің елдігін танытып өз жерінің жалпыға ортақ етіп көрсеткен, қайран елі үшін «елім-айлап» өткен, ел басқарып ел ақылшысына айналған тарихи тұлға Батырбек датқаға байланысты қойылған атау.

Дөңгелек саз

Қазіргі Шақпақ ата ауылдық округіне қарасты Ынтымақ елдімекенінің батыс іргесіндегі Қыстаубай көлінен солтүстікке қарай төрт шақырым жердегі теңге жапырағы мен пішені ұйысқан, аумағы 6 – 7 шаршы шақырым болатын жасыл мекен «Дөңгелек саз» - аталады. Бұл жердің сазды болатын себебі Құлантаудың етегінен андыздап аққан бұлақтар мен Дөңгелек саз өзінің айналасына қарағанда ойпандау жерге орналасқандығынан. Жерінің сазды болғандығынан оның төңірегінде алқаптарда диқандар егін егу жұмысын кештеу, мамыр айының басында жүргізеді.

Осы Дөңгелек саздың «Байсейіт құлаған» деген де атауы болған екен. Бұл жердегі болған бір тарихи оқиға туралы жер мен

елдің шежіресін жетік білетін тарихшы – ұстаз Райыс Дүйсебайұлының пікірше, ХХ ғасырдың соңында Қоңыртөбенің жанындағы Көкшебұлақты мекендейтін Шегір руы мен Құлан асуының аузындағы Шаңышқылы (Қатаған) руы арасында барымта мен жер дауына қатысты екі елдің арасындағы жағдай ушығып тұрған кез болса керек. Рулар арасындағы осындай бір жанжал Дөңгелек сазға байланысты болады. Екі жақ та бұл жерді өздерінікі екендігіне таласып ақыр аяғы үлкен дауға айналады. Бітімге келе алмаған екі жақтың жігіттері соғысуға тас – түйін бекініп Дөңгелек саздың басына жиналады. Осы дүрбеленді сезіп біліп, төсек тартып жатқан сексен жастағы Байсейіт есімді көпті көрген әулие кісі мән – жайды шоқпар, сойыл сайлап жүрген жігіттерден сұрайды.

Жігіттер: Ақсақал, екі жақтың жанжалы соғыссыз тынар түрі жоқ, бір сойқан болайын деп тұр – дейді. Сол кезде Байсейіт қария:

- Олай болса Дөңгелек сазға мені де ала барындар. Дау - жанжалдың қантөгіссіз, адам шығынысыз шешілу жолын мен өз мойныма алайын – дейді.

Сөйтіп Шегір руының жігіттері Дөңгелек саздағы ұрыс болатын жерге атқа қондырып Байсейіт қарияны да жеткізеді. Асарын асап, жасарын жасап болған сырқат қария Дөңгелек сазға жеткен соң алдын – ала уәде байланысқандай екі жақтың жасақтарының көз алдында аттан ауып түсіп, үзіліп кетеді. Сол кезде Шегір жақтың жігіттері «Бауырым – ай!», «Атам – ай!» - деп соғыс жайын ұмытып Байсейітті жоқтап өздерімен өздері болып кетеді. Шаңышқылының жігіттері қатты сасады, Шегір жағынан болған кісі шығынына өздерін кінәлі сезінеді. Шаңышқылдар жағы қарияға құн төлеп екі жақ соғыссыз бітімге келген екен.

Дөңгелек саз сол майсалы теңге жапырағы мен жасыл желегі жайқалған қалпын бүгін де сақтап қалған. Жергілікті жұрт жазғы маусымда осы жерден төрт түлік малға мая – мая табиғи пішендеме дайындайды. Бұл жердің «Дөңгелек саз» -аталуы алқапты алып жатқан саздың пішініне байланысты қойылған жер атауы.

Еңке

Жуалы ауданындағы Көсегенің көк жоны аталатын жердегі өзеннің бойында «Еңке» - аталатын жер бар. Бұл жер өзен, су, бұлақ атауы емес бұрынғы қоныс атауы.

1870 жылдары Оңтүстік Қазақстан аймағынан осындағы Шымырлардың жеріне Қаңлы руының Еңке атасынан тараған ұрпағы келіп қоныс тепкен. Сөйтіп олар Ұлы Отан соғысына дейін сол аймақты мекендеп тұрып қалған.

Жер атауы осы Еңке қаңлының атымен байланысты «Еңке» аталған анротопоним.

Жалпақ саз

Шақпақата ауылдық округіне қарасты Шақпақ ауылынан солтүстік – батысқа қарай 2 шақырым жерде Қоңыртөбенің солтүстік – шығыс баурайындағы жасыл өлке – «Жалпақ саз» - аталады. Саздың көлемі 18 – 20 шаршы шақырымдай жерді алып жатыр. Ол солтүстік жағы Қызылдаламен, ал оңтүстігі Қоңыртөбемен шектеседі.

Жалпақ саз өткен замандарда сол манда тұратын Шаңышқылы руының жаз жайлауы болған. Бұл жер сазды болғандықтан ешуақытта егіншілік мақсатқа жыртылған емес. Тек 1975 жылы тау етегіндегі бес гектардай бөлігі жыртылған кезде ол алқапты арам шөп, тікен және қурай басып кеткен, сонан кейін ол қателік қайталанған жоқ.

Жалпақ саз бұрынғы К.Маркс атындағы совхоздың (Қарасаз) ең негізгі малға шөп дайындайтын жері болған. Жер атауы сырт көрінісіне (жалпақтығына) қарай «Жалпақ саз» - аталған. Бұл атаудың көне дуплеті «чалпақ» немесе «шалпақ» түрлерінде келеді.

Жетімтау

Бұл шағын тау Бөкей тауының шығыс жағындағы кішкене бір сілемі. Кеңес елдімекенінің батыс тұсында 5 шақырым жерде орналасқан. Көлемі мен биіктігі жағынан онша үлкен емес, Бөкей тауынан оқшаулау орналасқандықтан оны жергілікті жұрт

«Жетімтау» - деп атайды. Жетімтау аталу себебі таудың оқшау, жеке орналасқандығына байланысты қойылған атау болып табылады.

Жетімтаудың шығыс жағындағы қия беткей «**Жидебай**» - деп аталады. Бұл жердің «Жидебай» - деп аталуына негіз болатын жиде ағашы мүлдем өспейді. Не себептен бұлай аталатындығы туралы сұрастырғанмен ешқандай мәлімет ұшырастыра алмадық. Соған қарағанда бұл жердің атауы Жидебай есімді кісінің атымен байланысты ма? - деген жорамалға тоқтаймыз.

Жетітөбе

Б.Момышұлы - Қошқарата автомобиль жолының 19 – 20 - шы шақырымының батыс жағында Құлан тауының етегіне дейін қаз - қатар орналасқан төбелер осылай «Жетітөбе» - аталады. Бұл төбелердің саны негізінен тоғыз. Бірақ соның жетеуінің шоқтығы биік, көзге айқын көрінеді. Бұл төбелер табиғи төбелер емес, қолдан үйіліп жасалғандығы айқын байқалады, биіктіктері 7 - 9 метрдің шамасында да, диаметрі 25 - 35 метрді құрайды. Орналасуы жағынан бір түзудің бойында болғандығына қарай бұл төбелер жаугершілік кезеңде қорғаныс үшін қолдан үйілген төбелер екендігін дәлелдейді.

Осы ауылдың байырғы тұрғыны Әшен Айманбетұлының айтуына қарағанда, бұл төбелер Құлан тау мен Теріс өзеніне дейін созылып жатқан жотаға жаудан қорғану үшін үйілген екен, мұның ұзын саны тоғыздан да көп - деп баяндайды.

«Төле би мен Қойгелді батыр» кітабында Жетітөбе туралы қысқаша мынандай мәлімет берілген.

«Шежіре қарттардың айтуы бойынша жоңғарлардың қарауыл төбесі Бөкей тауының етегінде болған. Қалмақтар қарауыл қарап, жау келгенде түнде от жағып белгі беру үшін үйген жеті төбе әлі күнге дейін тұр» - делінген. (Бақтияр Әбілдаұлы Төле би мен Қойгелді батыр. Алматы: Қазақстан, 1992, 107 бет).

Жетітөбе орналасқан жота Ұлы Жуалы мен Орта Жуалының шекарасы, бұл арадан табиғат та күрт өзгеріске ұшырайды. Жетітөбе атауына байланысты осы кездегі Кәріқорған

елдімекенінде осы аттас орта мектеп және шаруа қожалығы бар.

Жолбарысқамал

Қошқарата, Боралдай өзендері мен Ұзынбұлақтың қосылған жеріндегі алапты жұрт «Үшқаспа» - деп атайды. Ілияс Есенберлиннің Көшпенділер тарихи триологиясында, бұл жер - Үшашы деп көрсетілген. Ұлы жүздің ханы Жолбарыс кезінде осы Қаратаудың ең құйқалы, қордалы жайлауын жайлаған.

Жазушы Еркінбек Тұрысовтың «Бәйдібек» атты кітабында: «Қаратау атырабын жаудан тазартуды армандаған Төле би, Жолбарыс ханмен бірге ұлы жүздің орда туын Балабөгеннің шығысындағы Дегерез биігіне көшірген еді. Ұзынбұлақтың көкмайса жотасында атағы күркіреген қалмақтың бас батыры Ботхишар жекпе - жекте Өтеген найзасынан жайрап, мүрдем кеткесін, басынан бағы тайған қалмақтар тоз - тозы шығып Қошқарата, Үш сүңгіні өрлеп, шығысқа Қаратау жонын асып, қарасын біржолата батырды. Сол жасынды жорықтардың елесіндей келер ұрпаққа жер сақтаған, ел сақтаған белгісі – Жолбарысқамал, Садырқамал, Байқамал деген аты қалды артында». (Е. Тұрысов. Бәйдібек. 1998).

Сиқым Рысбек батыр кітабында Б.Әбілдаұлы мынандай мәлімет келтіреді: «Үшқаспа жайлауын Жолбарысхан өлтірілген соң жоңғарлардың хантайшысы Қалден Сереннің өзі иемденген еді» - деп жазады. (Бақтияр Әбілдаұлы. Сиқым Рысбек батыр. Алматы: Мерей, 1994).

Бұл тарихи мәліметтерді қорыта келе Жуалы ауданының Қошқарата өңіріндегі Жолбарысқамал атты жер Ұлы жүздің ханы Жолбарыстың есімін байланысты қойылған антропонимдік атау деп білеміз.

Жосалы

Жуалы ауданының Билікөл ауылының солтүстігінде 10 шақырым шамасында Тараз - Қаратау автомобиль жолының оң жағында орналасқан қорған төбелер ертедегі темір дәуірінің ескерткіштері болып табылады. Ол қорған төбелердің диаметрлері әртүрлі. Жосалы туралы дерек Жамбыл облысының

энциклопедиясында (265 бет) келтірілген бірақ, онда «Жасалы» деп көрсетілген.

Бұл төбеледің Жосалы аталуына ол жердің қып - қызыл болып жатқан топырағы мен жоса аталатын шөп себеп болған. Қазақтың тұрмысында «қан - жоса», «жосадай» - деген теңеу сөз тіркестері бар, мағынасы қан түстес қып - қызыл дегенді білдіреді.

Көнекөз қариялардың айтуынша, бұл жерден ертеректе әр түрлі бұйымдарды, ағашты бояйтын жоса бояуы өндірілген. Сол себепті бұл жердің атауы «Жосалы» - деп аталған.

Бұл қорған төбе ескерткіштерді А.Досымбаева жетекшілік еткен Ш.Уәлиханов атындағы Қазақстан Ғылым академиясының Тарих, археология және этнологиясының институтының экспедициясының отряды ашқан.

Жұрынсай

Билікөл аймағындағы Кіші Қаратаудың шығыс беткейіндегі шатқалдардың бірі «Жұрынсай» - деп аталады. Оның орналасқан жері Ленинский путь ауылының жоғарғы жағында Тараз – Қаратау автомобиль жолынан батысқа қарай 8 шақырым жерде орналасқан.

Жұрынсай шатқалын бұрын Шымырлар мен Құттықтар мекендеген, кейін олар Билікөл аймағындағы Қарабастау, Ленинский путь, Майтөбе елдімекендеріне қоныс аударған.

Бұл шатқалдың «Жұрынсай» - аталу себебі сол жерді мекендеген Жұрын атты кісінің есімімен байланысты анротопоним.

Бұл сайдың аңғарынан мөлдір, таза бұлақ ағып жатады, су аңғары тастақ болғандықтан ол ешқашан лайланбайды. Бұлақтың екі жағасында жеміс – жидек, тал – терек, алма басқа да жабайы өсімдіктер қалың өседі.

1980 – 1995 жылдар аралығында Жұрынсайда Жамбыл облысының кәсіптік – техникалық білім беру училищелерінің оқушыларына арналған демалыс - сауықтару лагері жұмыс істеген.

Жыланды сай

«Жыланды» - аталатын терең сай Тәттібай ауылының солтүстік жағында, Түрксіб темір жолының үстінде. Жыланды сай аталатын жерлер Қазақстан жерінде көптеп кездеседі, соның ішінде Жуалы ауданының жерінде де осы аттас бірнеше сай бар.

Бұл жердің «Жыланды» - аталуының себебі бұрын ордалы жыландар мекендеген. Соғыс жылдарында осы сайда шөп шауып жүрген әйелді жылан шағып өлтірген - деп еске алады сол маңдағы Тәттібай ауылының тұрғындары. Жыланы көп болғандықтан «Жыланды» аталуы ономалық нормаға сияды.

Жылбұлақ

Билікөл ауылдық округіне қарасты «Жылбұлақ» - аталатын шағын елдімекен Қарбастау елдімекенінен оңтүстік шығысқа қарай 9 шақырым жерде орналасқан. Бұрын бұл ауыл «№2 Ферма» аталатын.

Ауыл маңындағы ойпаң жерге көктемдегі тау суы мен бұлақ сулары көп жиналады. Сол себепті су арнасынан асып Дарбаза ауылына қауіп төндірмес үшін арнайы канал салынған.

Көктем айларының өзінде сол Билікөл аймағындағы бұлақтардың жылы болатын ерекшелігі бар, балалар шомылып балық аулай береді.

Ауылдың және бұлақтың «Жылбұлақ» - аталуы қазақ тілінде «жылы бұлақ» тіркесі айтыла келе жылы сөзінің аяққы дыбысы түсіп, жылбұлақ түрінде қалыптасып кеткен гидронимдік атау.

Ирекасу

«Ирекасу» - аталатын асу Тәттібай ауылының жоғарғы жағында Алатаудың Жуалыға қараған белінен Көксалаға асатын асуы. Аты айтып тұрғандай асудан асатын осы жол аңғарды бойлай ирек – ирек жоғары көтерілетін сүрлеу жол. Ирекасудың сұлабасы әлі күнге жақсы сақталып қалған.

«Аңғармен бойлап жоғары көтерілген соң жота – жотаны қиялап аттан түспей – ақ Көксаладағы Байдалы атамыздың жайлауына талай асқанбыз» - деп менің әкемнің әкесі Жамалбек атамыз айтып отырушы еді.

Сол ирек асумен 1932 – 1934 жылдарғы ашаршылыққа дейін жазда жайлау асып, күзге қарай қайта түсетін жол болған. Соғыстан кейінгі жылдары бұрынғы Кременевка совхозының жылқыларын Көксалаға осы Ирекасумен айдап барып, айдап келіп отырған. Жазы өте салқын әрі шөбі шүйгін болғандықтан жылқыларды сол Көксаланың жайлауында ұстаған. Жердің көк шалғынды болуына байланысты «Көксала» - аталған.

Кәріқорған

«Кәріқорған» – аудан орталығы Бауыржан Момышұла ауылынан солтүстік батысқа қарай 25 шақырым жерде орналасқан. Ауыл Жетітөбе ауылдық округіне қарасты, ол бұрын «Казанка» - аталып келген ал, 1993 жылдан кейін өзінің байырғы Кәріқорған атауын қайта иемденді.

Бұл жердің «Кәріқорған» - деп аталуына Құлан тауының қойнауындағы көне қорған себеп болған. Орта ғасырларда тастан соғылған бұл ескі қорған Түркісіб аталатын алма бағының үстіңгі батыс жағында 4 шақырым жерде.

Кәріқорған ауылынан оңтүстік батысқа қарай 6 шақырым жерде X – XII ғасырларға жататын қарауыл мұнарасы болған және сол маңда б.з.д II – б.з II ғасырларына жататын обалар кездеседі.

Қазіргі кезде сол Кәріқорған елдімекенінің жанынан ағып өтетін шағын өзеннің жағасынан көне дәуірдің мәдениетінен сыр шертетін тұрмыстық бұйымдар әлі де табылып жатады. Жер атауы осы қорғанға байланысты қойылған.

Кеңбұлақ

Боралдай тауынан басталатын Қошқарата өзенінің бір саласындағы жалпақ сайды жұрт «Кеңбұлақ» - деп атайды. Ол Талдыбұлақтың солтүстік жағында орналасқан. Ол жер 1960 жылдарға дейін Сиқым руының Есті атасының мекені болған. 1954 жылға дейін онда жеті жылдық мектеп және Сталин атындағы колхоз болған.

Жер атауының «Кеңбұлақ» - аталуы өзен саласының кеңдігіне байланысты; «Кең» және «бұлақ» сөздерінен құралған гидронимдік атау.

Көксай

Ақсай өзені сияқты Көксай өзені де Талас Алатауынан басталып Теріс өзеніне барып құяды. Көксай өзені Жуалы жеріндегі басты өзендерінің бірі. Талас Алатауының биік шатқалынан басталғандықтан өзеннің ағысы қатты. Көксай өзені төменгі шаруашылықтың егінді алқаптарын суаруға пайдаланылады.

Өзеннің «Көксай» - аталуына тоқталатын болсақ «көк» сөзі түспен байланысты анықтауыш яғни, көк сол аңғардың «көгеріс, ну жынысты» - екендігін айқындап тұр. «Көк» және «сай» сөздері қосылып Көксай атауын құрап тұр.

Жазушы Шерхан Мұртаза өзінің туған өлкесінің келбетін «Мылтықсыз майдан» атты повесінде Қаратаудың Бурыл, Теріс алабы мен Алатау баурайындағы Ақсай, Көксай өзендерін тамаша етіп суреттеген.

Көсегеннің көк жоны

Күні бүгінге дейін көнекөз қариялар Бурно - Октябрь елді мекенінің оңтүстігінен басталып Бақаты, Аралтөбе арқылы Шаянға дейін созылып жатқан қырат үстіндегі жонды «Көсегеннің көк жоны» - деп атайды. Бақатыдан басталып оңтүстіктен солтүстікке қарай шағын бұлақ ағып шығады да Теріске қосылады.

Бұл өңірдің табиғаты өте көркем, жылдың көктем, күз, жаз айларында да бұлақтың екі жағасы көк майса болып жатады, малға өте қолайлы.

Ескілікті кісілердің аузында көп айтылатын Көсегеннің көк жоны туралы жазушы Әбіш Кекілбайұлының Үркер романында да Әбілқайыр ханның Кіші жүздің қалың қолын бастап Сары Арқаның сары белінен жаудан қалған ата тау Қаратауға келгендігі туралы былай жазады:

«Суыт жүрісті Кіші жүз қолы жапырық таудың аласарып, болдыртқан көрттің мүжілген жамбасындай боп сілемденіп біткен күн батыс құйрығына ілікті. Сонау Жәнібек, Керей заманынан бермен қарай талай шайқасты көріп, талай боздақтың басын жұтқан аран шатқал сілтідей тынып тұр екен...

Әбілқайыр, Бөкенбай, Есет, Батыр тұра қалып ойға батты. Жау Балқаш беттен келе жатса Қаратаудың теріскей бетінде отырған Орта жүз бен Ұлы жүз ауылдарын жапырып өтпей, сонау Қошқар ата жақ тұмсықтан айналып Түркістанға беттей қоймас. Әскерінің бір парасын әлгі айтқан Қошқар ата жағымен Арыс бойлатып күнгей аттандырар да қалған жағына Көсегенің көк жоны арқылы кеп Баба – Ата, Шолаққорған, Созақты шаптырып, Торлан мен Сұғындық арқылы құбылаға өткізіп алуға асығар...» (245 бет)

Әбілқайырдың қолымен бірге келе жатқан үш жүздің аузында аты жүрген атақты Мәті бидің ұлы Тайлан батырдың Көсегенің көк жонында отырған өз ауылына асығуын былай суреттеген:

«Иә, оның есіл – дерті – сонау Көсегенің көк жонына шығар жердегі оңаша бұлақ басында отырған өз ауылына жету, жетпістен өтіп сексенге аяқ басқан кәрі әкесін көру, енді – енді тәй – тәй басып жүре бастаған ұлын көру, жалғыз көк ала атпен жүрсе де қалған қазақты көрмегендей, өзін қалап келген қазақтың асқан байы Садыр Жомарттың әлпештеп баққан жалғыз қызы Пәтшәймді көру. Әбілқайыр ат үстінде құс болып ұшып кетуге амал таба алмай, зорға шыдап келе жатқан Тайланды көріп аяп кетті». (Ә.Кекілбайұлы. Үркер, «Сөздік – Словарь», Алматы – 1999, 247 – 248б).

Еркебай Қойшыбаевтың Көсегенің көк жонына берген анықтамасы төмендегідей: «Көсеге сөзінің көнедегі «шымылдық» немесе «қоршау» мәндері семантикалық та, логикалық та жағынан көптеген қазіргі түркі тілдерінде сақталып келеді. Этимологиясы: «қоршаулы көктің жоны» мағынаны береді» (Қазақстанның жер – су атаулары. Алматы: Мектеп, 1985, 136 бет.)

Қариялардың айтуынша бұрын бұл жерден Шаянға өтетін жол болған дейді. Соған қарағанда орта ғасырлық Теріс жағасындағы Баркубе қалашығынан осы Көсегенің көк жоны арқылы Жібек жолының қосымша тармағы өткен сияқты. Сондықтан бұл жол «Көсегеннің көк жоны» - аталады деп пайымдаймыз.

Көктөбе

Жуалы ауданындағы елдімекен аты. Көктөбе ауылдық әкімшілігі округінің орталығы. Аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылының шығыс жағында 2 шақырым жерде орналасқан.

Көктөбе аталатын жер атауы Қазақстан аймағында көптеп кездеседі.

Еркебай Қойшыбаев өзінің Қазақстанның жер – су аттары деп аталатын сөздігінде Көктөбе атауына төмендегідей анықтама береді: «Бұл арада Көктөбедегі «көк» сөзі «заңғар биік» немесе тіпті аспан мәніне сай келеді. Оған «төбе» сөзі қосылып заңғар биік төбе деген ұғымды білдіреді». (Қазақстанның жер – су атаулары. Алматы: Мектеп, 1985, 135 бет).

Алайда біз топонимикалық атауын сипаттап отырған Көктөбе атауы «Заңғар биік» деген анықтамаға келмейді. Көктөбе аталатын елдімекеннің батысындағы шағын төбе ондай төбелердің санатына жатпайды, тұрқы аласалау. Мұндағы «көк» сөзі түспен баланысты «төбеге» қосылып «Көктөбе» - атауын құрап тұр.

Көкшебұлақ

Қоңыртөбенің шығысынан басталып оның солтүстігін орай жағалап барып бес шақырымдай ылдиға бет түзеп, Шақпақ өзеніне қосылатын бұлақ «Көкшебұлақ» - аталады.

Қоңыртөбенің солтүстік баурайындағы осы Көкшебұлақтың сағасында «Ақтабан шұбыранды» жылдарында Қаратаудың Майтөбе аймағын паналап басқа Шегір руластарына ілесіп көшпей қалып, кейінірек 1760 жылдары Құрман батыр 60 үйлі әулетін осында алып келіп қоныстандырған. Одан кейін, яғни 1780 – 1790 жылдары Құрман батырдың әулетін сағалап Қазығұрттан үш ата Айт, Түнқатар, Қарқара балалары осы Қоңыртөбенің баурайындағы Көкшебұлаққа келіп қоныс тебеді. Жанға да, малға да жайлы Көкшебұлақтың төңірегінде егін салып, мал бағып күн кешкен. Кеңес өкіметі құрылған соң олар қазіргі Ынтымақ елдімекеніне жиылып ұжым құрған.

Ал бұлақтың «Көкшебұлақ» - аталуына тоқталатын болсақ,

Қоңыртөбенің бауырындағы бұлақтың саласы қысы – жазы көкпеңбек болып көгеріп жатқандықтан жергілікті жұрт осындай атау берген.

Көлбастау

Көлбастау – Жуалы ауданындағы елдімекен аты. Ол Ақсай ауылдық әкімшілігінің құрамына кіреді. Аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылының оңтүстігінде 2 шақырым жерде орналасқан. Елдімекен аумағының өсуіне байланысты Көлбастау қазір аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылымен бірігіп кеткен.

Орыс переселендерінің келуімен байланысты 1916 – шы жылдары бұл жер «Евгеньевка» - деп аталған. 1993 жылы бұл елдімекен өзінің тарихи «Көлтоған» - атауын қайта иемденді.

Көлтоған туралы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» Шерхан Мұртазаның «Ай мен айша» атты еңбектерінде жақсы сипаттама берілген.

Жуалы перзенті ақын – сатирик Толымбек Әлімбекұлы:

Алатауы, Қаратауы Құланы,

Асу Күйік басын иіп тұрады.

Мейірінді, пейілінді қандырар,

Көлбастаудай мөлдір шипа бұлағы!» - деп

сипаттайды.

Елдімекеннің «Көлтоған» - аталуы, бұлақты буып жасалынған көл деген мағынаны білдіретін гидротопоним.

Көлтоған

Көлтоған – Жуалы ауданындағы ауыл, Боралдай ауылдық әкімшілігі округінің орталығы. Ол аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылынан солтүстік батысқа қарай 42 шақырым жерде орналасқан.

Бұл елдімекен 1992 жылға дейін Алексеевка аталып келген. Оған дейін бұл жер Көлтоған, онан да бұрынырақ, орыс переселендерінің келуіне дейін «Құдияр сазы» - аталып келген.

Елдімекеннің не себептен Көлтоған аталатынына тоқталатын болсақ, ол орыс переселендерінің Жуалы жеріне келетін 1910 жылдан басталады. Орыс кулагы Алексеев бұл жерді иемденген соң Бөкей тауының баурайынан төмен қарай ағатын бұлақтарды бөгеп, тоған салдырып, егін егеді. Осы өңірде өсірілген дәні баданадай, қарыс келетін бидай масағын Петербургке мақтаньш ретінде пошта жәшігіне салып жібергендігі туралы да мәлімет бар.

Елдімекен тоқсаныншы жылдардың бас кезіндегі тәуелсіздіктің, еркіндіктің лебі есе бастаған кезде «Көлтоған» - деген тарихи атауына қайта ие болды.

Көлтоған атауы «көл» және «тоған» сөздерінен құралған гидронимдік атау.

1997 жылдан бастап Көлтоғанда және округке қарасты Қошқарата, Қызтоған, Ақтасты, Рысбек батыр, Кеңес ауылдарында осы елдімекендердің атымен аталатын кооперативтер мен шаруа қожалықтары құрылды.

Күйік асуы

Жуалы ауданы шығысында Жамбыл ауданымен шектесер тұсында кіші Қаратау қатпарлы белдеуімен шектеседі. Оның жалпы ұзындығы 200 шақырым, ені 35 - 40 шақырымды құрайды. Сол кіші Қаратау белдемі арқылы Алматы – Ташкент – Бішкек көлік жолы Күйік асуы арқылы өтеді. Абсолюттік биіктігі 1200 метр. Күйік асуын Жамбыл облысының энциклопедиясында «Қиын асу» деп көрсеткен.

Бұл аймақты жазушы Ш.Мұртаза өзінің «Мылтықсыз майдан» атты повесінде былай суреттейді: «Теріскейдегі Қаратаудың күйік асуы тұсынан мұнартып, баланың жаңа шығып келе жатқан тісіндей боп үлкен Бурылдың қос өркеші көрінеді. Тескентау, Маймақ тұсынан Қапшағай қиялай Күркіреусу ирелеңдеп, Манастың қойнына кіріп зым-зия болады». (Ш.Мұртаза. 3 том, Алматы: Қазығұрт, 2002, 50бет).

Бұл аймақты 1922 жылы ақпан айының соңында жүріп өткен жауынгер жазушы Д.Фурманов «Мятеж» атты романында Күйік асуы туралы мынандай күнделік жазып кеткен. «Каюк (Күйік)

асуында табиғат тез өзгереді екен, бұралаң тастақты жолмен төмен құлдилай бердік. Жолдағы үлкен тастар татар молаларының басындағы белгі тастарға ұқсайды екен. Асу біткен кезде алдымыздан ескі керуен сарайдың орнына тап болдық. Бұл жерде арғы – бергі өткен жолаушыларға қарақшылық шабуыл жасалып тұрған да, ел көтеріліп керуен сарайды иесімен қоса өртеп жібереді. Жер атауы сондықтан Күйік аталады» - дейді. (Д.Фурманов Мятөж. Москва: Правда, 1980, 19 – 20 беттер) (мәтін ықшамдап аударылды).

Асудың «Күйік» аталуы туралы, Бөгенге жақын «Шошқа бұлақ» атты ауылдың тұрғыны Базен қарияның аузынан Мұхаметжан Тынышбаев төмендегідей аңыз әңгіме жазып алған:

«Есім хан жауға аттанар алдында Түркістанға Тұрсын ханды шақырып алып ел билігі мен отбасын аманат етіп тапсырады. Екі жыл жорықта болып, еліне қайтар жолда Әулиеатадан 40 шақырым жердегі таудан Тұрсын ханның бұзауларын бағып зар еңіреп жылап жүрген кейуанаға кездеседі. Байқап қараса кемпір өз шешесі екен, соның күйігінен жер атауы «Күйік» аталыпты делінеді». «(Есым узнал в старухе свою мать; им овладела «Каюк» (злоба, ненависть), откуда и местность стала называться «Куюк») (История казахского народа. Алматы: Қазақ университеті 1993, 157стр). Жер атауының «Күйік» аталуы осылай баяндалады.

Осы Күйік асуында Шыңғыс тағының иесі Күйік хан қайтыс болғандығы туралы І.Есенберлиннің Көшпенділер тарихи триологиясының бірінші кітабында мынандай тарихи оқиғаны келтірген: «Еділ өзенінің сағасындағы Алтын Орда астанасы Сарай қаласынан «Сарыарқадағы елімді көремін» деген сылтаумен он түмен қолмен Бату Күйікке қарсы жүрген.

Қалың қол екі жақтан таяй берді. Күйік пен Бату алыстан айбат көрсетіп, аяқтарымен жер қопарып сүзісуге келе жатқан екі бұқа тәрізді. «Қайсысының мүйізі сынбақ? Ал сынбаса қайсысының мүйізі мұқалып, намысқа шыдай алмай қан қақсап сырқырамақ?

Бүкіл Шыңғыс әлеті болып демін ішіне тарта күтті. Бірақ заңғар мүйіздер сарт – сұрт ұрысқан жоқ. Күтпеген жерден жол –

жөнекей Күйік екі күн ауырып қаза тапты». (І.Есенберлин Көшпенділер. Алматы: Жазушы, 1976, 11бет).

Бұл мәліметті М.Тынышбаев та растайды: «Каюк, укрупивший власть в обширном владении Чингис – хана, динулся в 1248 году на улус Джочи; Батый также пошел навстречу. Однако до открытого столкновения дело на этот раз не дошло: Каюк умер (по некоторым источникам был отравлен подосланным лицом Батыея) еще до встречи войск». (М.Тынышбаев История казахского народа Алматы, 219 стр).

Жолдасбек Тұрлыбаевтың «Райымбек батыр» романында Күйік асуының әрбір төбесінде қазақ жасақтары от жағып аз адаммен қалың жаудың алдын кескендігі туралы сөз болады.

2006 жылы сәуір айында «Қазақстан» телеарнасынан жүргізілетін «Атажұрт» бағдарламасында, асудың «Күйік» аталу себебі ақтабан жылдарындағы елдің күйік – зарынан туындаған атау деп айтылды.

Жазушы жерлесіміз Ш. Мұртаза «Жұлдызы биік Жуалы» атты очеркінде: «Күйік» - Қаратаудың атақты асуы. Неге «Күйік» деп аталғаны белгісіз. Мүмкін, «Қаратаудың басынан көш келеді» заманындағы қорлықтың күйігі ме екен? ... кейбір көктемде осы «Күйіктен» алты – жеті, тіпті одан да көп күндер бойы бір азынауық жел тұрады. Сонда жайқалып өсіп келе жатқан көк желең шынжау тартып, мешел баладай ілмиіп, көк тұрмақ, мал – жанның да реңі қашып берекесі кетеді. Асудың «Күйік» аталуы бәлкім содан шығар» - деп жазады. (Шерхан Мұртаза Не жетпейді? Алматы: Жазушы, 1990, 59 бет).

Көктем айларынан басқа кездерде бір-бірімен жалғасқан жоталар да, асфальт жолдың екі қапталындағы ентелеген жақпар тастардың да реңі қара қошқыл, бейне күйіп қалған жер іспетті. Мүмкін «Күйік» атауы да осы себепке байланысты ма деген болжам да жоқ емес.

Бұл асу туралы болжам, дерек аңыздардың барлығы да күйік, зар, қорқыныш сынды сезімдермен байланысты болғандықтан асудың аты «Күйік» - аталған деп жорамалдаймыз.

Күреңбел

Күреңбел - Жуалы ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы, ауыл шаруашылық кәсіпорын, өндірістік кооператив атауы.

Бұл аймақтың «Күреңбел» - аталуы туралы Кеңес ауылының тұрғыны Жаманқұлов Ділдәбек мынадай аңыз әңгіме айтады: «Төңкерістен бұрын мына жатқан Батырбек Датқаның сазында үлкен дуан өткен екен. Жан – жақтан дуанға жиналған атты адамдарда есеп болмапты. Аттарын жақын беткейге тұсап жіберіп таң ертең қараса аттары өліп жатыр екен. Сөйтсе ол “күреңсе” деген улы шөпті жегеннен болыпты. Ал жергілікті жердің жылқысы бұл шөпке үйреніп кеткендіктен уланбайды екен. Сондықтан мына жатқан үлкен бел Күреңбел аталған» – дейді.

Күреңбел елдімекені ХІХ ғасырдың 80 жылдары орыс генералы Самсоновтың атына қойылуы туралы ғалым Мекемтас Мырзахматов былай баяндайды:

«Жамбыл облысы Жуалы ауданындағы Самсоновка селосы да Түркістан өлкесіне генерал-губернатор болып келгенде, болыстыққа тек орыс тілін білетін бұратаналарды сайлау идеясын ұсынып, соны жүзеге асырған генерал Самсоновтың атына қойылған болатын - ды». (Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы: Атамұра, 1993, 79 бет).

«Күреңбел» - атауының шығуы - «күреңсе» сөзінің қысқарған түріне «бел» сөзін жалғау арқылы жасалған атау. Атаудың түспен байланысы жоқ, күреңсе - өсімдік аты, яғни «күреңсе өсетін бел» - деген сөз.

Күркіреусу

Жуалы грабенінің (ойысының) ортасынан басталып Кіші Қаратау бағытына қарай ағатын Теріс өзенінің шығыс жағындағы бір саласы «Күркіреусу» деп аталады. Күркіреусу атымен сол өзеннің жағасындағы елдімекен де аталады. Күркіреусу Теріс өзеніне Жуалы ауданының шығысындағы Қырғызстанның Маймақ бекетіне жетпей қосылады. Өзен Кіші Қаратаудан терең антецедентті аңғарлардан өткендіктен гүрілдеген (күркіреген) дыбыс шығарып ағады.

Бір сөзбен айтқанда «Күркіреусу» - атауы «күркіреу» және «су» сөзінен шыққан өзен суының дыбыс шығарып ағуына байланысты қойылған гидронимдік атау.

Қақты

Қақты - көктемдегі қар және жауын суынан пайда болған екі жотаның ортасындағы шағын көл.

Қақты аталатын бұл жер Жуалы ауданындағы «Көсегенің көк жоны» аталатын жонның екі ортасында.

Қақтының ұзындығы 200 метр ал ені 50 – 60 метр шамасында. Жазғы шілдеден кейін көл құрғап, орнында ақшыл түстес қақ қалады. Бұл жердің «Қақты» - аталуы сондықтан.

Қалмақ қырған

«Әсіресе қазақ халқында бір жақсы қасиет бар, ол тарихи оқиға болған жерге ат қойып әйгілеп кетеді» - деп жазған Мұхамеджан Тынышбаев.

Жуалы ауданы мен Алғабас ауданының шектесер жеріндегі Қошқарата ауылының бас жағындағы кең жазықта шашылған адам сүйектерін әлі де кездестіруге болады. Әсіресе Б.Момышұлы - Қошқарата автомобиль жолын салған кезде жергілікті жердің тұрғындары бұған куә болған.

Бұрын бұл жер «Қалмақ қырған» аталған, ол қазіргі ұрпақтың да есінен шыққан емес. Бұл жердің Қалмақ қырған аталу себебіне деректі Шоқан батыр туралы айтылған «Төле би мен Қойгелді батыр» кітабынан кездестіреміз.

Қойгелді батыр елуден асқан шағында Жуалыдағы елді аралап Байтана ағайындарының ауылына түседі. Бұл туралы құлақтанған қалмақтар тоғыз батырының жанын жаһаннамға жіберген батырға аса кекті еді.

Қалмақ батыры Қойгелдіні жекпе - жекке шақырған кезде орнына батыр Садыбайдың ұрпағы Шоқан шығып қалмақ батырының басын кесіп Қойгелдінің алдына тастайды. Жекпе – жектің аяғы қырғын шайқасқа ұласып, аруақтанған қазақтар қалмақтарды шетінен қырады. Кейін шапқан қалмақтардың басын төбедей етіп үйген екен. Сондықтан бұл жер күні бүгінге дейін «Қалмақ қырған» -аталады.

Қанай асуы

Жуалы ауданындағы Көлтоған елдімекенінің батысындағы Боралдай тауының бір асуы осылай «Қанай асуы» аталады. Бұл асу Оңтүстік Қазақстан облысының Қанай атты шағын елдімекенімен байланысты қойылған атау. Ол жерде мал бордақылау пункті болған.

Қанай асуы Көлтоған ауылының батысында таудың күнгеіінде осы аттас шағын өзен де бар. Қанай асуымен іргелес жатқан **Жыланды** және **Бозторғай** аталатын асуларда бар.

«Қанай» - этимологиясының шығуына келетін болсақ ол – қазақ ұлыстарының этникалық топтарының аты. Қанай, Данай, Жанай аталатын антропонимдері бір мағыналас.

Қарабастау

Қарабастау - Жуалы ауданының солтүстік шығыс жағындағы Билікөл аймағындағы елдімекен мен бастаудың аты.

Бастау елдімекеннің оңтүстік жағындағы үлкен жотаның астынан шығып жатыр.

Қарабастау атауындағы «қара» сөзі судың түсіне қатысты атау емес. «Қара» ұғымы ежелден – ақ «мөлдір су», сусын мағынасын береді. «Қара суға зар болдық», «Бір ұрттам қара су көз көрім жерге апарады» - деген халқымыздың сөз тіркестері бар.

Көне түркі тіл топонимдерін зерттеушілердің дәлелдеуінше қарасу – үлкен өзен емес, жер астынан, сайлардан шығып жатқан қайнар су. Қарабастау атауындағы «қара» сөзін түркі тілдес халықтар «жер» мәнінде қолданған. Сондағы мағынасы «жер суы» деген ұғымды білдіреді. Е.Қойшыбаев бұл жөнінде: «Адам мен мал шоғырланған жер мәніндегі атау» - деп көрсетеді. (Қазақстанның жер – су атауларының сөздігі. Алматы: Мектеп, 1986, 150 бет).

Қорыта келгенде; бастаудың және елдімекеннің атауы «қара» және «бастау» деген компоненттерден құралған атау.

Қаражол

Бауыржан Момышұлы ауылынан 5 шақырым, ал Қайрат елдімекенінен 3 шақырым жердегі ескі жолдың арнасы «Қаражол» - аталады.

Бұл Қаражол аталатын жолдың тарихы Жуалы жерінен Талас Алатауын етектеп өткен Қытай мен Батыс елдерін байланыстырып отырған сауда мен мәдени қарым – қатынастардың күре тамыры Ұлы Жібек жолымен байланысты.

Бұл өлкеден өткен Ұлы Жібек жолының негізгі арнасы туралы Араб жиһангері Убейдаллах ибн Абдуллах ибн Хордадбектің 846 жылы және Кудама ибн Жафардың X ғасырдың басында жазып кеткен деректерінде мол мәліметтер келтірілген. Сол сияқты Қазақстан тарихының I томында «Тараздан шыққан керуен Шауғар, Баркуаб арқылы тау етектеп Абарадж арқылы Тамтаджға асқан» - деп көрсетілген. (Қазақстан тарихы I том Алматы: Атамұра, 1996, 351 бет).

Осы Қайрат елдімекенінің үстіңгі жағында осы Қара жолдың бойында бекет болғандығы туралы да деректер бар.

Бұл жолдың «Қаражол» - аталуына тоқталатын болсақ, қазақта «қара жол» деген сөз тіркестері көп қолданылуы мұндағы «қара» сөзі жолдың түстік сын есімнің сипаты емес, үлкен жол деген мағынаны беретін этимология.

Қарамұрын

Жуалы ауданына қарасты Шыңбұлақ елдімекенінің солтүстік шығыс жағында Үлкен Қоңыртөбенің жанындағы жота «Қарамұрын» - деп аталады. Жотаның етегінен Қарасай аталатын бұлақ ағып шығады. (Сайдың екі қапталы қатпарлы қара тас болғандықтан Қарасай аталады). Қарамұрын жотасынан 1 шақырымдай төмен **Сарқырама** аталатын бұлақ ағып шығады. (Суы шағын болса да тастардан дыбыс шығарып ағатындықтан солай аталған).

Қарамұрынның жотасына шыққан кісіге шығыстағы Кіші Қаратау жоталары мен батыстағы Боралдай мен Құлан таулары айқын көрінеді.

Жотаның «Қарамұрын» - деп аталуы ол жотаның

орналасуын дөңес мұрынға теңегендіктен туындаған атау. «Қарамұрын» - атауы қаратұмсықпен бір мағыналас, «мұрынға ұқсаған қара жота» - деген ұғымды беретін ороним.

Қарасаз

Аудан орталығы Б.Момышұлы ауылынан солтүстік батысқа қарай 8 шақырым жерде орналасқан елдімекен аты. Ол 1993 жылға дейін Петровка аталып келген. Батыс жағынан Шақпақ өзені ағып өтеді.

Мұндағы «Қара» сөзі, «жер» деген мағынаны береді. Бұл атаудың өзіндік сипаты сол – жер асты суы жер бетіне тым таяу жатады. Сондықтан да бұл атау көнедегі «жер - су» немесе «саз - су» ұғымындағы сөз тіркесін толық дәлелдеп тұр.

Қариялардың айтуы бойынша, бұл атыраппен сазды жер болғандықтан көлік айланып өтетін болған. Бұны бұрын «Қараой»- деп та атаған көрінеді.

Қарасай

Қарасай – Қазақстанның оңтүстік аймағында көп кездесетін жер атауларының бірі. Сондай Қарасай аталатын жер Жуалы жерінде екеу. Біріншісі: Талас Алатауының етек жағындағы Талапты елдімекенінің маңында, екіншісі: Шыңбұлақ елдімекенінің солтүстік шығысындағы Үлкен Қоңыртөбенің жанында.

Бұл екі Қарасайдың аталу этимологиясы екі бөлек. Талапты елдімекенінің үстіңгі жағындағы Қарасай, ол аймақтың малға жайлы «отты» мағынасын беретін атау. Бұл атау жердің түріне байланысты атау емес, өйткені ол маңда қараға лайық көз тартар ешқандай белгі жоқ.

Екінші Үлкен Қоңыртөбенің жанындағы «Қарасай» - сайдың екі қабағындағы қара қошқыл тастардың түсіне қатысты қойылған атау.

Қаратас

Жуалы ауданындағы Жетітөбе ауылдық округіне қарасты Күреңбелден солтүстікке қарай 7 шақырым жерде орналасқан шағын таудың және елдімекеннің аты.

Орыс тілінен енген топонимикалық отаршылдықтың ортақ таңбасынан Жуалы жеріндегі «аман қалған» бірден – бір жер атауы осы Қаратас болатын. «Қаратас» - атауы реңмен байланысты «қара» және «тас» деген сөздерден қалыптасқан атау. Оның себебі сол аймақтың шығысындағы тау қыраттарының және ондағы қатпарлы тастардың түсі қара.

Сондықтан бұл жер Қаратас аталады ал оның етегіндегі шағын елдімекен Қаратас ауылы аталады.

Қараүңгір

Қараүңгір – бұл Жуалы ауданының оңтүстік жағындағы Б.Момышұлы ауылынан 16 шақырым жерде Талас Алатауының шатқалындағы үңгір атауы. Орналасқан жері Талапты аталатын елдімекеннің жоғарғы жағындағы тар шатқалдың аузында. Қараүңгірдің айналасында шеттік, бұталар қалың өседі. Үңгірдің аумағы бір отар қой (шамамен 600 – 700 бас) сыйып кететіндей көлемді алып жатыр. Қараүңгірдің ішінде жағалай жақпар тастарды тесіп мал байлауға арнайы жасалған тесіктер бар. Үңгірдің бітер жеріндегі түкпірінде киіз үй сиятындай орын бар. Әсіресе осы үңгір түкпіріндегі қабырғаларынан от жаққаның белгісін көрсететін қап – қара ыс басқан.

Бұл үңгір өте ерте замандарда алғашқы адамдардың қонысы болғандығы даусыз.

1960 – 1970 жылдардың шамасында Қараүңгір бұрынғы Ленин атындағы колхоздың отарларының тұрағы болған. Прораб Тоқтасын Тілеуқабыловтың басшылығымен Ақсай бұлақтарын буып, үш шақырым жердегі Қараүңгірге құбыр тартылып су әкелінген.

Енді осы «Қараүңгірдің» - атауына тоқталатын болсақ - бұл қара және үңгір сөзінен туындаған атау (ороним). Қазақ тілінде «қара» сөзінің ұғымы әр түрлі мағынада қолданылатыны белгілі. Мысалы: Қарадаладағы «қара» сөзі «отты дала», Қара қамыстағы «қара» сөзі «қалың қамысты», Қаракемердегі «қара» сөзі «жар қабақты», Қарақоныстағы «қара» сөзі «қоныс» атауын білдіретін т.с.с. көптеген атаулар тізбегі жатады.

Осы жоғарыдағы мысалда келтірілгендей қара сөзі «қоныс», «пана» мағынасында қалыптасқан деп ой түйеміз, яғни «Қараүңгір» - сөзі «қоныс үңгір» деген сөзден туындаған оронимдік этимология.

Қоғалы

Жуалы ауданының Рысбек батыр (бұрынғы Луначарка) аталатын елдімекеннің оңтүстік жағында 2,5 шақырым жетпей, үлкен жотадан басталатын шағын бұлақтың аңғары «Қоғалы» - аталады. Бұлақ суы Рысбек батыр елдімекенінің ортасынан ағып өтіп Боралдай өзеніне қосылады. Бұлақтың басталар жерінде қалың қоға өседі.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Рысбек батыр Оңтүстік Қазақстан облысының жерінен 40 – 50 түтін қыпшақтарды осы Жуалы жеріндегі Қоғалыға алып келіп қоныстандырған екен - деген әңгімені біз сол Рысбек батыр ауылының тұрғындарының аузынан естідік. Қазір Қоғалы аталатын жерде сол қыпшақ ауылының ескі қонысының орны ғана бар.

Бұл жердің «Қоғалы» - аталуы сол бұлақтың басындағы өскен қалың қоғаға байланысты қойылған. Арқарлы, Алмалы, Жыланды, Қақты атаулары сияқты «қоға» сөзіне «лы» жалғауы жалғанып «қоға өскен жер» - деген мағынаны беретін атау.

Қоңыртөбе

Шөккен нардай болып қазіргі Шақпақ ата елдімекенінің солтүстігінде оқшау орналасқан төбені жергілікті жұрт «Қоңыртөбе» - деп атайды. Бір құдірет осы аймаққа әдейі алып келіп орнатқандай; күн шығысқа қарай маңдайын, Құлан тауына қарай сауырын төсей жығылған оқшау төбенің ұзындығы мен ені жарты шақырымнан асып түседі. Осы төбе басына шығып қараған кісінің көз алдына Жуалы өлкесінің солтүстігіндегі Жеті төбе аймағы мен оңтүстігінде жер мен көктің арасын тұтастырып ала шұбар ұзын көштің көшбасындай асқақ Алатау, шығысындағы барыстың жонындай болып шұбатылған Қаратау, Күйік асуларының торабы сайрап жатады.

Алатау етегіндегі Мыңбұлақтан басталып Қоңыртөбенің

батыс жағын жанап өтетін Шақпақ өзені Теріске қосылуға асығады.

Қоңыртөбенің әсіресе Шақпақ ата елдімекені орналасқан шығыс және солтүстік баурайы ұйысқан көк майсалы, етегі былқылдаған сазды келеді. Жазғы шілдеде төбедегі өсімдік біткеннің барлығы аптапқа күйіп қоңыр реңге еніп, қоңыр тақиядай дөңгеленіп жатады. Төбенің шығысы жағынан қыздардың қос бұрымындай қосарланған қос бұлақ бастау алып, бірі оң жағынан, төбені айналып өтіп, екіншісі сол жағынан айналып өтіп Шақпақ өзеніне қосылып тынады.

Кең жазыққа оңаша отаудай оқшау біткен, көпті көрген көненің көзіндей, кезінде осы аймақтың игі жақсылары иеленіп бас қосып, жұрттың басындағы мұң мен қамның барлығын ортаға салып ақыл түгелдесер төбесі осы Қоңыртөбе болған.

Осы төбе маңын жайлаған ел арасында Шегір руының сөз ұстар Байсейіт, Түнқатар сынды шешендері мен Ақпан, Итаяқ, Құрман батырлары хақында олардың ұрпаққа мұра етіп Қоңыртөбеде, Құлан тауында, Шегір қамалда қалдырған ерліктері мен кемел даналықтарына жетелейтін аңыз, шежірелер әлі күнге сақталып қалған.

Қоңыртөбе аталатын төбелер Жуалы аймағында төртеу. Біріншісі біз жазып сипаттаған Шақпақ елдімекенінің солтүстігіндегі Қоңыртөбе, екіншісі бұрын Успенровка (қазір Қоңыртөбе) аталатын елді мекеннің солтүстігіндегі Бөкей тауының етегіндегі Қоңыртөбе, үшіншісі Шыңбұлақ елдімекенінің солтүстік шығысындағы Үлкен Қоңыртөбе, төртіншісі бұрынғы Бірлік аталатын елдімекеннің төменгі жағындағы Құлан асуының тұсындағы Қоңыртөбе.

Барлық «Қоңыртөбелердің» - аталу себебі, түркі тіліндегі «қоңыр (отты) төбе» - деген мағынаны беретін атау.

Қорымтас

Жуалы ауданының солтүстігіндегі Қошқарата өңірінде Қорымтас аталатын жерлер бірнешеу. Қорымтастардың пайда болуы жоңғар шапқыншылығымен байланысты. Бұл Қорымтас аталатын тастан үйілген төбелердің көлемі онша үлкен емес

әртүрлі болып келеді. Биіктіктері үйдің биіктігінен аспайтын тас пен топырақтан үйіп жасалған.

Қорымтас атауының топонимикасына байланысты Еркебай Қойшыбаев мынандай түсініктеме берген: «Қорым сөзінің төркіні жалпы түркі және монғол тілдерін былай қойғанда, одан арғы көнеге, тіпті, санскритке келетіні байқалады. Ол тұжырымға Қаракорым топонимі түрткі бола алады. Қаракорым жалпы азиялық атау: Орхон билеген мемлекеттің астанасы сол сияқты Үндістанның қиыр теріскейіндегі тау аймағының аты» (173 бет).

Қошқарата өңіріндегі сонау жаугершілік заманның сұрапыл жорықтарының белгісіндей болған осы қорымтастарды жазушы Еркінбек Тұрысов былай суреттеп жазады: «Қазіргі ел арасын жалғап жатқан қасқайған қара жолдан аз кем шығып, айналаға көз жіберген жолаушы Шыбықбел мен Мұзбелдің жон – жотасында, Хорен мен Сарытаудың биігінде, Үсіктас пен Үзгендінің адырлы арқасында Жамантас пен Шоқанның асуында Таракты мен Садырдың Тау қамалында жайдақ – жайдақ жер де тозып біткен, жермен – жексен болып пәсейген Қаратас төбелерді көреді. Білетін көнекөздер оны Қорымтас дейді». (Е.Тұрысов Бәйдібек. 41 бет).

Осы жерде біз құба қалмақтардың будда дінін ұстанғанын айта кетуіміз керек. Будда дінінде өлгендерді жерлеу рәсімі де бөлек болған. Олар өліктерін биіктеу төбелерге үйіп, сонан соң оны өртеп, сүйек қалдықтарын тастармен көміп, үйіп тастайтын болған. Сол себепті осындай қорымтастар пайда болған. Демек бұл төбелер құба қалмақтардың шаһит болған шеріктерін топтап жерлеген төбелері деп білеміз.

Қазақ тілінің қосымша мағынасында «Қорымтас» - сөзі бейіт - дегенді білдіреді яғни бұл атау тастан жасалған қорым мағынасын береді.

Қосбөлтек

Аудан орталығы Бауыржан Момышұлы елдімекенінің шығыс жағында 7 шақырым жерде орналасқан елдімекен - «Қосбөлтек» аталады. Бұрын бұл елдімекен 1993 жылға дейін Кастальевка аталып келген.

Ол жерде бұрынғы колхоздың негізінде Қосбөлтек шаруашылық қожалығы ұйымдастырылған.

Жуалы аймағында Қосбөлтек аталатын жер Қайрат елдімекенінің үстіңгі жағындағы таудың етегінде де бар.

Бұл жерлердің «Қосбөлтек» - аталуына бір – біріне жақын орналасқан егіз тәріздес екі төбе негіз болған. Мұндағы «қос» сөзі екі деген мәнді, ал бөлтек сөзі қазақта айтыла беретін «бөлтек - салтақ» деген сөз тіркесіндей бөлек төбе деген ұғымды білдіретін атау.

Қосмұрат

«Қосмұрат» – Шыңбұлақ елдімекенінің солтүстік шығыс жағындағы Қоңыртөбеден 1 шақырым жердегі жер атауы.

Қосмұрат аталатын жердің екі қапталынан үлкен Сарқырама, кіші Сарқырама аталатын бұлақтар басталады.

Қосмұрат есімді кісінің есімімен аталатын жер қасиетті, әулие жер аталады. Ол жердегі бұлақтың жанында Қосмұрат әулиенің бейіті бар. Бейіт төмпешіктің аумағы 5x4 метр болады.

Қосмұрат әулие туралы шағын аңыз әңгімені біз көпті көрген шежіреші қария Сейітқұл Ысмайылұлының аузынан жазып алдық.

Қосмұрат әулие өте денелі, әулие, батыр кісі болған көрінеді. Соңына ерткен жігіттерімен талай жорықтарға қатысады. Сондай бір жорықтан жігіттерімен келе жатып, Көсегенің көк жонынан өткенде айдалада тігулі тұрған киіз үйді көреді.

- Айдалада тұрған киіз үй тегін емес, не кіріп – шығып жатқан адамдары байқалмайды, соқпай – ақ қояйық – дейді батырдың жанындағы серіктері.

Сонда Қосмұрат батыр: «Егер киіз үйдің құпиясын білмей кетсем көкейімде өмір бойы сұрақ қалып қояды, онан да не де болса барып көрейін» - дейді, киіз үйдің есігін байлаған қыл арқанды қылышпен қиып ішке кірсе, онда оба ауруымен ауырған адамдардың толы өліктері жатыр екен. Сонан Қосмұрат батыр да ауырып қайтыс болыпты.

Бүгінде сол Қосмұрат әулие басына әсіресе көзіне ақ түскен ауру кісілер, бала көтермей жүрген әйелдер барып зиярат етеді. Тіпті сол маңдағы колхоздың қойына топалаң ауруы тиген кезде де Қосмұрат әулиенің шарапаты тиіпті.

Жердің «Қосмұрат» аталуы – ол кісі есімімен байланысты антропоним.

Қостөбе

«Қостөбе» - аталатын жер Жуалы ауданындағы Кеңес елдімекенінің оңтүстігінде, Б.Момышұлы – Қошқарата автомобиль жолының шығыс жағында 400 метрдей жерде қатар орналасқан төбелер. Бұл қатар жатқан екі төбенің биіктігі онша биік емес 15 – 16 метрді құрайды ал диаметрі 40 метрдің шамасында

Қостөбе табиғи төбе емес, қолдан үйіп жасалғаны байқалады. Қостөбе туралы Кеңес ауылында туып - өскен Күлән Досанқұлқызы былай деп баяндайды: «Аталарымыздан осы Кеңес ауылының алдындағы жазықта жаугершілік кезде жоңғарлармен үлкен шайқас болыпты деп естігенбіз. Сол кезде шейіт болған жоңғарлардың өлігін осы екі төбеге топтап жерлеген екен. Содан осы екі төбе пайда болыпты да, жұрт мұны «Қос төбе - деп атапты» -дейді.

Қостұра

Ертедегі тектоникалық құбылыстардың әсерінен Жуалының оңтүстік батыс бағытында ағатын Қошқарата, Боралдай өзендерінің жарып өткен жоталарының көтерілуі үдей түскен.

Өзендер аңғарларын тереңдетіп аға берген де, нәтижесінде антецедентті аңғарлар пайда болған. Жуалы ауданының Шаянмен (Оңт. Қазақстан) шектесер жеріндегі Үлкен тұра мен Алакүшік биіктері тұсындағы жар қабағы 600-700 метрлік деңгейге дейін жеткен.

Ерекше табиғатымен тамсандырып көптеген жазушылардың шығармаларына арқау болған, талай-талай тарихи қилы кезеңдерді бастан кешірген осы Қостұраны ел кейде жекелеп «Үлкентұра» және «Алакүшік» деп те атайды.

Жазушы С.Сматов «Елім-ай» романының бірінші кітабында Қостұраны көркем тілмен суреттей келе серттесіп тұрған қас батырға теңеген. Жазушы Е.Тұрысов «Бәйдібек» атты тарихи хикаят эссесінде «Ел мен жер үшін жан талас шайқастар 1710,1712,1718 жылдары әйгілі «Ақтабанның» қарсаңында осы Қаратау өлкесінде – Бөген, Шаян, Қостұра, Қошқарата, Боралдай өзендерінің торабында өткен еді» - деп көрсетеді. Қостұра Үшашыдағы шайқас туралы Өтеген мен Бохтишардың жекпе-жегі туралы Қазыбек бек Тауасарұлы да біршама деректер келтірген. Тарихшы М.Тынышбаевтың «История казакского народа» кітабында Садыр руының батыры Жомарттың тоғыз ұлымен бірге Қостұраға дейін шегініп, мерт болғандығы туралы жазып қалдырған.

Жазушы Әбіш Кекілбаев Жуалы ауданының солтүстік өңіріндегі Боралдай өзенінің бойында Үлкен Тұра мен Кіші Тұра маңында болған 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығын суреткерлік толғаныспен былай етіп баяндайды.

«Дүниенің төрт бұрышын сықсия баққан сығыр жау қазақтарды қапыда қалдырды. Сәуірдің жарқырап атқан жақсы таңында Боралдай өзенінің бойында Үлкен Тұра тауының қасында бір алқапты бір өзі толтырып тәтті ұйқыда жатқан садыр Жомарттың ауылына жау шапты. Оны әуелі түзге шыққан бір кемпір көріпті...

- Ойбай! Жау! Жау шапты! – деп айқай салыпты сыртқа атып шыққан кісілер.

Сөйтсе, ауылдан бір де бір ат табылмапты. Бәрі жайылыста екен. Ыңыранған бай ауылы ұйқы – тұйқы болыпты да қалыпты. Көп ойбай, көп айқай. Құр ойбай, көп айқай. Сегіз қанат ақ орданың қақ төрінде манаурап жатқан Жомарт орнынан атып тұрып, кереге басындағы көк найзасы мен қылышын қолына ұстап, көйлек – дамбалшаң сыртқа жүгіре шығыпты. Жан – жақта жөңкіген дүрбелең. Есі кеткен халық анадайда аңырайып тұрған Үлкен Тұра мен Кіші Тұра – егіз таудың арасындағы қара аңғарға қарай босып барады дейді. Қара аңғарға тығылып қайдан құтылсын, алдарынан анталаған жау тағы шыға келіпті.

Сүйтсе, қаскөй дұшпан көп әскерін сонда қалдырып, ұйқыдағы ауылды үркітуге азғантай тобын жіберген екен. Сай бойындағы сатыр – сұтыр сайыс көпке созылмапты.

Бейхабар отырған ауылдың еркек кіндігі сәскеге дейін түгел жер құшыпты». (Ә Кекілбайұлы Үркер, Сөздік – Словарь, Алматы – 1999, 264 бет).

Жазушы Е.Тұрысов «Бәйдібек» атты тарихи хикаят-эссесінде Қаратау атырабындағы Қостұра, Қанжауған, Боралдай, Жолбарысқамал, Сауырқамал өңірлерінде болған шайқастар туралы бірқатар төмендегідей деректер келтіреді.

«...Соның ішінде Қостұра арасында тау асуға қамалған құба қалмақтың тағы бір қосын шерігі жаныс Сеңкібай мен Ботбай Сәменнің жасағынан қырғын тапты. Қалмақтар шегіне ұрыс салып Бұланты мен Қанжауған, Қарасуда кеткен есесін осы Қаратаудың қалың қуыс-қойнауында қайтармақ еді. Бекінген жері Қостұра, Боралдайдың аңғары еді. Сол жерге табан тіреген төрт мыңдай ойрат шерігін тұс-тұсынан қамаған шымыр Қойгелді, ошақты Санырақ, сиқым Қарабатыр, жаныс Өтеген, Сеңкібайдың бір түмен қолы төрт күндік қиян-кескі ұрыста тас-талқан еткен-ді». (Е.Тұрысов Бәйдібек. Алматы: Нұрлы әлем, 1998, 50 бет). «Қостұранның» - «Тұра» аталуы бұл аймақты жүз жылдай жайлаған ойраттардың сөзі, мағынасы қамал дегенді білдіреді.

Оған дейінгі Тұранның қазақы атауы: «Сеңгір» болған деген мәлімет бар.

Қошқарата

Жуалы ауданындағы аудан орталығы Б. Момышұлыдан солтүстік – батысқа қарай 54 шақырым жерде орналасқан елді мекен. Қаратау мен Боралдай жоталары аралығында орналасқан. Сол жерден Қошқарата атты өзен басталып Бөгенге қосылады.

Көнекөз қариялар, басқа да дерек көздерінде бұл жердің не себептен Қошқарата аталғандығын тап басып айта алмайды.

Алайда Ә. Қайдардың «Қаңлы» атты тарихи шежіре кітабынан бұл сұраққа жауап табылатын сияқты. «Оңтүстік Қазақстан аймағындағы аты аңызға айналған әулие, пір тұтып, ел

сыйлаған ата – бабаларымызға бағышталған ескерткіштер, кесенелер, мазарлар көптеп кездеседі. Мысалыға: Шопан – ата, Қашқар – ата, Шақпақ – ата, Бекет - ата, Масат – ата т.с.с. Бұл өңірде Қошқардың «Шопан Атаның» сырт бейнесі, тұлғасы тастан қашалып салынған мүсіндерді жиі кездестіреміз». (Ә.Қайдар Қаңлы. Алматы, 2004, 160 – 161 бет).

«В названиях Кошкара барана производителя, одного из наиболее почитаемых животных еще у саков символа плодородия, здоровья, покровительства» - деп көрсетеді К. Рысбергенова. (Историко – лингвистической анализ топонимов Южно – Казахстанской области. Алматы, 1993, 29 стр).

Осыған қарағанда «Қошқарата» - аталуына сол мал тұқымына пір, қамқоршы болған киелі адамдар, қасиетті тұлғалардың (Қошқар атаның) негіз болғаны анық.

Құдияр сазы

Бұл атақты Рысбек батырдың Наршадан (лақап аты Бөдене болған екен) туылған Құдияр, Данияр, Молдияр, Бәзіл есімді төрт ұлының үлкені Құдиярдың есімімен қойылған жер атауы. Яғни, Рысбек батырдың тұңғышы Құдиярдың жайлаған жайлауы болған жер.

Бөкей тауының етегіндегі бұлақтардың әсерінен бұл аймақ сазданып жатады екен де, оны жағалай Құдияр байдың ауылы отырады екен.

Өткен ғасырдағы патшалы Ресейдің көршілес жатқан бұратана халықтарды күшпен отарлау саясатының салдарынан орыс кулактары осы аймақты иелене бастағанда Құдиярдың елі Бөкей тауының сай – салаларын паналап көшіп кеткен екен. Біз бұл ауызекі әңгімені сол Құдияр байдың ұрпағы Қананов Жақаннан жазып алдық.

Сонан соң бұл жер Көлтоған кейін Алексеевка аталғандығы туралы «Көлтоған» - атауы туралы жазғанда баяндағанбыз.

Құлантау

Құлантау Үлкен Қаратаудың Шақпақ белі арқылы Алатаудың Жабағылы сілемімен жалғасып жатқан Боралдай

тауының солтүстік бөлігі. Құлантаудың бөктерінен жанға шипа мөлдір сулы, көптеген бұлақтармен қатар Құлан өзені бастау алады. Құлантаудың батыс бөктерінен **Әулиесайда** Ұзынбұлақ аталатын бұлақ ағып шығады. Әулиесай аталу себебі Үйсін дүниеге келген киелі, әулие саналғандықтан болса керек деген болжам айтылады.

Үйсіннің тарихына байланысты:

Ұзынбұлақ – үйсін коньсы,

Малға майдан Қаратаудың сонысы - деген өлең сөздері бұған айғақ болса керек – деп көрсетеді Ә.Байбатша. (Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы: Санат, 2002, 73 - 74 беттер.)

Б. Момышұлының « Ұшқан ұя» кітабында: «Алтын күн Құлан тауына иек артып, төңіректен қоштасқысы келмей қызара қиналып тұрғандай сезіледі. Батыс жақ нарттанып, күлгін шапаққа шомылып тұрған кез Шақпақ, Жабағылы, Боралдай жондарына сол шапақ бұлақ қаққандай сезіледі» -деп туған жер келбетін шабыттана суреттеген. (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя. Алматы, 1976, 52 бет).

Атақты тарихшы Л.Гумилев болса «Құлантаудың етегіндегі көп бұлақты қоңыр салқын жазықта 1223 жылы Орта Азияға жасаған жарықтардан қатты қалжыраған Шыңғыс хан нөкерлерімен сауық құрып дем алған» - деген мәлімет келтіреді. (Л.Гумилев. Көне түріктер. Алматы, 1994, 103 бет).

Алатаудың баурайы осы Құланбасыда 1224 жылы құрылтайға бара жатып Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы Қаратаудың Орда қонған деген жерінде Үйсін сіргелінің бір топ билерімен кездескені туралы ел ішінде сақталып қалған аңыз бар.

«1328 – ші ұлу жылы Ақсақ Темір Загрестің биік тау асуы арқылы, Фарс – Хорасан керуен жолымен Самарқандқа жорыққа аттанады. Ол барша қосындардан тандап алынған қырық мың атты әскермен Сейхун – дариясынан өтіп наурыздың орта тұсында Алатау мен Қаратаудың тоғысар жеріндегі Құлан асуына келіп ат басын тіреді. Айналасы ат тағасындай иіліп тау қоршаған Құланбасы жазығының тепсеңді биігіне ордасын тікті» – деген

мәлімет келтіреді жазушы Е.Тұрысов (Бұл мәлімет Е.Тұрысовтың Темірлан романынан қысқартылып алынды. 82 – 83 беттер).

Құлан тауының не себептен бұлай аталғаны туралы нақты дерек жоқ. Кейбір қариялар Құлан тауы қаңлыдан шыққан Құлан батырдың атымен қойылған деген болжам айтады.

Ұлы Жібек жолымен өткен жиһангерлердің жазбаларында Құлантау туралы шағын ғана деректер айтылады, соның бірінде, Мыңбұлақ қаласынан Құлантаудың солтүстік тұмсығын орап Құлан өзенін жағалап барып асатын, Әулиесаймен жүріп Тамтадж (Түлкібасы) қаласына әкелетін негізгі желімен түйісетін де тармақ жол болғандығы айтылады.

Таудың Құлантау аталу себебіне байланысты Ә.Байбатша төмендегідей пікір айтады: «Құлан жортқан жазық далалардың құланға байланысты аталуы түсінікті. Тауларды құлан мекендемейді, сонда Құлан тау деген атау қайдан шыққан? «Құлан таза» - деген сөз тіркесін білеміз. Тіркестегі құлан мен таза сөздерінің мағынасы бір, тазаны білдіреді» дейді.

Ал Құлантаудың басында шындығында да ешқандай бұта, арша сынды өсімдіктер өспейді жалтыр тастар жататыны рас. Сондықтан да осы пікірді растауға болады.

Құлан асуы

Жуалы ауданының батысындағы Құлан тауының Боралдай тауымен түйісер жеріндегі асу «Құлан» - асуы деп аталады. Орналасқан жері бұрынғы Шаңышқылы руының ата қонысы Бірлік ауылының үстінде.

Бұл асумен асқан адам тау шатқалдарымен жүріп отырып Түлкібас ауданының (Оңтүстік Қазақстан облысы) Құлан аталатын елдімекеніне жеткізеді. Бұрынғы кезде **Көкірек** (таудың төсі мағынасын беретін атау) базарына баратындар осы Құлан асуы арқылы асатын болған.

Революциядан бұрын ағылшындар Шақпақ көмірін осы асу арқылы Түлкібасы станциясына дейін арбалармен осы Құлан асуы арқылы тасмалдаған. Асудың алдындағы аршадан салынған көпір әлі күнге дейін сақталып қалған.

Құлан асуындағы шатқалда жоңғар шапқыншылығы кезінде

Шегір руынан шыққан Ақпан батыр жау мергенінің оғынан мерт болған.

Құлан атауына байланысты Әділбек Байбатшаның болжамынан басқа мағынадағы пікірді Еркебай Қойшыбаев Жамбыл облысының Құлан мекеніне берген анықтамасында келтірілген. «Кейбір топонимнің әуелгі аты «Құлан» болу лайығы жоқ. Тегінде, көне түркілердің «Қойлан» этнонимінің қазақ тілінің бейімділген түрі болса керек» - деп көрсеткен. (Е.Қойшыбаев Қазақстанның жер – су аттарының сөздігі Алматы: Мектеп, 1985, 176 бет).

Құлан асуына байланысты осы екі болжамды сараптай келе біз Е.Қойшыбаев берген екінші нұсқаға тоқталамыз.

Құрама

Құрама аталтын жер Жуалы ауданының шығыс жағындағы Бақаты өзенінің бойында орналасқан.

Біз бұл жердің Құрама атлуына байланысты деректер іздестіріп, көне көз, қалталы құлақ қарияларға жүгінгенімізден ешқандай нәтиже шыққан жоқ, сондықтан болжам жасауға тура келеді. Бұл аймақты түрлі кезеңдерде қазақтың түрлі руларының өкілдері мекендеген. Мәселен «Бақаты» атауына байланысты қаңлы руының Бақа қаңлы, «Еңке» атауына байланысты Еңке қаңлының мекендегенін жазғанбыз. Бақатының жоғарғы жағын атам заманнан бері Шымыр руы, етек жағын Байтана руы қоныс еткен. Біздің ойымызша осы Қаңлы, Шымыр, Байтана рулары бірігіп мекендеген жері «Құрама» аталған. Себебі қазақтың «құрама» сөзіне «түрлі рулардан құрылған этностық топ. Құрама атауы «Ақтабан шұбыранды алқакөл сұлама» жылдарынан кейін (1723 – 1729 жылдары) қалыптасқан» - деп анықтама берілген. (Қазақ Совет энциклопедиясы Алматы, 1975, 42 бет).

Осы мәліметке сүйеніп біз «Құрама» - атауы «құрама ел» деген ұғымнан қалыптасқан атау деп білеміз.

Құртты бұлақ

«Құрттыбұлақ» - аталатын жер Жуалы ауданындағы Талапты елдімекенінің үстіңгі жағындағы Қараүңгір аталатын жерден екі шақырымдай жоғары тау беткейіндегі бұлақ.

Құрттыбұлақтың аумағы шағын ғана. Ол үш – төрт шақырым аққан соң ешқандай өзенге қосылмай тастақты аңғарға сіңіп кетеді.

Бұлақтың бұлай аталуына тоқталатын болсақ бұлақта жанбасқұрт, жұмарқұрт, түрлі шіркейлер сияқты т.б. құрттар көп болғандықтан осылай «Құрттыбұлақ» - аталады.

Қыз әулие

Жуалы ауданы, Шақпақ елдімекенінің солтүстік батыс жағында 3 шақырым жерде Құлан тауының етегіндегі шатқал «Қыз әулие» - аталады. Бұл жерден шағын бұлақ басталып ол таудың етегіндегі егінді алқаптарды суғаруға пайдаланылады. Бұлақтың басталар жері қалың жынысты, аңғарында итмұрын, қара долана, шеттік т.б. талдар өседі.

Қыз әулиеге зиярат етіп барған жұрт бұлақтың басындағы талға мата байлап, суын ем санап жатады.

Шақпақ ата елдімекенінде тұратын діндар қария Дербіш Дүйсенбіұлының айтуына қарағанда бұл жерде қасиетті әулие қыз жерленген дейді.

Аңғарда өскен талдарды қырқып отынға пайдалануға ол жер қасиетті әулие саналғандықтан рұхсат етілмейді.

Мұндағы «Қыз әулие» - атауындағы «қыз» сөзі этноним болып саналады.

Қыз құлаған

Ақсу - Жабағылы қорығының Түлкібас ауданының шығыс бөлігінде орналасқан тау беткейінде «Қыз құлаған» - аталатын шағын көл бар. Көлдің бұлай аталу себебін Ақсу - Жабағылы қорығының мұражайымен таныстырушы қызметкерінің пікірінше, ілгері заманда сол көлдің жасағын жайлаған бір байдың көрікті қызы болыпты. Бай қыздың қарсылығына қарамай бір саудагерге бермекші болады. Оған көнбеген қыз тастан сол көлге құлап өліпті деген мәлімет береді.

Қызмола

Бақаты аталатын шағын өзеннің шығыс жағында, Сарықайқаң аталатын жерде «Қызмола» - атты жер бар. Қызмола туралы аңызды біз ертеректе Қаңлы руының шежірелі қариясы Сегізбай ақсақалдың аузынан естіген едік. Ерте кезде бір ханның жалғыз қызы бойжеткен кезде белгісіз сырқаттан қайтыс болыпты. Ол қыздың көріпкелдік қасиеті болған ұқсайды. Ұрпақсыз қалған хан қатты қайғырыпты, сол Бақаты өзенінің жағасына жерлеп басына екі қаратал егіпті. Қарияның айтуы бойынша не себептен екені белгісіз, қараталдарды қанмен суғарыпты. Бақаты бойындағы сол үлкен қара талдың бірін орыстар келген кезде шауып алып, арбаға тиіп алып бара жатқанда қиядан аунап, қайтыс болыпты дейді.

Қыз моланы бүгінгі күнге дейін ел қасиетті санайды. Ал оның басына егілген үлкен қара тал нешеме ғасыр өтсе де әлі күнге жапырақ жайып көктеп тұр.

Жердің «Қызмола» - аталуы аңызда айтылғандай көріпкел әулие қыздың жерленген жері.

Қызтоған

Боралдай ауылдық округіне қарасты Жуалы ауданының солтүстігінде Шаянға жақын орналасқан ауылдардың бірі- «Қызтоған» - аталады. Бұл елді мекеннің бұлай «Қызтоған» аталу себебі, Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан сұрапыл кезеңде тылдағы бар ауыртпашылық бала - шаға мен қыз - келіншектерге түскені баршамызға белгілі. Сол төңіректегі атыраптағы егінді суғару мақсатында шағын өзенге қыз-келіншектер тоған салған. (Тоғанның орны әлі күнге сақталған). Сол кезден бері ауыл Қызтоған аталады.

Е.Қойшыбаевтың Қазақстанның жер – су атаулары кітабында, Қызтоған атауына байланысты мынандай анықтама береді: «Қызтоған – халық аңызында «қыздар қазған тоған». Түркі тілдеріндегі ротацизм заңдылығы «р» дыбысының алмасуы бойынша қыр // қыз тұлғалары ауыс – қағыс айтыла береді. Қызтоған – «қырға шығарылған тоған» мәніндегі атау». (Алматы: Мектеп, 1985, 179бет).

Қызыл дала

Қызыл дала – Республика бойынша көп кездесетін дала аттары. «Қызыл дала» - аталатын жер Жетітөбенің оңтүстік жағында Бауыржан Момышұлы – Қошқарата автомобиль жолының үстінде, таудың етегіне дейін созылып жатқан дала. Ол Қарасаз ауылдық округінің аймағына жатады. Қызыл даланың етегіндегі сайлардан басталатын бұлақтардың суын бөгеп жасалған «Қызыл даланың көлі» - аталатын көл бар.

Алыстан қараған кісіге Қызыл даланың күнгеі жағы қызғылт тартып жатады. Бұл жердің аталуы осы беткейдің қызғылт түсіне байланысты қойылған ороним.

Қызылжар

Талас Алатауының баурайындағы Ақсай аталатын өзеннің шығыс жағындағы сілемнің орта тұсы «Қызылжар» - аталады.

Орналасқан жері Ақсай өзенінің шатқалдан ағып шығар жеріндегі қорықшы үйінің шығысында 300 метрдей жерде.

Тауға шығатын адам осы Қызылжардың үстіндегі қылта жолмен көтеріледі. Етекпен қараған кісіге Қызылжар жоғарғы және төменгі жағы көкорай белдеу болып ерекшеленіп, 45 – 50 метрдей жері қып – қызыл болып айқын көрінеді.

Қызылжардың өзен жағасынан бетон құюға эксковатормен құм алатындықтан батыс беткейі жарлауыт болып келеді.

Бұл жердің «Қызылжар» - аталуына тоқталатын болсақ, мұндағы «қызыл» сөзінің жер қыртысының реңімен байланысты атау екендігін аңғару қиын емес.

Қыдыр қонған сай

Ақтасты елдімекенінің солтүстік шығысындағы Кіші Қаратаудың бір сілемінің қойнауындағы сайды жұрт - «Қарасай» немесе «Қыдыр қонған сай» - деп атайды. Ол сайдың орын тепкен жері, Ақтасты елдімекенінің солтүстік шығысында 7 шақырым жерде. Бұл сайды Қарасай атауға негіз болатын ешқандай белгі жоқ, ал Қыдыр қонған сай аталуына байланысты өте бір қызық құбылыс бар. Сайдың табанында шағын бұлақ бар, оның оң жақ қапталында үлкен – үлкен екі түп долана өседі.

Сол доланалардан сәл төменірек кішігірім киіз үйдің көлеміндей «Қыдыр қонған жер» - аталатын орын бар. Ол жердің бір ерекшелігі қыс күндері жауған қар бірден еріп кетеді де дөңгеленіп қарайып бу шығып жатады, ал жаздың күндері көкпеңбек дөңгелек болып көгеріп жатады.

Жергілікті тұрғындар бұл жерді «Қыдыр ата қонып аттанған» - деп қасиетті санайды, басына зиярат етеді. Қыдыр – мұсылман дінінде ел аралап жүрген адам бейнелі «әулие», адамға қамқоршы, бақыт дәулет сыйлаушы кейіпкер ретінде танылады. Діни наным бойынша, әрбір нәрсенің иесі болады – мыс, солардың бірі Қыдыр әулие.

Сай атауы жоғарыда айтылған Қыдыр атаға байланысты - «Қыдыр қонған сай» аталады. Сай атауы сөйлемнен қалыптасқан жалқы есім болып саналады.

Қыстаубай көлі

Бұл шағын көл Ынтымақ елдімекенінің солтүстік батыс жағында бір шақырым жерде орналасқан. Көл табиғи емес, Ынтымақ ауылының батысынан шағын бұлақтардың суына бөгет салып қолдан жасалған. Бұл көл Ұлы Отан соғысынан кейін сол ауылдың тұрғыны Қыстаубай қарияның жанқиярлық еңбегі арқасында пайда болған. Сондықтан да көл сол кісінің есімімен «Қыстаубай көлі» - деп аталады.

Қыстаубай қария көлдің жағасына айнала қара тал егіп, балық өсірген, үйрек – қаз асыраған.

Бүгінде Қыстаубай көлінің жағасындағы қара талдар әбден қартайып қурай бастаған, ал көл ұйыққа толып, суы таязданып кеткен. Аумағы кішірейіп қалың қоға мен қамыс басқан. Бір кездері базары тарқамаған айдын көл шүрегей мен жабайы үрек, көл бақаларға ғана мекен болып қалған жағдайы бар.

Қыстаубай шатқалы

Жетітөбе ауылдық округіне қарасты Қоңыртөбе ауылынан оңтүстікке қарай 3 шақырым жерде орналасқан сайды ел «Қыстаубай шатқалы» - деп атайды. Шатқал жоғары өрлеген соң екіге бөлінеді: бірі «Құрғақсай» деп, (сайдың арнасы сусыз

күрғақ болған соң осылай аталған) екіншісі «Қалмаққырылған» - аталады. Осы Қалмаққырылған сайының жоғарғы бітер жері күз жартас болып келеді.

Қалмаққырылған сайдың тарихы туралы көргені мен ойға түйгені көп, ел мен жер тарихын, шежіресін жетік білетін Кәріқорған ауылының тұрғыны Елубай Исмайлов былай баяндайды: «Жоңғар шапқыншылығы кезінде Аққошқар батыр бастаған қазақ жасақтары қашып бара жатқандай айла жасап, соңдарынан қуған қалмақтарды осы шатқалға қамап қырып салған екен» - дейді.

XIX ғасырдың аяғында Батырбек датқа Қоңыртөбе аймағынан Найман руына жер бөліп беріп қоныстандырғаны тарихтан белгілі. Осы шатқалдың аузында Найман руының Қыстаубай есімді беделді қариясы өзінің әулетімен мекен еткен. Сондықтан шатқал күні бүгінге дейін «Қыстаубай шатқалы» - деп аталып келеді.

Осы шатқалдың шыға берісінде VIII – XI ғасырлардың археологиялық нысаны – қарауыл мұнарасы болған. Ол туралы мәлімет тарихшы Күзенбай Байбосыновтың зерттеулерінде көрсетілген.

Майбұлақ

Республикамыздың оңтүстік атыраптарында көп кездесетін бұлақ атауларының бірі – «Майбұлақ» деп аталатын жер Таңшығыс атты ескі қоныстың солтүстік жағындағы шағын бастау. Бұл бұлақтың шығыс жағынан **Әкбастау**, (жоғарғы жағынан ел үй әктеуге әк қазып алғандықтан осылай аталған) және шығыс жағынан **Көкбастау** (жағалауы көк майса болғандықтан аталған атау) бұлақтары басталып үшеуі бір арнаға қосылып, солтүстік шығысқа қарай ағып барып Теріс өзеніне қосылады.

«Майбұлақ атауы көне түркінің «май» және «бұлақ» сөздерінен қалыптасқан атау. «Май» тұлғалас тіркестер түркі тілдерінің көкке табыну дәстүрінен елес береді, қазақ тілінде: «от ана, май ана», алтай тілінде «май эне», орхон жазбаларында «ұмай» ұғымындағы атау». (Еркебай Қойшыбаев. Қазақстанның

жер – су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985, 184бет.)

Ал «Майбұлақ» атауына бұрынғы Таңшығыс аталатын жерде туып өскен Құттыбай Есенбекұлы басқаша түсінік береді:

«Майбұлақтың төңірегіндегі шағын ауылдың тұрғындары қарынға, ыдысқа салған майларын осы бұлаққа салып қоятын. Бұрын тоңазтқыш жоқ кезде бұлақ суына батырылған май бұзылмай жақсы сақталғандықтан, Майбұлақ аталатыны сондықтан» - деп көрсетеді.

Біз «Майбұлақ» - атауының екінші нұсқасына тоқталамыз. Бұл «май салынған бұлақ» - деген ұғымды білдіретін гидроним деп білеміз.

Майтөбе

Қаратау-Тараз автомобиль жолының шығысында Билікөлден 10 шақырым шамасындағы төбе «Майтөбе» - аталады. Бұл төбенің осылай аталуы туралы қариялар бұл жерден бұрынғы кезде мұнай өндірілген, сондықтан Майтөбе - аталған дейді. (Бірақ қай кезде, кімдер өндіргені туралы ешкім дәйекті ештеңе айта алмайды).

Екінші біреулердің айтуынша бұл төбенің Майтөбе аталу себебі жаугершілік кезде қаза тапқандарды осы төбеге жерлеген, сондықтан ол «Мәйіттөбе» - аталған, айтыла келе Майтөбеге, айналыпты кеткен деп баяндайды.

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, Майтөбе аталуының екінші нұсқасы шындыққа жақын сияқты. Б.Әбілдаұлы Төле би мен Қойгелді батыр кітабында былай баяндалады: «Қотырбұлақ, Майтөбе, Ақкөл жеріндегі шайқастардың іздері әлі күнге дейін сайдап жатыр. Сол соғыстарда қырылған қалмақтардың обалары төрткүл төбелер ретінде сақталса, туған жерін қорғауда шейіт болған қазақтардың зираттары да айқын байқалады. Туған жерді жоңғарлардан босатқаннан кейін Қойгелді еліне қоныс бөлгенде осы бауырлары қаза тапқан жерлерді таңдапты. «Майтөбе» совхозы орналасқан Майдан төбені Қойгелді басқарған жауынгерлер әуелі қалмақтардан, одан кейін қырғыздардан, үшінші рет түрікпендерден азат еткен» - деп көрсетеді. (Алматы. Қазақстан «Мерей» 1992 110 бет).

Демек, «Майтөбе» - атауы Мәйтөбе немесе Майдантөбе болсын, сол кезеңде жаугершілікте туындаған атаулардың бүгінге жеткен жаңғырығы деп білеміз.

Осы маңдағы Талас ауданына қарасты елдімекен де «Майтөбе» - аталады.

Маңқасай

«Маңқасай» - Шақпақ ата елдімекенінен тоғыз шақырымдай жерде Амансайдың солтүстік батысында жатқан жан жағын тау қоршаған терең сай. Бұл жерді «Маңқасай» -деп аталуына жылқы малында болатын маңқа ауруы себеп болған. Ол адамға да, малға да жұғатын жұқпалы ауру. Индет таратпау үшін маңқа ауруымен ауырған жылқы малын осы сайға алып келіп атып, өлексесін өртеп отырған.

Сол оқиғаны көзімен көрген қариялардың айтуынша Ұлы Отан соғысының алдында яғни, 1930 – 1940 жылдары болған. Ол жерді әлі күнге дейін ақ сөңке болып құраған жылқы малының сүйектері шашылып жатады.

Жер атауы маңқа ауруымен ауырып жойылған жылқыларға байланысты «Маңқасай» - деп аталған.

Марының сазы

Жуалы жерінің солтүстік шығыс жағындағы Қаратау жоталарының арасында Көсегенің көк жонына жақын жердегі Аралтөбенің бергі жағында орналасқан. Жан – жағы жоталармен қоршаған ойыстау жер болғандықтан қысы – жазы саздап жатады. Ол жердің аумағы өте үлкен, бұрын бұл жерде сол маңдағы ас, той, бәйге сияқты үлкен жиындар өтетін жер болған.

Ол жерді халықтың «Марының сазы» - деу себебі сол маңды жайлау еткен Мары деген кісінің есімімен қойылған атау.

Мыңбұлақ

Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы теріс өзенінің алабы ежелден осылай мың бұлақ аталған Мыңбұлақ туралы алғашқы деректі біз Қытай жиһангер – сопысы Сюань – Цзянның 630 жылдар шамасында жазған сапарнамасынан келтіреміз. Ол

қазіргі Жамбыл облысының батыс шетіндегі Мыңбұлақ өңірінің жанға жайлы екендігін тамсана жазып, оны жаздың ыстық айларында Түркі хандары Түркібасыдан келіп жазғы мекені ететінін баяндайды. Хан ордасы орналасқан Түлкібасы мен оның шығыс жағындағы Мыңбұлақ жалғасып жатқан мекендер, арасы 35-40 шақырым ғана «Бұл жерге Ызбарлы хан (Естемес ханның бесінші ұрпағы) 651 жылы атасының жазғы мекені Мыңбұлаққа арнайы қала салдырып ордасын тікті» - деп көрсетілген. Бұл мәліметтер Л. Гумилевтың «Көне түркілер» атты кітабында, Қазақстан тарихының 1 томында сол сияқты Жамбыл облысының энциклопедиясында да жазылған.

Мыңбұлақ туралы Араб жиһангері Убейдаллаһ ибн Абдуллах ибн Хордадбек (846 жылы) және Кудама ибн Жафар (Х ғасырдың басында) өздерінің қолжазбаларында, Бұл Мыңбұлақ (Абарджадж) үлкен төбе, оның айналасынан мыңдаған бұлақтар ағып шығады. Абарджадж қаласының бұрынғы аты Мыңбұлақ болған деген деректер бар – делінген. (Kodama ibn Djafar. Kitab al-Kharadj. Ed.M.J. de Goeje. Lugduni Batavorum. 1889,262 с).

Ұлы Жібек жолының негізгі арнасында орналасқан қалалар мен керуен бекеттері туралы деректі Араб географы, мемлекеттің байланыс қызметкері Убейдаллаһ ибн Хордадбек 846 - 847 жылдары жазған күнделігінде: « Испиджабтан (Сайрам) Будухкетке келдік, одан Тамтаджға (Түлкібас) одан Абарджаджға (Мыңбұлақ) 4 фарсах жол жүрдік, одан Баркуабтағы (Теріс) бекетке дейін 6 фарсах жол жүріп Жувикет арқылы Таразға жеттік» - деген. (Ибн Хордабех. Книга путей и страны Баку, 1986, 121 с).

Аталған қалалардың барлығы дерлік 1219 - 1220 жылдары Шыңғысханның шапқыншылығынан қираған. Ол туралы 1246 жылы Арыс өзенінің бойындағы Ұлы Жібек жолының сүрлеуімен жүріп өткен римдік Плано Каприни: «Бұл жерде біз қираған, талан- таражға түскен көп қақпалы сарайлары бар сансыз қалалар мен қаңынаған бос көптеген елдімекендерді таптық» – деп жазған.(Путешествие в восточные страны Плано Каорпини и Вильгельма Рубрука. Москва, 1957, 79 с).

Мыңбұлақ – Абарджадж – Абарадж қаласы туралы барлық

деректерді қарастыра отырып негізін 651 жылы Ызбарлы Халық хан қалаған қала 1219 жылы өмір сүруін тоқтатқан сияқты. Есептеп қарасақ қала 568 жыл өмір сүрген деген болжам жасауға болады.

Қаланың қазіргі орны Жуалы ауданының Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібасы ауданымен шектесер жеріндегі Шақпақ темір жол станциясынан оңтүстікке қарай 1 шақырым жерде. Батыс жағында Шақпақ белі мен Құлантау жотасы арқылы жапсарласып жатқан осы төбеден іргелес жатқан екі ауданның көз жетер аймағы алақандағыдай айқын көрінеді. Арыс өзенінің басы осы төбенің батысынан басталатын бұлақтардан құралады.

Қазіргі таңда төбенің айналасындағы егінді алқапты өңдеген кезде бұл жерден қаланың болғандығын айғақтайтын көптеген керамикалық ыдыс – аяқтардың, құмыралардың сынықтарын кездестіруге болады. Бірақ қала орны әлі күнге зерттелмеген.

Мыңбұлақ - аталу себебі бұл жерден андыздап аққан сансыз бұлақтарға байланысты болса, Абарджадж атауы арабшадан мағыналас аударғанда «мұнаралы төбе» - дегенді білдіреді.

Мыңбұлақ туралы ақын Т.Әлімбеков былай жырлайды:

Алатаудан нұрын төксе күн құлап,
Жуалының сұлулығы сұмдық – ай!
Айналаны сиқыр күйге бөлейді.
Суыршықтай бұлқып атқан Мыңбұлақ!

Мыңбұлақ атауының шығуы туралы Е.Қойшыбаев төмендегідей анықтама береді «Бұл көне атау. «Мың» сөзі атауларының мазмұнын байытып, әсірелеп тұр. Қытай жиһанкезі Цюань – Цзан келтірген көне деректерде (б.з VII ғ) Бинюй – Талас өңіріндегі қорық аты дейді. Совет топономистері бұл тектес атаулардың Пенза топонимімен түбірлестігін ашқандығы бар: Пенза атауы көне бұлғар – чуваш тілдерінің пен «мың» және «су» яғни Пенсу – мың су сөздерінен шыққан» - дейді. (Е.Қойшыбаев Қазақстанның жер – су аттарының сөздігі Алматы: Мектеп, 1985, 190 бет).

Қазақ тіліндегі мың сөзі бұлақтың саны «мың» емес көп дегенді білдіреді, сондықтан «Мыңбұлақ» - атауы қалыптасқан.

Мыңжылқы

Талас Алатауының етегінде Б.Момышұлы ауылының Қайрат елдімекенінің оңтүстігінде 16 шақырымдай жерде «Мыңжылқы» - аталатын жер бар.

Біз бұл Мыңжылқы атауының этимологиясын іздестірген кезде Қайрат елдімекенінің тұрғындарының пікірінше, бұл жер мыңдаған жылқы сиятын тау бөктеріндегі жайылым болғандықтан «Мыңжылқы» аталады - дейді.

Екінші біреулер оны 1928 жылдардағы ұжымдастыру кезінде сол шатқалға бір бай жылқысын жасырған, Мыңжылқы аталуы сондықтан - деп болжам айтады.

Бірақ бұл пікірдің ақиқаттан алшағырақ екендігіне көз жеткіздік, себебі мың жылқы сиятын аймақ басқа өңірде де жетіп жатыр.

Ал шындығында, тау етегіндегі шашырап жатқан үлкен тастар, жайылымдағы жусап жатқан көп жылқыны елестетеді. Сондықтан Алатау етегіндегі үлкен қойнау осылай «Мыңжылқы» - аталған.

Мүрделі

Күреңбел ауылдық округіне қарасты Қаратас елдімекенінің солтүстік жағында 2 шақырым жерде орналасқан шығыстан батысқа қарай созылып жатқан беткей «Мүрделі» - деп аталады. Ол жердің Мүрделі аталуына беткейдегі ескі қорым (мүрде) себеп болған.

Мүрделінің оңтүстік беткейінен басталған бұлақтар Бөкей тауының етегіндегі бұлақтарға қосылып Теріс өзенінің басын құрайды. Ал Боралдай өзені болса осы Мүрделі жотасының солтүстік беткейінен ағатын бұлақтардан бастау алады. Бұл жер Жуалы өлкесінің оңтүстікке қарай ағатын Теріс өзені мен солтүстікке қарай басталатын Боралдай өзендерінің ортасындағы жота. Бауыржан Момышұлы – Қошқарата автомобиль жолы салынбай тұрып Қоғалы, Қошқарата жаққа баратын жолаушы осы жотадан асып төбе жолмен қатынаған. Ол жолдың сұлабасы әлі күнге сақталған.

Нышанкүл сай

«Нышанкүл сай» – аталатын шатқал Ленинский путь аталатын елдімекеннен батысқа қарай 8 шақырымдай жерде орналасқан. Бұл шатқал Берікқара, Жұрынсай, Саясу шатқалдарының солтүстік жағында.

Сайдың бұлай аталуын сол өңірдің тұрғыны Бектанұлы Мұраттың айтуы бойынша бұл жерде жаныс руының Нышанкүл есімді қызы қырғыздардың шапқыншылығына ерлермен қатар тұрып, қайрат көрсеткен, сондықтан бұл жер өжет қыздың есімімен Нышанкүл сай деп қойылған атау.

Орда қонған

Бүгінде Қошқарата өңіріндегі елдің ауызекі әңгімесінде «Үлкен Ордаған», «Кіші Ордаған» деген сөздер көп айтылады. Ал, сөздің анығына келсек, ол «Үлкен Орда қонған», «Кіші Орда қонған» екендігін аңғару қиын емес, айтыла келе «Орда қонған» сөзі тілдің ынғайына қарай ордаған аталып кеткен. Осы «Орда қонған» деген жер Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының шектесер жерінде Арқарлы атты тауға жақын, Қошқарата мен Боралдай өзендерінің жоғарғы сағасында орналасқан. Үлкен Орда қонған мен Кіші Орда қонғанның ара қашықтығы небәрі 3-4 шақырым ғана. Жоңғар шапқыншылығы кезінде, жасақтарды аңғарларға жасыру және барлық уақытта бір-бірімен байланыста болу үшін сол кездегі соғыс тактикасына байланысты солай орналасқандығын көреміз. Бірінші орда Ордабасында, екінші орда Қошқарата жерінде, үшіншісі Ақыртөбе станциясының жанында қазақ жасақтары топтастырылғаны бізге тарихтан белгілі.

Мұхаметжан Тынышбаевтың еңбегінде: «Орда - басы расположено так, что командует над всей терассой; стоит только подняться из низин районов Арыстанды (90-100 верст) или Боралдайской системы (50 - 60 верст) как сразу бросается в глаза характерная сопка Орда басы; и наоборот с Орда-Басы можно обозреть все пространство, такое только доступно глазу дальнозоркого степняка» - деп сипатталады. (История казахского народа. Алма-Ата, 1993г. 166 стр).

Осы үш орданың ел билеушілерінің бірігіп Сазтөбеде өткізген жиыны туралы Қ.Аманжолов, А.Тасболатовтар «Қазақстанның әскери тарихы» атты кітабында былай жазады: «XVIII ғасырдың 20 жылдарында Сайрамға жақын Састөбеде (Оңт.Қазақстан облысы) (Сазтөбе – айтыла келе Састөбе болып аталып кеткен. *Автор*) үш орданың ел билеушілері мен ру басылары қатысқан бүкіл қазақтың үш ордасының съезі шақырылған. Съезден кейін Кіші орданың хандық билігі Әбілқайырдың, Орта орда Сәмеке мен Күшіктің қолына көшті. Ұлы орда билігі Төле биде қалды» - деп жазады. (Қазақтың әскери тарихы. Алматы: Білім, 1999, 133 б).

Қазақтың үш ордасының біріккен шешімі Жәнібек батырдың орыс елшісіне айтқан: «Өз туыстарымды және ар - намысымды қорғау үшін Жоңғарларға қарсы соғысуға мәжбүр болдым» - дейтін сөзі толық сай келеді. Мұны М.Тынышбаевтың жазғанымен нақтылар болсақ «Верховьях р.р. Боралдая и Кошкарата стояли ставки Старшего хана 3х-Орд и Младшего хана Верховным ханом всех трех Орд считался сын Тауке-хана Болат хан, и Улкен Орда конган- место стоянки его ставки младшим ханом был Абулхаир, командовавший всеми казахскими силами; Киши Орда конган-место стоянки его ставки» - делінеді (167 стр).

Қорыта келгенде Жуалы ауданының Қошқарата өңіріндегі Ордақонған, Боралдай, Жолбарыс қамал, Үлкен тұра, Кіші тұра, Садыр қамал, Тарақты қамал, т.с.с. көптеген жер - су атаулары 17-18 ғасырлардағы туған елімізді Жоңғар қалмақтарынан азат ету кезіндегі соғыстарға қойылған атаулар болып табылады. Қысқасы, «Орда қонған» - атауы Орданың тұрған жері дегенді білдіретін атау.

Ормансай

Күреңбел ауылдық округіне қарасты Қаратас елдімекенінің солтүстік – батыс жағында орналасқан шағын тоғайлы сай «Ормансай» - деп аталады. Ол жер Қаратас елдімекенінен 1,5 шақырым жерде Теріс өзенінің батыс жағасында орналасқан. Жер

атауының Ормансай аталуына сайдағы өсіп тұрған шағын тоғай себеп болған. Онда жеміс ағаштары емес негізінен қаратал, сәмбітал, қарағаш, терек сияқты талдар өседі.

Жергілікті жердің адамдары Теріс өзенінің жағасында осы сайдағы өскен тоғайды орманға балағандықтан жер атау «Ормансай» - болып аталып кеткен.

Өгізарал

Жуалы ауданының солтүстігіндегі Оңтүстік Қазақстанның Шаян ауданымен шектесер жерінде Өгізарал аталатын жер бар.

Өгізарал туралы сұрастырғанымызбен біз ешқандай дерек таба алмадық. Сол жерге жақын жердегі Қошқаратада туып өскен ақын Бауыржан Үсенов «Өгізарал» атты өлеңінде былай жырлайды:

Бір жер бар Көсегеде Өгізарал,
Егіз шың көкке ағылған – егіз анар.
Ортасы жасыл ойпат, аты қызық,
Дерек жоқ ақиқатқа негіз алар.

Шоламын биігінен айналамды,
Бұл атты атам қазақ қайдан алды.
Қай кезде, қандай адам, не себептен?
Өгізге арал қосып пайдаланды...

Жердің Өгізарал - аталуы туралы Е.Қойшыбаев пікірінше, «Көне түркі тайпалары тілінде үгіз («өзен су») және арал сөздерінен қалыптасқан атау; «сулы арал» мәнінде. (Қазақстанның жер – су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985 199 бет).

Демек «Өгізарал» - атауы сол жердегі өзен мен оның төңірегіндегі төбелерге байланысты өте ертеде қойылған атау.

Рысбек төбе

Жамбыл ауданының бұрынғы «Қызыл Октябрь» колхозының маңында, Жуалы ауданына жақын жерде Рысбек төбе аталатын жер бар. Бұл жердің неге бұлай аталғанына біз

жауапты - Сиқым Рысбек батыр кітабынан таптық. (авторы Б.Әбілдаұлы). Оның «Батыр мұраты» аталатын бөлімінде былай баяндаған.

«Рысбек батыр 1824 жылы Жамбыл ауданы «Қызыл Октябрь» колхозына қарасты шайхана маңында көз жұмған. Осы арада Рысбек, Тұрыс төбелер бар. Өлер алдында Рысбек балаларын жинап, бақұлдасады. Сегіз ұлының жетіншісі Төребекке:

- Атам Қарабатыр, әкем Шінет жатқан Манкенттегі Сиқым зиратына қойыңдар - дейді өсиетін айтып. Қайтыс болған соң Рысбекті осы төбе басында жауыпты. Сол жер Рысбек төбесі аталған. (76-77 беттер).

Рысбек төбенің аталу тарихы міне осындай.

Садырқамал

Боралдай өзенінің Үшашы атты қосылысының жанында «Садыр мүрде», «Садыр сай», «Садыр қамалған» атты жерлер бар. Оны бүгінде «Садырқамал» - деп атайды. Бұл жерлердің бұлай аталу себебін әсіресе кейінгі ұрпақ біле бермейді.

Бұл Садырқамал да «Ақтабан» жылдарындағы сұрапыл дәуірде қызыл қырғыннан қалған белгі.

Садырқамал туралы Ілияс Есенберлин «Көшпенділер триологиясында біршама деректер келтіреді: «Найман тайпасының бір тармағы Садыр руы Ақтабан шұбырандыдан бұрын Талас пен Арыс өзендерінің арасында көшіп жүретін. Бұрындай өзенінің бойында «Садыр мүрде» деп аталған жер – бұл рудың аталары қойылған зират еді. Ақтабан шұбырандыда қалмақ қолынан тоғыз баласымен Жомарт өледі. Қырық мың үйдің он бес мың шаңырағы шұбырап Әндижан жеріне өтіп кетеді». (Көшпенділер. Алматы: Жазушы, 1987, 418 б).

Жазушы С.Сматаев, Жомарт батыр мен оның тоғыз ұлының туған жер үшін жанқиярлықпен шайқасып мерт болғаны хақында шынайы да көркем етіп «Елім - ай» романында баяндайды.

М.Тынышбаевтың пікірінше, «Между обоими тура в местности Терекы впадает ручеек называемый ныне «Садыр –

қамалған - булак» т.е. ручеек, у которого застряли, т.е. были окружены и перебиты Садыра в 1723 г. здесь раз и зимовал Джомарт батыр со своими 9 сыновьями» - делінген. (История казахского народа. Алма-Ата,1993, 188 стр).

Сол қырғын соғыстан 25 күндік Тасболат есімді жалғыз нәресте ғана тірі қалып одан бір қауым ел өсіп өнгенін М. Тынышбаев: «От этого 25 – дневного мальчика – Тасбулата в 5 колонне происходит автор» - деп өзінің ата тегінің шығуына дейін баяндайды.

Қысқасы, бұл «Садыр мүрде», «Садыр сай», «Садыр қамалған» - атты атаулардың барлығы да Садыр руына байланысты туындаған.

Сарықайқаң

Теріс өзенінің шығыс жағындағы Еңкеден ары асқандағы жазық күнгей беткей. Сарықайқаң беткейінің шөбі басқа өңірлерге қарағанда ерте сарғаяды. Сондықтан да бұл жерге егін егілмейді.

Бұл жердің «Сарықайқаң» - аталуына екі түрлі болжам бар. Біріншісі жазық күнгей беткейдің сап – сары болып жататындығына байланысты сары, қайқы бел деген мағынаны береді. Халық этимологиясының «сары» сөзінің түсінігін жер бетінің жаздың ыстық сарша тамызынан соң қуаң тартып сарғайған түсіне балайды.

Егер де біз «сары» сөзін түстік бір объектінің сарылығы үшін қолдансақ бұл жұтаң ұғым болар еді. Мысалы:

Сары қарды теуіп жайылған,

Сары аязда жусаған,

Сары арқаны қыстаған.

Жылқының жайы болмас па? – деп келетін өлең жолдарындағы тіркестерде «сары» сөзі алуан түрде қолданылатындығын көреміз. Мұндағы атауларға зер салсақ бұлардың қай – қайсысының да сары түспен байланысы жоқ. Демек сары сөзі түсті емес «кең байтақ» деген ұғымды береді.

Қорыта келе айтарымыз, «Сарықайқаң» - атауы «кең байтақ қайқы беткей» деген ұғымды білдіреді.

Сарытас

Жуалы ауданының солтүстік шығысындағы Кіші Қаратаудың шығысқа қараған шатқалдары мен аңғар асулары өте көп. Соның бірі Қарабастау елдімекенінің батыс тұсындағы «Сарытас» - аталатын жер.

Сарытастың жоғарғы жағындағы шатқал малға өте жайлы, онда жабайы жеміс – жидек те көп өседі. Бұл жерді ежелден Шымыр руының Құттық аталатын ұрпағы мекендеген. Қазан төңкерісіне дейін бұл жерде жазда Құттықтың, Баяанның байлары үйір – үйір жылқы ұстап, қысқа қарай Билікөл жағасына айдап жіберіп отырған.

Енді бұл жердің «Сарытас» - аталатындығына келетін болсақ ол осындағы шөккен түйедей болып шашылып жатқан сары тастарға байланысты қойылған атау.

Саясу

Билікөл өңірінен үстірттегі Жуалыға қарай көліксіз атпен асатын асулардың бірі «Саясу» - аталады. Бұл шатқалдың табиғаты мен өсімдіктер дүниесі басқа шатқалдар сияқты көркем.

Бұл шатқал Бәйел Мұстафа және Саян сынды атақты байлардың жайлауы мекені болған. Сондықтан да шатқалдың және асудың аты Саяның асуы деп аталған. Саяның асуы айтыла келе Саясу болып қалыптасып кеткен.

Саясу асуының орналасқан жері қазіргі Көлтоған ауылымен тұспа – тұс келеді. «Саясу» - атауы адам атынан тұратын антропонимдік атау.

Сеңгір

Боралдай тауының солтүстік батысындағы биік құз «Сеңгір» - аталады. Көкке шаншыла бой көтерген құзда бүркіттер ұя салады, табиғаты өте көркем.

Балалық шағын осы өңірде өткізген жазушы Еркінбек Тұрысов Сеңгідің келбеті туралы жазбасында: «Қараштың биігінен, алыста Сеңгірдің күрең қаздарына ұласып, көгілдір мұнар құшқан Боралдайдың келбетіне қарап тұрдық. Неткен сұлу, неткен көркем дүние еді бұл. Сол сұлулыққа тұнған сырлы

дүниенің нақ ортасында, көк торғынға оранған тау шатқалын қақ жарып, тулап ағып жатқан асау өзеннің арнасынан аспан көгіне шаншыла бой көтеріп келісті – кербез Нұржау тұр» - делінген. (Е. Тұрысов. Нұржаудың нұрлы түндері. Алматы: Нұрлы әлем, 1998, 183 бет).

Сеңгір атауы - өте көне термин. Бұрын Тұраны қазақтар «Сеңгір» - деп атапты.

М.Қашғари сөздіктерінде, Кеншек – Сенгир т.б. түрлерінде кездеседі. Көне түркі тілінде сеңир – «шошақ» деген мәнді береді. Сондықтан біз «Сеңгір» - атауы «күз жартас», «шошақ тау» сөздерінен шыққан деген тоқтамға келеміз.

Сулысай

«Сулысай» – Жуалы ауданындағы Құлан тауының күнге жағындағы екі жотаның ортасындағы сай атауы. Орналасқан жері Ынтымақ елдімекенінің батыс тұсында.

Сулысайдың айналасындағы тау жоталарынан бірнеше бұлақтар басталып, батысқа қарай ағады. Сондықтан да бұл жер көк майсалы, сулы болып жатады.

Қазақ тілінің сулы мәніндегі сөзі кейбір түркі тілдерінде сұлу түрінде айтылатындары да бар, бірақ бұл атау орналасу жағынан «суы бар сай» деген географиялық атауға келеді.

Қорытып айтқанда, жер атауы «сулы» және «сай» сөздерінен қалыптасқан гидронимдік атау.

Сұрым

Жуалы ауданының Күркіреусу мен Қазбастау темір жол айырмалары аралығындағы темір жол станциясы. Ол аудан орталығы Б.Момышұлы елдімекенінен шығысқа қарай жиырма шақырым жерде, Түркісіб темір жолының бойында орналасқан.

Бұл жердің атауы 1930 жылдарда темір жол айырмасын белгілегенде сол маңда тұратын Шаңышқылы руының Сұрым атасының (Сұрым Шаңышқылы) атынан қойылған.

Сұрым станциясы арқылы сол маңдағы тұрғындарға поезбен тауарлар әкелінеді және сол жердің ауыл шаруашылығы өнімдері сыртқа шығарылады.

Сүңгі

Жуалы ауданының солтүстік батыс жағында, Қошқарата аймағындағы Боралдай тауының қатар жатқан терең шатқалдарын жұрт «Үш Сүңгі» деп атайды. Таратып айтқанда; бас Сүңгі, орта Сүңгі және кіші Сүңгі. («кіші Сүңгіні бала Сүңгі деп те атайды. «бала» сөзі «кіші» деген мағынаны береді).

Сүңгі жерінің табиғаты өте көркем; белуардан келетін қалың жыныс – жықпылды, көк торғынға оранған, жан аяғы мен мал аяғы тие бермейтін сұлу өлке.

Бұл жердің «Сүңгі» - аталуына тоқталатын болсақ ол моңғол сөзінен пайда болғандығына көз жеткіземіз. А.Әбдірахманов: «Бұл атау моңғолдың «сүмбер» сөзімен байланысты «биік тау» - дегенді білдіруі мүмкін. Түркі тілінде сөз аяғындағы «р» - дыбысы түсіп қалуы ықтимал. Өйткені р, л, н дыбыстары түркі тілдерінде тұрақсыз екені белгілі» - деп көрсетеді. (А. Абдрахманов. Топонимика и этимология. Алма – Ата: Наука, 1975, 158 стр).

Біздің ойымызша, бұл атау «таудың бір сүңгісі» -мәніндегі өзгеріске ұшыраған Сүмбе сөзі. «Сүмбе» - сөзі айтыла келе жергілікті елдің аузында «Сүңгі» - болып қалыптасып кеткен деген болжам жасаймыз.

Талдыбұлақ

Боралдай тауының етегінен басталып Қошқаратаға қосылатын бұлақ «Талдыбұлақ» - аталады. Бұлақтың әсіресе басталар жері мен төменгі екі жағасын қалың тал тоғай көмкерген, тіпті жабайы алма да өседі.

Өзінің балалығы өткен Талдыбұлақтың көркем табиғаты туралы Е.Тұрысов «Нұржаудың нұрлы түндері» атты повесінде тамылжыта суреттеген: «Бергі беті қоңыр адырлы Марқаның қырат – қырқалары арғы жағы алыста мұнарланған Боралдай тауына ұласатын ұзын бұлақ – Ордалының жөн – жоталарыарасында тар аңғарда тулап ағатын жіңішке тау өзені Талдыбұлақтың бойында шашырай қоныс тепкен туған ауыл бала көңілге ұжымақтай көрінетін. Ұзын бұлақтың ұзын жотасын бойлай созылған жалғыз аяқ сүрлеудің қос қапталы, қыр

– қырлар тұтас орала біткен көк шалғынға тұнып қалған. Талдының тоғайына түскесін Бесшоқидан Кеңбұлаққа өтетін қара жол бойындағы қойнаудан біздің үйдің қарасы да көрінді» (175бет).

Талдыбұлақта 1955 жылға дейін жеті жылдық мектеп болған.

Бұл жердің «Талдыбұлақ» - аталуына оның тамаша табиғаты, қалың тал – тоғайдың мол болып өсуі арқау болған. Қысқасы, бұл атау «талды» және «бұлақ» деген екі сөзден құралған гидроним.

Тасбастау

Құлан тауының шығыс жағынан басталып Теріс өзеніне құятын бастау «Тасбастау» - аталады. Сол бастаудың төменгі жағындағы елдімекен де «Тасбастау» - ауылы деп аталады.

Бұлақтың Тасбастау аталуы тау етегіндегі тастардың арасынан арындап шығып жататындығына байланысты.

Көпті көрген қария Әшен Айманбетұлының айтуынша, бұрын бұл бастаудың суы мол және арыны қатты, көлденең келген ат белін майыстыруға дейін жететін - деп баяндайды.

Бұлақтың және елдімекеннің «Тасбастау» - аталуы тас және бастау компоненттерінен құралған атау.

Теке қамал

Тура мағынасында «Теке қамалған» - деп аталатын жер Ақсу – Жабағылы қорығының Жуалы аймағына қарайтын бөлігінің солтүстік жағында Тәттібай ауылының үстіңгі жағында 12 шақырымдай жоғарғы тұсында орналасқан үлкен аңғар. Сол аңғардың құзар басына таман бір – бірімен сүзісердей едірейген екі жақпар жартас бар. Осы жартастардың астыңғы жағында үлкен – үлкен үңгірлер болған екен де, онда тау текелер мекен етіпті. Бүгінде сол үңгірлерді тас басып құлап бекітіліп қалған да, бір кезде Құлан тауынан асып жосып жүретін жануарлар мекенін тастап Жабағылы асып кеткен.

Ескіліктегі тау – тасты кезіп аң аулаған аңшылардың айтуына қарағанда: «Теке қамалдың құзар басындағы жартастың

желкесіне шығып талай құлжаны, текені аңғарға қамап шиті мылтықпен атып алатынбыз, үңгірлерде жануарлардың қиы шашылып жататын» - деп әңгімелейді.

Соған байланысты аңғардың аты «Теке қамалған» - аталып кеткен.

Теріс өзені

Бастауын Қаратау жотасының оңтүстік – шығыс баурайынан алып оңтүстік – шығысқа қарай бұрыла ағатын өзен. Жалпы ұзындығы 52 шақырым құрап Терісашыбұлақ бөгеніне құяды.

Теріс өзені туралы алғашқы деректер Араб жиһангері Убейдаллах ибн Хордадбектің 846 жылы, X ғасырдың басында Мыңбұлақ өлкесінде болған Кудамма ибн Жафар жазған күнделіктерінде кездеседі: «Мыңбұлақта мыңдаған бұлақтар ағып шығады да қосылып бір өзен құрайды. Өзен шығысқа қарай ағады, сондықтан оның аты Баркуаб; бұл сөздің аудармасы (кері бағытта ағытын өзен) Теріс. Баркуабтың (Теріс өзені) екі жағасындағы тұтасқан орман – тоғайлары мен қалың құрақты шалшықтарынан қырғауылдарды аулайды» - деген. (Kitab al-Kharadj. Ed.M.J. de Goeje. Lugduni Batavorum. 1889, 262 с).

Теріс өзенінің оң жағасында «Баркуаб» - атты орта ғасырлық Жібек жолының бойындағы қалажұрттары болған Бұл жер Тараз Жамбыл облысының энциклопедиясында шартты түрде «Бурнооктябрь I, II, III қала жұрттары» (311 бет) деп берілген.

Теспе

Жуалы ауданының Шыңбұлақ елдімекенінің шығыс жағындағы Үлкен Қоңыртөбе аталатын жердің жанындағы терең сай «Теспе» - деп аталады.

Теспенің орналасқан жері Билікөл аймағындағы Саясу асуымен тұспа – тұс. Теспенің терең сайынан бұлақ ағып шығып Шыңбұлаққа барып қосылады. Бұл бұлақ сай табанындағы жынысты тіліп (жылыстап тесіп) өтеді. Теспенің сайында түрлі бұталар мен жабайы бұлдірген көп өседі. Теспе аталатын сайдың ұзындығы 6,5 – 7 шақырымды құрайды, ал тереңдігі 35 – 40 метрдің шамасында болады.

Сайдың екі қапталы өте тік болып келеді, сондықтан сайға түскен адамның одан қайтып шығуы өте қиын. Сай тереңдігі көрген адамға тіліп өткендей, (тесіп өткендей) әсер қалдырады. Сол себептен бұл терең сайдың атауы «Теспе» - болып аталған.

Тесіктас

Біздің ата - бабамыз жер - суға, ауылға атау беруде ол жердің табиғи –географиялық ерекшеліктерін бет - бедерін әр кезде еске алып отырған. Сондай атаудың бірі «Тесіктас» -аталады. Бұл атау тура ауылдың жанындағы үлкен жал таста табиғаттың әсерінен болған адам сиып кетердей тесік бар. Осы тастағы тесікке байланысты ауыл «Тесіктас» - аталады.

Тобшақты

«Тобшақты» - алқап атауы. Талас Алатауының үлкен шатқалынан басталатын ол жер Тәттібай ауылының шығыс жағында жатыр. Тобшақты алқабының («жайлау» деп те аталады) жоғарғы оңтүстік жағы Ақсу – Жабағылы қорығымен шектеседі.

Тобшақтының әсіресе жоғарғы шатқал жағында ну жынысты тобылғы өседі. Осы екі таудың арасындағы қалың тобылғылы шатқалы алыстан жасыл тоғай сияқты болып көрінеді. Бұл жердегі тобылғы жынысының қалыңдығы сонша, ұжымдастыру кезінде осы жерді паналағандарға суық өткізбейтін жылы пана болғандығы айтылады.

Ақсу – Жабағылы қорығының шығыс жағындағы тау қарауылы осы Тобшақты шатқалының аузында тұрады. Бұл маң аң – құсқа өте бай. Қамшыға тобылғы іздегендер осы Тобышақтыға келеді.

Бұл алқаптың Тобшақты аталуы біздің ойымызша осы тобылғыға байланысты. Алқаптың етек жағында тобылғы әр жерде топ – топ болып өседі. Былайынша «шоқ – шоқ болып тобылғы өскен жер» - деген сөзден тобшақты аталған. Қысқартып айтқанда, тобылғы шоғы сөзінен «Тобшақты» -атауы қалыптасқан.

Тоғызтарау

Жуалы ауданының Билікөл аумағындағы елдімекен осылай «Тоғызтарау» - аталады. Бұл елдімекен Билікөлдің шығыс жағынан орын тепкен. Аса өзенінің Билікөлге құятын аймағы тарамданып көп салаларға бөлініп кетеді. Сол сияқты ол маңда Аса жақтан, Жуалының үстіртінен құмға қарай апаратын тарау – тарау жолдар түскен, сондықтан бұл аймақ «Тоғызтарау» - аталып кеткен. Тоғызтарау жері Керімбай Бұралқыұлының ата қонысы болған. Сол жерде оның күмбезі бар.

Торлан және Қараш асулары

Жуалы ауданының батыс жағындағы Шаянмен шекаралас Қаратаудың теріскей бетінде «Торлан» - аталатын биік асу бар.

Бұл асу бала Торлан (кіші Торлан мағынасында) және үлкен Торлан деп екіге бөлінеді.

Жоңғар шапқыншылығынан туған өлкені қорғауда осы Бала Торлан, Үлкен Торлан, Біресек, Қараш, Шоқытас және Қанымжан асуларында қазақ жасақтары тастан қамал жасап жауға күйрете соққы берген. Осы тарихи деректер Сәуірбек Бақбергеновтың «Қазығұрттың басында кеме қалған» - кітабында жан – жақты суреттелген. Бұл атаулардың бірқатары Оңтүстік Қазақстан облысының жерінде болғанымен оқиғасы ортақ.

«Жау Түркістан жаққа өтуге күш жинайды. Қанымжан деген әйел бастап Шоқытас пен Бала Торлан асуының екі ортасынан тас қамал жасауға кіріседі. Садақ оғы жетпейтін, бүркіт ұя салатын қия жартастарға орналасқан қамалдарға жете алмай, қатты тосқауылға кездеседі. Жоғарыдан құлаған, лақтырған, домалаған тастардан, алаулаған оттан, садақ оғынан жау көп шығынға ұшырайды. Ақыры жау Торлан Қараш асуларынан өте алмайды». (Мәтін қысқартылып алынды) (С.Бақбергенов Қазығұрттың басында кеме қалған. Алматы: Жалын, 1984, 52 – 53 беттер).

Сол күндердің белгісі және құрметі ретінде Қаратауда осы күнге дейін «**Қатынқамал**», (әйелдер соққан қамал дегенді білдіреді) «**Қанымсай**» - деген жерлер бар. Ал боздақтар құрбан болған шеңгел төбе «**Қанжуған**» - аталады.

Ал енді Торлан асуының аталу тарихына тоқталатын болсақ, «Атауға оғыз қыпшақтарының торо немесе торғо сөзі негіз болған, қазақ тілінде тору сөзіне мәндес атау. Күзет асу мағынасын білдіреді» - деп түсініктеме береді Еркебай Қойшыбаев. (Қазақстанның жер – су аттары сөздігі Алматы: Мектеп, 1985, 223 бет). Қараш сөзінің шығуына байланысты ұғым да Торлан асуының этимологиясына ұқсас. «Қараш» - сөзі қарашы деген сөзден шыққан деп жорамалдаймыз. (қарауыл сөзімен мағыналас) Қариялардың айтуынша үлкен асуларда, биік төбелерге қарауылдар (қарашылар) тұрған. «Олар қара ат мініп тұрса «жау келеді!» деген белгі, ал ақ мініп тұрса «бейбітшілік» деген белгі болатын» - деп айтады.

Жоғарыдағы тарихи деректер де, атаудың шығуына негіз болған сөздің төркіні де жоңғар шапқыншылығымен байланысты екендігін айқындап тұр. Жауды торуға немесе күзетуге қойылған асу екендігін көрсетеді.

Тышқансай

«Тышқансай» - аталатын жер Ақсай аталатын өзеннің шығыс, Қараүңгірдің үстіңгі жағында. Алатаудың етегіндегі терең шатқалдарда әсіресе осы Тышқансайда дала суыры аталатын тышқандар көп мекендейді.

Бұрынырақта бұл тышқандарды аулап терісінен тымақ, түрлі жылы киімдер тіккен.

Бұл жердің Тышқансай аталуына осы сай аңғарында мекендейтін тышқандардың көптігі себеп болған, яғни «тышқанды сай» сөзінен ды жалғауы түсіп қалып, «Тышқансай» - атауын құрап тұрған ороним.

Түркісіб

«Түркісіб» - аталатын жер қазіргі Жетітөбе ауылдық округіне қарасты Кәріқорған ауылының оңтүстік батысында 6,5 шақырым жерде, Құлан тауының шығыс жақ етегінде орналасқан. Ол жерде 1960 жылдары аумағы 6 – 7 гектарды құрайтын үлкен алма бағы егілген. (Ол алма бағы қазір де бар).

Социалистік кезеңнің 1965 – 1975 жылдары аралығында Түркісібте Жуалы ауданының ауылшаруашылығы қызметкерлерінің күні, қойшылар слеті сияқты мәдени іс – шаралар осы табиғаты көркем тау етегіндегі бақта өткізіліп тұратын.

Осы Түркісіб аталатын жерде 1928 жылы ұжымдастыру кезінде шағын артель ұйымдастырылған. Ол кез Түркісіб темір жолының Жуалы аймағының Бауыржан Момышұлы (Бурное) елдімекенінен шығысқа қарай жалғастырылып салынып жатқан жылдар болатын. «Түркісіб» - сол салынып жатқан Түркісіб темір жолының құрметіне қойылған атау.

Ұзынбұлақ

Жуалы өлкесінде «Ұзынбұлақ» - аталатын екі бұлақ бар. Біріншісі, қазіргі Қоңыртөбе (бұрынғы Успенровка) елдімекенінің солтүстік батысынан басталып Теріс өзеніне құяды. Екіншісі, Қошқарата өңіріндегі Боралдай тауының етегінен басталып Қостөбеге қарай созылып жатқан ұзын бұлақ.

Жазушы Еркінбек Тұрысов өзінің «Нұржаудың нұрлы түндері» атты повесінде ашаршылық жылдарындағы ел басындағы қиын кезеңді осы Ұзынбұлақпен байланысты былай жазады:

«Талдыдағы ауылдың жиырма шақты түтінінің қайраты қайтқан кәрі – құртаңы күні ертең көш жолы кеткен Боралдайға қарап аузын ашып азық күтетін әлжуаз бала – шағадан өзге тік тұрар барша жаны арқаланып, ұбап – шұбап Ұзынбұлақ жотасының жалғыз аяқ соқпағымен жолға шыққан.

Ұзын бұлақтың тауып қойған атына қарай, оның сонау көз ұшындағы өркештенген Қостөбеге қарай сұлай созылған құба жотаны өрлеп ішектей созылған жолы да ұзақ» (138бет). Жазушының берген бұл анықтамасына біздің қосарымыз жоқ, бұлақ Боралдай өзеніне дейін құба жотаны жағалай ұзақ жол жүріп барып қосылғандықтан осылай «Ұзынбұлақ» - делінеді.

Үндемес бастау

Оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған Құлан тауының шығыс бөктерінен көптеген бұлақтар басталып Шақпақ және Теріс өзендеріне құяды. Сондай бұлақтардың бірі Шақпақ ауылының батыс жағындағы «**Көксарай**» - аталатын жерден (баздың шатыры көк шатырмен жабылғандықтан солай аталып кеткен) 400 метр оңтүстігіндегі бұлақ «Үндемес бастау» - аталады. Бұл бұлақ қалың қара долана мен шеттік өскен аңғардың жоғарғы жағындағы жартастан басталады. Бір құлақ бұлақ суы жартастың қуысынан үн шығармай қайнап шығып жатады. Бұлақтың «Үндемес бастау»- аталуына осы құбылыс себеп болған, яғни бұлақ ешқандай дыбыс шығармай тас қуысынан лықсып көтеріліп тастардың арасымен төмен қарай ағады.

Бұлақ суын жаз кезінде төменгі жақтағы егісті алқаптарды суғаруға пайдаланады. Бұлақ бірнеше бастау суларымен қосылып Шақпақ ауылының шығыс жағындағы Шақпақ өзеніне барып қосылады.

Үшқоспа

Қазіргі Ақтасты (бұрынғы Некрасовка) ауылының шығыс жағындағы Қошқарата өңірінің ең шұрайлы жері бұрынырақта «Үшқоспа жайлауы» немесе «Үшқоспа» деп аталады. Бұл жер кезінде ұлы жүздің ханы Жолбарыстың да жайлауы болған. Ол қайтыс болған соң Үшқоспаны жоңғардың қонтайшысы Қалдан Серен де иеленген.

Бақтияр Әбілдаұлының дерегінде Үшқоспа жайлауы туралы: «Шіркін Үшқоспа Қаратаудың ең құйқалы жайлауы ғой. Жоңғарлар лайлау болғандықтан Боралдай атап кеткен өзенге қоса Қошқарата суы, тағы бір бұлақ түйіскен соң осылай Үшқоспа аталған. Шыжыған қырық күн шілдеде суы сап – салқын, ішсең балдай, тамағыңнан тас төбеңе бір – ақ шығады. Жаз бойы ызыңдаған шыбын – шіркей ұшып, малды да, жанды да мазаламайды. Көктемде шыққан балауса шөп, жеміс – жидек қоңыр күз түскенше қалпын өзгертпей тұнып тұрады». (Рысбек батыр. Алматы, 1994, 70 бет).

Бұл жердің «Үшқоспа» - аталуы Боралдай, Қошқарата өзендерімен Ұзынбұлақтың қосылуына байланысты «үш өзеннің қосылған жері» - деген мағынаны беретін атау.

Үштөбе

Шақпақата елдімекенінің солтүстік, Тәттібай ауылының батыс жағында, Түркісіб темір жолынан 5 шақырым жерде «Үштөбе» - аталатын жер бар.

Үштөбе, Шақпақ беліне жақын, Алатаудың етегінде оңтүстіктен солтүстікке қарай қаз қатар орналасқан. Анықтап қараған кісіге ол төбелердің саны жеті - сегіз екендігі байқалады, бірақ соның ішіндегі үшеуі басқаларына қарағанда биік алыстан көзге шалынады.

Үштөбе табиғи төбеге емес қолдан үйілген оба тәріздес төбелер тобына жатады. Олардың биіктіктері мен диаметрлері шамалас. Қариялардың айтуынша, «бұл жаудан қорғану үшін үйілген төбелер» деген болжам айтады.

Бұл жердің «Үштөбе» - аталуы, «үш» төбенің санын білдіретін және «төбе» сөздерінен қалыптасқан атау.

Шақпақ

Жуалы ауданының Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданына өтер жеріндегі Құлан тауының шығыс жақ аймағындағы Шақпақпен байланысты елдімекен Шақпақ елдімекені, Шақпақ тауы, Шақпақ өзені, Шақпақ темір жол станциясы, Шақпақ ортағасырлық қаласы, Шақпақ құстарға сақина салу орталығы, Шақпақ әулие, Шақпақ желі аттары аталады. Осы атауларға байланысты қысқаша мәлімет келтірейік:

1. Шақпақ ата елдімекені. Жуалы ауданының аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылынан батысқа қарай 12 шақырым жердегі елдімекен, Шақпақата – ауылдық әкімшілігінің орталығы. Батысында Құлан тауы бар. Шақпақ ата бұрын Кременевка аталып келген, одан кейін 1992 жылы өзінің тарихи атауына қайта ие болды. 1966 – 1998 жылдар аралығында Шақпақ ата елдімекенінде Б.Момышұлы атындағы тұқым өсіретін Қазақ КСР Мемагроөндіріс Жамбыл облысының ауыл шаруашылығы

тәжірибе станциясының орталығы болды.

2. Шақпақ темір жол станциясы. Жуалы ауданындағы бесінші дәрежелі темір жол станциясы. Жамбыл – Түлкібасы темір жолы аралығында Шақпақ елдімекенінен 2 шақырым жерде. Жуалы және Оңтүстік Қазақстанның Түлкібас ауданының шекарасында орналасқан. Көнекөз қариялар бұл жерді бұрын «Ақтам» деп атаған. Оның себебі бұл жерге темір жол бекеті салынған кезде оның іші – сырты әктелгендіктен аппақ болып тұрады екен.

«Шақпақ» - атауы осы маңдағы Шақпақ тасты жынысты тауғап байланысты қойылған.

3. Шақпақ қалашығы. Шақпақ (Кременевка) елдімекенінің оңтүстігіне қарай 500 метр жерде орналасқан VIII – X ғасырлар аралығында болған қалашық. Теңіз деңгейінен 1123 метр биіктікте орналасқан. Қалашық Шақпақ белінің үстінде Алматы – Ташкент автомобиль жолының дәл іргесінде. Қалашықтың орнын В.А.Каллаур, Г.И. Пацевич, К.М.Байпақовтар зерттеу жұмыстарын жүргізгенімен онда қазба жұмыстары әлі жүргізілмеген.

Шақпақ қалашығының орнын жергілікті жұрт «Қалмақтөбе» - деп те атайды. Ол жерде ескі қорым бар.

4. Шақпақ әулие. Шақпақ ата елдімекенінің 600 метрдей оңтүстігінде, Шақпақ қалашығының шығыс беткейінде, шоғыр тау жыныстарындағы үңгір.

Оның тереңдігі 5,5 – 6 метрдей де биіктігі 2,5 метрдей болады. Осы аймақтағы жұрт оны «Шақпақ әулие» - атап, ол жерге барып зиярат етеді. Шақпақ әулие үңгірінің маңындағы тастарда шақпақ тасты жыныстар көп. Шақпақ әулиеге байланысты әртүрлі аңыз әңгімелер айтылады.

Тарихшы Әділбек Байбатша: «Б.д.д заманның соңында өмір сүрген Шақпақ әулие мекендеген жер Шақпақ ата болды» - деп көрсетеді. (Ә.Байбатша. Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы: Санат, 2002, 170 бет).

5. Шақпақ тауы. Оңтүстік Қазақстанның Түлкібас ауданына өтер жердегі Құлан тауының бітер жеріндегі Жабағылы сілемімен жапсарласып жатқан тау жотасы. Мұны кейде

«Шақпақ белі» - деп те атайды.

Бұл жерден Құлантаудың шығыс бөктері арқылы жүріп Шақпақ белінен асып, Арыс өзенін жағалап, Ұлы Жібек жолының желісі өткен.

Ұлы Жібек жолының бойындағы елді мекендер мен жер бедерін арнайы зерттеген Араб – Иран саяхатшыларының жазбаларында: «Мыңбұлақ пен Арыс алабын бөліп тұрған Шақпақ асуы б.д. басында, Түрік хандығы кемелденген VI – VIII ғасырларға дейін қазіргідей биік емес, аласа бел еді» - деп сипаттаған. (Ә.Байбатша. Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы: Санат 2002, 177 бет).

Шақпақ асуының айналасын бұталы ағаш өскен жерлер, егістік алқаптар, бұлақтар мен өзендер қоршап жатыр. Осы асудан Жуалы мен Түлкібас аудандарының көз жетер аймағы алақандағыдай айқын көрінеді.

6. Шақпақ желі. Құлан тауының оңтүстік – шығысында, теңіз деңгейінен 1100 – 1350 м биіктіктен соғатын жел «Шақпақ желі» - деп аталады. Ол әсіресе көктем мен күз айларында көбірек байқалады. Көршілес Түлкібас ауданының шығысынан бұл жел қатты соғады.

Шақпақ желінің жылдамдығы секундына 25 – 40 метрге дейін жетеді.

7. Шақпақ өзені. Шақпақ өзені Жуалы ауданындағы басты өзендердің бірі саналады.

Ол ежелгі Мыңбұлақ қалашығының шығыс жағындағы бірнеше бұлақтардан бастау алып Шақпақ, Ынтымақ, Қарасаз, Зыковка елдімекендері арқылы ағып өтіп, Теріс өзеніне қосылады.

Шақпақ өзені 36 шақырым ұзындықты құрайды. Шақпақата, Ынтымақ, Қарасаз елдімекендерінің тұрғындары өзен суын төңірегіндегі егін алқаптарын суғаруға пайдаланады.

Шақпақ ата елді мекенінің оңтүстік жағындағы тау беткейінен соғыстан кейінгі жылдары канал қазылып, құламадан аққан суға шағын электр станциясы орнатылған. Ол станция 1959 жылдарға дейін маңайындағы ауылдарға ток көзін беріп тұрды.

8. Шақпақ құстарға сақина салу орталығы. Жуалы

ауданының Шақпақата асуындағы құстарға сақина салу орталығы Қазақстан мен Орта Азиядағы зерттеу орталығы болып саналады. Ол орталық 1966 жылы қазақстандық зоолог ғалым И.А.Долгушиннің басшылығымен ұйымдастырылды. Шақпақ асуы күзде құстар жылы аймаққа ұшар кездегі ең қолайлы жер болып саналады. Себебі шығыстан батысқа созылып жатқан 1000 шақырымға созылған Тянь – Шань тау жоталарынан құстар аса алмағандықтан Шақпақ асуы арқылы асады. Биік екі жотаның арасында тор құрылады да оған түскен түрлі құстарға сақина салынады. Сақина салынған құстар арқылы олардың қайда ұшып барғандығын, жасын т.б. анықтайды.

Бұл Шақпақтағы құстарға сақина салу орталығында бірнеше мемлекеттің ғалымдары жұмыс істейді.

9.Шақпақ ауылы. Шақпақ ата ауылдық округіне қарасты Шақпақ аталатын шағын елдімекен, аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылының солтүстік батысында 18 шақырым жерде, Құлан асуының шығысында орналасқан.

Шақпақ ауылының аймағындағы жер астында 1912 жылдан 1940 жылдар аралығында көмір кені өндірілген. Бұл жерді ескіліктегі қариялардың «Шахта» - деп атауы да сондықтан.

1932 – 1935 жылдары сол шахтерлер соққан барақтарға жетімдер үйі, 1940 жылы депортацияланған поляк халқының өкілдері орналастырылды.

Соғыс жылдарынан 1958 жылдардың аралығында Жуалы ауданының ауыл шаруашылығы техникалары мен тракторларын жөндейтін МТС жұмыс істеді. Ол 1958 жылы Бурноеға (Б. Момышұлы) қазіргі КСХТ – ға көшірілді. Сонан кейін 1958 жылдан бастап ол жерде УМСХ (училище механизации сельского хозяйства) ашылып 1983 жылға дейін тракторист, комбайнер, автомобиль жүргізушісі, электромонтер сияқты ауылшаруашылығына қажетті мамандар даярлап келді. 1983 жылы ОКТУ (орта кәсіптік техникалық училище) Ақбастау ауылында салынған жаңа типтік кешенге көшірілді.

Елдімекеннің Шақпақ атауы сол Шақпақ ата (бұрынғы Кременевка) ауылдық әкімшілігіне қарасты болғандықтан қойылған атау.

«Шақпақ» - атауының шығуына байланысты әртүрлі деректер бар.

Шақпақ әулие Жүсіп Баласағұнидің шәкірті болған деген де дерек бар. Ол Қашқариядан шығып Бұхара, Самарқанд жерінен өтіп осы өңірге келгенде қайтыс болыпты. Оның жерленген жері (моласы) тәңірлік нанымға байланысты «әулие» аталған.

Жазушы, тіл маманы С.Дүйсебайұлының айтуына қарағанда «Шақпақ» - сөзі қазақтың архаизм сөзіне жатады. Шақпақ сөз тіркесі «биік», «шоқтықты» дегенді білдіреді. Бұрынғы ат баптаушы сыншылар «аттың үш шақпағы болады» - дейді екен; басы, шоқтығы, сауыры. Осы белгілеріне қарап аттың жүйріктігін болжаған - деп түсіндіреді.

Демек «шақпақ» - сөзі сол жердің басқа жерлерге қарағанда биік екендігі, биікке орналасқандығы туралы мәлімет беріп тұр - деп болжам жасауға болады.

«Шақпақ түркі тілдеріндегі шоқпақ тұлғасымен байланысты сияқты (чоқтал пара - пар), орнитологиялық әдебиеттерде кездеседі. Қалай болғанда да Шақпақ атауын Ш.Уәлиханов та, С.М.Абрамзон да түркі этнонимі деп біледі» - деп көрсетілген. (Е. Қойшыбаев. Қазақстанның жер – су атауларының сөздігі. Алматы: Мектеп, 1986, 23 бет).

Шаңлақты

Тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев: «Көшпелілерде; әсіресе қазақтар мен қырғыздарда өте жақсы бір қасиет бар – ол сол жерде болған оқиғаға байланысты етіп атау беріп отырған» - деп жазады.

Әсіресе осындай үлкен тарихи оқиғалар болған жерлер Жуалының Қошқарата аймағында көптеп кездеседі. Соның бірі «Шаңлақты» - оқиғасы. Бұл жер Қошқарата елдімекенінің оңтүстік, ал Ақтасты ауылының батысындағы Боралдай тауының етегіндегі беткей.

Бұл ел мен жердің тағдыры найзаның ұшы мен білектің күшіне, ердің нарқы мен парқы сын талқысына түскен жоңғар қалмақтарының шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің Жуалы жерінде қалған өшпес белгісі.

Шаңлақты шайқасы туралы қысқаша мәліметті жазушы Мырзахан Ахметов «Жуалы» атты тарихи танымдық кітабында келтірген:

«Қошқарата маңында қалмақтармен көп күндерге созылған шайқаста қазақ жауынгерлерінің жеңісімен аяқталғаны белгілі. Оған кейін Кантемировка атанып кеткен Шаңлақты ауылының өткені туралы халықтың аузындағы әңгімелер куә. Осы ұрыстың әйгілі Куликово шайқасынан бірде – бір кем болмағаны сонша, ат тұяғымен тапталған сол аймақта көп жылға дейін шөп шықпай қалған» (154бет).

Соғыстың сондай жойқын болғаны «Шаңлақты» - деген атауынан – ақ көрініп тұр. Орыс кулагы Кантемировтың есімімен аталып келген бұл жердің бұрынғы аты «Шаңлақты» - деп аталады екен. Бір өкініштісі осы Шаңлақты шайқасы туралы ешқандай тарихи мәліметтер кездеспейді. Тек қана ел аузындағы сақталып қалған ауызекі әңгімелер ғана бұл оқиғалар туралы там – тұмдап қана хабар береді.

Жазушы Еркінбек Тұрысовтың: «Арада табандатқан алты жыл төрт ай өткенде, кешегі «ақтабан шұбырандының» азапты жолында жанкешті ұрыс жүргізіп, ел жұртын біржола құрып кетуден сақтан арыстанша айқасқан қазақ қосындары 1729 – шы тауық жылының жазында ата жаумен алыса жүріп, бүгінде жау табында қалған Балабөген, Қошқаратадағы ата мекенінің шетіне де жеткен» - деп жазуына қарағанда, бұл Шаңлақты шайқасы осы Отан соғысында бетбұрыс жасалынған 1730 – шы жылдардың шамасында болған деп болжам жасаймыз.

Осы қанды шайқастың куәсі ретінде Шаңлақты оқиғасы болған жерден осы уақытқа дейін кейбір қару – жарақтардың тат басқан, сынған қалдықтары табылып жатады. Қошқарата елдімекеніндегі Абай орта мектебінің өлкетану мұражайында, қалмақ және қазақ жауынгерлерінің сол жерден табылған жебелері бар.

Шегір қамал

Амангелді (қазіргі Тәттібай) елдімекенінің оңтүстігінде шамамен 10 - 11 шақырым жерде жоғарғы Алатаудың Жуалы

асуының Көктал және Көкше арасындағы аңғарда «Шегір қамал» - аталатын жер бар.

Көнекөз қариялар ол жерді «Шегір қырған» - деп те атайды. Олардың айтуынша Жаныстан тарайтын Шегір руының Итаяқ атты батыры тастан қамал салдырып, жұрт оны «Шегір қамал» - атаған. Шегірден шыққан мерген садақшылар қалмақтарға тұтқиылдан шабуыл жасап жауына алдырмай қояды. Түн мезгілінде олар бір-біріне от жағып белгі беріп жаудың бет алысын қай жерде екенін білдіріп отырған.

«Ақпан батыр» - атты тарихи дастанда:

Қаратау мене Алатау,
Түйісетін жерінде.
Көктал, Көкше жерінде,
«Шакпақ ата» дейтұғын,
Құтты қоныс өңірде
Итаяқ батыр салдырған,
Қорғаны еді Шегірдің.
Сондықтан да бұл қорған
«Шегір қамал» атанды – делінген.

Бір күні Шегір жасақтары әр тұста қарауыл қойып түнгі ұйқыға кеткенде Жолдыбай атты қарауыл сатқын «Бала құлан» сайында жатқан қалмақты бастап келіп, төмендегідей баяндалады:

Кешегі түні қарауыл,
Болуды соған береді.
Түбіне тартып бұл жауыз,
«Бала құлан» сайында,
Тығылып жатқан қалмаққа,
Жұлдыздай ағып жөнелді.
Хабар беріп жауларға,
Қамалға бастап келеді...
Арғысын өзің көрдің ғой
Қырылды Шегір өрені – деп келтіреді.

Бұл оқиға кезінде Шегірдің атақты батыры Ақпан жорықта болады. Келгесін, жаудан кек алуға серт беріп, өлген жасақтардың басына оба орнаттырады. Содан бұл қамал «Шегір

қамал» - атанады.

Аталған дастан Шегірдің Назар ұрпағынан тарайтын Сүлеймен ұлы Уәлиханның айтуы бойынша Хамзе Амандықов ақын қағазға түсірген. «Шегір қамал» немесе «Шегір қырған» - атты осы тарихи жердегі тастан салынған қамалдың орнын қазіргі кезде жобалап байқауға болады.

Ескерту: тарихи дастандағы оқиғалар негізінен 1723 - 1759 жылдар аралығындағы қазақ - қалмақ соғысын қамтиды.

Шыбықбел

Жуалы ауданының солтүстік жағындағы Қостұра аталатын жердің батыс тұсындағы Оңтүстік Қазақстан облысының жеріне асатын асу «Шыбықбел» - деп аталады. Оның жанында іргелес Мұзбел аталатын жер де бар.

Шыбықбел асуының ерекшелігі сол ол асумен асқан жолаушының ешқандай оңға немесе солға бұрылуға мүмкіндігі жоқ жіңішке иілген жотамен жүріп отырады. Жіп – жіңішке шыбықтай болып иілген осынау табиғи ерекшелік жұрт көзінен таса қалмаған. Оның географиялық орналасуына қарай ел өте тапқырлықпен «Шыбықбел» - деп атау берген.

Шыбықбел асуында талай тарихи оқиғалар өткен. Бұл асуда «Ақтабан шұбырынды» кезінде Ұлы жүздің көшін бастаған Төле би секілді, туған жерді жаудан қорғаған Қойгелді, Қарабатыр, Өтеген, Сәмен т.с.с. батырлардың, Кіші жүз Есет батыр бастаған жасақтарының сол сұрапыл дәуірде қалған ізі жатыр.

Шымырбай сай

Кіші Қаратаудың шығыс жағындағы шұрайлы шатқалдардың бірі «Шымырбай сай» - деп аталады. Бұл жерде кезінде сол аймаққа аты мәлім Шымырбай датқа мекен еткен. Шымырбай датқа туралы жергілікті жердің қариялары ел қамқоршысы болған, қиянат, барымтаға мейлінше қарсы тұрып, әділ билік айтқан тұлға ретінде әңгімелейді.

Шатқалдың «Шымырбай сай» - аталуы кісі есімімен байланысты антропонимдік атау.

Шыңбұлақ

Жуалы ауданындағы Жетітөбе ауылдық әкімшілігі округіне қарасты елдімекен. Аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылынан солтүстікке қарай 20 шақырым жерде тау баурайында орналасқан.

Шыңбұлақ елдімекені 1993 жылға дейін Братск аталып келген, кейін өзінің тарихи атауын қайта иемденді. Шыңбұлақ елдімекенінің жанындағы таудан бұлақтар ағып шығып Теріс өзеніне қосылады.

Жердің бұлай аталуына келетін болсақ, ол терең шатқалдар арқылы ағатын бұлақтарға байланысты пайда болған атау.

Түркі тілінде чың сөзі – «терең», «тік шатқал» деген ұғымды береді. Яғни «Шыңбұлақ» - атауы «терең шатқалдағы бұлақ» мағынасын беретін гидронимиялық атау болып табылады.

Шілікті

«Шілікті» - Боралдайдың орта тұсынан батысқа қарай асатын асудың аты. Жергілікті жұрт оны, «Шіліктің асуы» -деп те атайды.

Төскейінде қалың жабайы мәуе ағаштар, бұталар өсетін осы асу туралы Еркінбек Тұрысов еңбегінде:

«Тау десең тау, су десең су. Жан аяғы баспаған таза жер. Көркем шындары көгілдір мұнар құшқан Боралдайға Шіліктінің тұсынан асып, төскейін жабайы мәуе ағаштары көмкерген құзар шоқы баурайында, тау өзені жағасында ат басын тартты. Шілікті жолымен Боралдайға түссе, ел – құзсыз, шатысып – бұтысқан тоғай, аяқ алып жүрер жол жоқ» - деп суреттеледі. (Нұржаудың нұрлы түндері. Алматы: Нұрлы әлем, 1998, 195 бет).

Бұл асудың Шілікті аталу себебі беткейлерінде қалың жыныс, шілік өсетіндіктен, «шілік» сөзіне «ті» - жалғауы жалғанып «Шілікті» - болып туындаған атау.

Ынтымақ

Жуалы ауданының орталығы Бауыржан Момышұлы ауылынан батысқа қарай 14 шақырым жерде орналасқан Шақпақата ауылдық әкімшілігіне қарасты елдімекен атауы.

Ынтымақ елдімекенінде Жаныстан тарайтын Шегір руы мекендейді. Ауыл ортасынан Шақпақ өзені кесіп өтеді.

Бұл жердің «Ынтымақ» - аталуы ол социалистік құрылыстың алғашқы колхоздастыру кезінде қойылған әлеуметтік топоним.

Жуалы ауданының жері, суы, тауы, өзені, көлі, ойы, қыры, даласы барлығы да сан – салалы табиғат көрінісінің әрбір аттамы атсыз емес. Есімсіз адам болмайтын сияқты бұл өлкенің атсыз өңірі жоқ. Ол атауладың әрқайсысы өз кезінде ел қалауынан туындаған. Сондықтан да осы атаулардың барлығы да қоғам ризығы, табы сіңген тарихтың ұшқыны десек болады.

Жуалы жер – су атауларын халық жасаған үлкен қазынаға немесе көнеде жазылған шежіреге балауға болады. Осы атаулардан аймақта өткен түрлі мәдени және басқа да қарым – қатынастар ру – тайпалардың миграциялық жолдары этностық жақындықтар, түрлі тарихи оқиғалардың ізі байқалады.

Гректің ономастика аталатын ілімін – атаулар ілімі десек ол көп жағдайда лингвистикалық деректермен бірге тарих, география, этнография т.б. ғылымдардың деректерінен тұрады. Ал топонимика болса жер бетіндегі нысанның тілдік құрамын және оның мән – мағынасын зерттейтін топонимиканың үлкен бір саласы.

Топонимика туралы А.М.Попов «Географические названия Введение в топонимику» атты еңбегінде: «Топонимдердің жасаушысы иесі де, пайдаланушысы да халықтар болғандықтан, ол тек географиялық себептерден пайда болған құбылыстар емес, қайткен күнде де, тарихи себептерден туған тілдік құбылыстар болып табылады» - деп жазған. Қарапайым түсінігі жағынан топонимиканы: «жер тілі» - деп айтуға болады, демек ол халық сөзі.

Жуалы ауданының топонимикалық жер – су атауларын зерттеген кезде оның құрылысы мен құрамы жағынан біз оны бес топқа бөлдік:

1 топ: Жалпы есімдерден пайда болған көптеген Өзен, Бұлақ, Бастау, Төбе т.б. елді мекен атаулары.

2 топ: Туынды түбір тұлғалы Жосалы, Құлан, Шілікті,

Алмалы, Бақалы, Қақты, Жыланды т.б. бойынша жасалған жер, елдімекен атаулары.

3 топ: Біріккен тұлғалы жалқы есімдер арқылы жасалынған атаулар: Қоңыртөбе, Сарықайқан, Қарамұрын, Жолбарысқамал, Кәріқорған, Шегірқамал және т.б.

4 топ: Қос тұлғалы жалқы есімдерден тұратын: Ақсу – Жабағылы, Теріс – Ащыбұлақ сияқты атаулар.

5 топ: Сөйлемнен қалыптасқан жалқы есімдер: Көсегенің көк жоны, Қыз құлаған, Теке қамал, Қалмақ қырған, Қыдыр қонған сай, Марының сазы т.б. аталатын атаулар.

Қазіргі Жуалы өлкесінде сақталған Бұлақ, Қайнар, Бел, Өзен, Бастау, Өзек, Төбе т.б. атау тұлғалардың барлығы өткен дәуірдің елесін беріп тұрғандай. Бұл тұлғалар келе – келе күрделеніп оларды үстемелейтін: ақ, қара, көк, сары, қызыл, биік, терең, кіші, бала, кең т.б. анықтауыштардың жалғауы арқылы өзгеріске ұшырағанын көреміз. Мысалы: Ақбастау, Қоңыртөбе, Кеңбұлақ, Қостөбе, Жетімтау, Айнакөл, Ирекасу, Қарабастау, Көктөбе т.б. атаулар.

Аудан аймағында 3, 7, 9, 10, 40, 1000 т.б. өзекті сандардың топоним құрамынан орын алуы арқасында көптік белгіге ие болған атаулар да жеткілікті. Үштөбе, Үшқоспа, Жетітөбе, Тоғызтарау, Мыңжылқы, Мыңбұлақ т.б. сияқты атаулар осы топқа жатады.

Атамекен жеріміздегі сырттан енген ерте ғасырларда қалыптасқан топонимикалық атаулар – Тұран елі мен парсы, жұрты арасындағы қарым қатынастары кезінде, Ұлы Жібек жолының кезінде, Араб халифаттарының түркі халықтарын жаулап алуы, монғол, кейінірек қалмақ шабуылы дәуірінде өткен қанды оқиғалардың тарихи ізі ретінде қалыптасқан географиялық жер – су атаулары. Өлкеміздегі Абарадж, Баджахт, Баркуаб, Шауғар, Тұра, Боралдай, Қалмаққырылған, Садырқамал, Торлан, Орда қонған т.с.с. атаулар осы оқиғалардың куәсі.

Жуалы жеріндегі топонимикалық жер атауларының ең жасы Қазақстан мен Ресей арасындағы әрқилы қарым – қатынаспен байланысты пайда болған жер – су атаулары. Оның алғашқы кезеңі отаршылдықтың әсерімен «Жаңа низам» ережесіне сай

1868 – 1917 жылдар аралығында пайда болды. Бұл атауларға: Самсоновка, Кантемировка, Успенровка, Петровка, Столыпинка, Некрасовка т.с.с. көптеген атаулар тізбегі жатады.

Атақты ғылым Мекемтас Мырзахметовтың «Қазақ қалай орыстандырылды?» атты еңбегінде республикамыздың топонимикалық ахуалын төмендегідей деректермен көрсеткен:

«Қазіргі күнде республикамызда (1992 жылдың 1 қаңтарындағы дерек) 83 қаланың 28 - і; 222 ауданның 107-сі; ал 35 қалалық аудандардың 32-сі; 222 аудан орталығының 126-сы; 204 жұмысшы поселкесінің 72-сі, әсіресе 2418 селсоветтің 1197-сі; 8369 елді мекеннің 3567-сі тек қана орыс орыс тілінде аталады екен. Бұлардың қатарына мектеп, колхоз, совхоз, мекеме, көше, оқу орындары сияқты сан мыңдаған атауларды қоспа отырмыз» - деп жазады.

Әнуар Исмайловтың «Страны историцы Южного Казахстана» (1864 – 1917 г.г.) атты еңбегінде Оңтүстік Қазақстандағы орыс переселендерінің 1887, 1910, 1914 жылдардағы қоныстануы туралы «Сведения о русских поселениях в Сыр – Дарьинской области» деген кестесінде келтірілген. (Источник: Обзор Сыр – Дариньской области за 1896 – 1914г.г Ташкент. 1914г. 162 – 164с). Онда; Оренбург, төменгі Поволжье, Оңтүстік Россия, солтүстік россия, Харьковь, Воронеж, Курск, Самара т.с.с. губернияларынан Әулие ата, Шымкент уездері бойынша келіп қоныстанған орыс переселендерінің саны туралы нақты мәліметтер келтірілген. Мысалы: 1894 жылы бір ғана Әулие ата уезіне 1128 адам қоныс аударса, 1910 жылы олардың саны 12938 - ге өскенін көрсеткен.

Орыс переселендерінің 1906 – шы жылқы жылының көктемінде Жуалы ауданының Қошқарата, Талдыбұлақ, Алмалы аймағына келуі туралы Е.Тұрысбеков: «Темірлан жағынан шыққан бірер ояз шенеуніктері келіп, осында Сикымның атақты Рысбек батырының немересі Төребек датқаның баласы Шерім болыспен кездесіп, патша ағзамның жарлығымен ішкі Ресейден келе жатқан переселен көштері осында «Загорная» деп аталатын аймаққа, екі Бөген, Алмалы, Қошқарата, Талдыбұлақ өзендерінің бойына қоныстана бастайтынын жария етіп кеткен – ді.

Мелкенбурцев пен Бекжанов бастап, арнайы сапармен шыққан уездік жерге орналастыру бюросының өкілдері келді... Мелкенбурцев «Карта» дейтін туырлықтай қағазын жайып сөйлей берген.

- Бұл переселен мәселесі талқылауға жатпайтын, ұлы мәртебелі патша ағзамның айрықша жарлығымен және сол жарлықтың негізінде биік мәртебелі жер министрі Столыпіннің жоспарымен белгіленген мемлекеттік іс. Мынау осында орнайтын жаңа селение. Оған бұл атраптың топографиясын жасаған жер инженері Леонтевтің есімі берілген. Значит, келешектегі Леонтьевке, мына Алмалинка өзенінің сағасында Черняев полкінің ержүрек офицері Орлов атындағы селение орнайды, ал енді мынау Малая Бугунька, жаңа селение танысып қойыңыздар, губерния жандармының офицері есаул Китаев Григорий Степановичтің атында – Китаевка...

Солай, бұл өлке ұмытпайтын жылқы жылы мамыр айының орта тұсында Қаратаудың Шыбықбел, Қосағаш – Шоқан асуларын асып ағылған переселен көштері күнді – күнге жалғап жатты. Қосарлап, үштеп ат жеккен, парлап қызыл қасқа, көк қасқа өгіздерін жеккен арбалы көштер иттерін ілестіріп, шошқаларын шыңғыртып, құстарын қиқулатып жаз өтіп, сары күз сарқылғанша толассыз ағылды» - делінген. (Е.Тұрысов. Бәйдібек Алматы, Нұрлы әлем 1998, 52 – 55 б).

Екінші кезеңде өлкемізде революциялық рухтағы дүниетанымды білдіретін социалистік негіздегі қоғамның саяси талаптарына сай жүргізілген жаңа топонимиялық атаулар пайда болды. Олар: Қызыл Жұлдыз, Орақ балға, Бірлік, Красный пахарь, Ынтымақ, Талапты, Жаңа талап, Кеңес, Қайрат, Дихан т.с.с. толып жатқан атаулар. Елдімекендеріміз бен көше атауларында Кеңестік қоғам қайраткерлері мен өнер саңлақтарының есімдері күштеп таңылды. Ол атаулар тізбегіне ауданымыздағы: К.Маркс, Ленин, Сталин, Молотов, Чапаев, Толстой, Ордженикидзе, Герцен, Октябрьский, Большевик, М.Горький, Чкалов сияқты атаулар куә болады.

1990 жылдары қоғамымызда болған әлеуметтік – саяси өзгерістердің әсерінен Жуалы жерінің жер – су және елдімекен

атаулары тарихи атауларына қайта ие болды. Ол туралы жазушы М.Ахметовтың Жуалы кітабынан толық мағлұмат алуға болады.

Қазіргі жаңа ұрпақтың санасына Қошқарата, Ақтасты, Рысбек батыр, Көлтоған, Күреңбел, Қарасаз, Шақпақата, Көктөбе, Тасбастау, Шыңбұлақ, Көлбастау т.с.с. атаулар қайта қалыптаса бастады.

1990 жылдарға дейін Жуалы ауданындағы елдімекендердің 90% - дан астамы Ресейден алып келген орыс кулактары мен мұжықтарының, онан кейінгі кезеңде социалистік негіздегі атаулар еді.

Сол кездегі ауылдық кеңестердің атауларына тоқталатын болсақ олардың ішінде бірде – бір қазақша атау жоқ екендігіне көз жеткіземіз. Олар: Бурный, Большевик, Бурно – Октябрьский, Евгеньевка, Кременовка, Казанка, Петровка, Луначарка, Самсоновка селолық советтері еді. Ал шаруашылықтың атаулары да 100% - орысша атаулардан құралатын: Бурненский, Октябрьский, К.Маркс атындағы совхоздары мен Большевик, Ленин атындағы, М.Горький атындағы, Чапаев атындағы, Путь и коммунизму, XXII партсъезд атындағы колхоздар.

Қазіргі кезде Жуалы ауданында 15 әкімшілік – аумаққа бөлінген барлығы 52 елдімекен бар. Енді осыған тоқталайық: (Мұндағы жақшаның ішіндегі елдімекендер олардың бұрынғы атаулары)

Ақсай ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Қайрат ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Дихан ауылы.

Ақтөбе ауылдық аймағына қарасты елдімекендер: Бәйтерек (Октябрьск) ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Жанаталап ауылы, Марьяновка ауылы.

Бауыржан Момышұлы ауылдық аймағына қарасты елдімекендер: Бауыржан Момышұлы (Бурное) ауылдық әкімшілік және аудан орталығы.

Билікөл ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Қарабастау ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Жаңа өткел ауылы, Дарбаза (№1 ферма) ауылы, Жылыбұлақ (№2 ферма) ауылы, Ленинский путь ауылы.

Боралдай ауылдық аумағына қарасты елдімекендер:

Көлтоған (Алексеевка) ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Кеңес ауылы, Рысбек батыр (Луначарка) ауылы.

Бурнооктябрьск ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Бурнооктябрьск ауылы (ауылыдық әкімшілік орталығы), Түктібай (Гагарин) ауылы.

Жетітөбе ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Кәріқорған (Казанка) ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Тасбастау (Благовещенка) ауылы, Шыңбұлақ (Братск) ауылы, Қоңыртөбе (Успеновка) ауылы, Любимовка ауылы.

Мыңбұлақ ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Көлбастау (Евгеньевка) ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Талапты ауылы.

Көкбастау ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Әбілдабек Қойбақов атындағы ауыл (ауылдық әкімшілік орталығы), Бақалы (Қызыл дихан) ауылы, Көктөбе (Ново - Вознесенка) ауылы, Қосбөлтек (Кастальевка) ауылы.

Күреңбел ауылдық аймағына қарасты елдімекендер: Күреңбел (Самсоновка) ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Төңкеріс ауылы, Қаратас (Чапаев) ауылы.

Қарасаз ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Қарасаз (Петровка) ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Зыковка ауылы, Ақбастау (Ясная поляна) ауылы, Юрьевка ауылы, Юсуповка ауылы.

Қошқарата ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Қошқарата (Кантемировка) ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Ақтасты (Некрасовка), Бүргенді ауылы, Қызтоған ауылы, Тесіктас ауылы.

Қызыл арық ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Қызыл арық ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Сұрым ауылы, Ақтөбе ауылы (Габаевка) ауылы, Теріс – Ащыбұлақ ауылы, Алатау (Андреевка) ауылы.

Тоғызтарау ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Тоғызтарау ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы), Рыбзавод ауылы, Құмсуат (Новостройка) ауылы.

Шақпақата ауылдық аумағына қарасты елдімекендер: Шақпақата (Кременевка) ауылы (ауылдық әкімшілік орталығы),

Тәттібай ауылы, Ынтымақ ауылы, Амансай (Калинин) ауылы, Шақпақ станциясы.

Атамекен жеріміздегі тарихи топонимиялық атауларды келер ұрпаққа мәңгілік мұра етіп қалдыру біздің басты міндетіміз, өйткені ол ата – бабаларымыздың ғасырлар бойы жинап келген баға жетпес қазынасы. Ол туралы ғалым Мекемтас Мырзахметов: «Әрбір халық туған жер, Атамекен жұртындағы топонимикалық атауларды белгілі бір себептерге байланысты, не тарихи оқиғаларға орай бір рет дүниеге әкеледі де оны ұрпағына мәңгілікке ескерткіш ретінде қалдырады. Ол атаулар ұрпақ ауысып, жаңа буын жас қауым өмірге келгенде, дәстүрлі жалғастық тауып халықтың тарихи жадында таспен қашап жазғандай мәңгі өмір сүре береді. Ал осы мәңгілік топонимикалық қастерлі атау бұзылса, оған төлем жоқ, ол қайта айналып келмейді, жоғалады» - деп жазған болатын.

Мән бермеппін жер атына бұрын мен,

Кездерім көп мән беруден сүрінген - деп ақын Ж.Нәжімеденов жырлағандай ендігі жерде ұлан – байтақ өлкеміздің тарихи төлқұжаты болып қалыптасқан топонимикалық атаулар халықпен бірге мәңгі жасауы тиіс

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Абдрахманов А. Топонимика и этимология. - Алма – Ата: Наука, 1975.
2. Амандықов Х «Ақпан батыр» - Алматы, 1993.
3. Ахмет М. Жері,суы дуалы- Жуалы. - Алматы: Тоғанай Т, 1998.
4. Әбілдаұлы Б. Сиқым Рысбек Батыр. - Алматы: Мерей, 1994.
5. Әбілдаұлы Б. Төле би мен Қойгелді батыр. - Алматы: Мерей, 1992
6. Байбатша Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. - Алматы: Санат, 2002.
7. Бақбергенев С. Қазығұрттың басында кеме қалған. - Алматы: Жалын, 1984
8. Байбосынов К. Жуалы жайлы қолжазбалары.
9. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. - Алматы: Аруна, 2005.
10. Байтілен С. Тараз өңіріндегі тастағы таңбалар. //Қазақ тарихы. 2002ж, №5.
11. Байтана руының шежіресі.
12. Бәйтек А Ұрпаққа ұран болған ұлы баба. //Ақ жол 1999. 22 қыркүйек.
13. Гумилев Л. Көне түркілер. - Алматы, 1994.
14. Есенберлин І. Көшпенділер. - Алматы: Жазушы, 1987.
15. Жамбыл облысының энциклопедиясы. – Алматы, 2003.
16. Жолдыбаев С. Археологическая карта Казахстана. - Алма – Ата, 1960.
17. Жолдасбекұлы М,. Салғараұлы Қ.т.б Елтұтқа. – Астана, 2001.
18. Жылқышиев Ә. Дауылдан кейінгі жарық. - Алматы, 1992.
19. Златкин И Я. История Джунгарского ханства. - Москва, 1983жыл.
20. Зув Ю А. К этнической истории усуней //труды и АЭ АН КазССР, т.8, 1960.

21. Исмайлов Ә. Страны историцы Южного Казахстана (1864 – 1917г.г.- Ташкент, 1914.
22. Кекілбаев Ә. Үркер. - Алматы: Сөздік – Словарь, 1999.
23. Kodama ibn Djafar. Kitab al-Kharadj. Ed.M.J. de Goeje. - Lugduni Batvorum, 1889.
24. Қазақстанның ұлттық энциклопедиясы. - Алматы, II том, 2004.
25. Қазақстанның ұлттық энциклопедиясы. Алматы, VI том, 2004.
26. Қазақ Совет энциклопедиясы. - Алматы, IV том.
27. Қазақ Совет энциклопедиясы. - Алматы, VIII том.
28. Қазақ тарихы III том. - Алматы: Атамұра, 2002.
29. Қазақстан тарихы. I том. - Алматы: Атамұра, 1996.
30. Қазақ тарихы жырларының мәселелері – Алматы: Ғалым, 1979.
31. Қайдар Ә. Қаңлы. - Алматы: Дайк-пресс, 2004.
32. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер – су аттары сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1985.
33. Маев Н М. Очерки истории киргизского народа (с 1732 по 1868 год) СПБ, 1873.
38. Момышұлы Б. Ұшқан ұя, - Алматы, 1976.
39. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. - Алматы: Қазақстан, 1991.
40. Мұртаза Ш. Шығармалары III том, - Алматы: Қазығұрт, 2002.
41. Мұртаза Ш. Не жетпейді? - Алматы: Жазушы, 1990.
42. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? - Алматы, 1993.
43. Назарбаев Н Ә. Ғасырлар тоғысында - Алматы, 2003.
44. Ормантай А. Керімбай болыс. - Алматы: Мұрагер, 2006.
45. Попов А М. Географические названия. (Введение топонимику.) - Москва, 1965.
46. Путешествие в восточные страны Плано Каорпини и Вильгельма Рубрука. - Москва, 1957.
47. Рысбергенова К. Историко-лингвистической анализ топонимов Южно - Казахстанской области. - Алматы. 1993.

49. Сатаев Ж. Батырдың шұбар тегенесі. //Ақ жол. 1999, 22 кыркүйек.
50. Сматаев С. Елім – ай. - Алматы, 1979.
51. Тасболатов А, Аманжолов К. Қазақтың әскери тарихы. - Алматы: Білім, 1990.
52. Тауасарұлы Қазыбек. Түп – тұқияннан өзіме шейін. - Алматы, 1993.
53. Тұрысов Е. Бәйдібек. - Алматы: Нұрлы әлем, 1998.
54. Тұрысов Е. Темірлан. - Алматы: Жазушы, 1992.
55. Тұрысов Е. Нұржаудың нұрлы түндері. - Алматы: Нұрлы әлем, 1998.
56. Тынышбаев М. «Қырғыз, қазақ халқының тарихы туралы материалдары» - Алматы, 1925.
57. Тынышбаев М. История казахского народа. - Алма-Ата, 1993.
58. Тілеухан Ж, Жұматаев Б. Ұлы көш атты энциклопедиясы. – Алматы: «Аруна» 2006.
59. Толстов С.П Древний Хорезм. - Москва, 1948.
61. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985.
62. Үсенов Б. Табиғат терезесі. - Алматы: Балауса, 1992.
63. Фурманов Д. Мятеж. - Москва: Правда, 1980.
64. Хордабек И. Книга путей и стран. - Баку, 1986.
65. Чайлд Г. Древнейший Восток в свете новых раскопок. - Москва, 1956.
66. Чигаркин В А. Памятник природа Казахстана. - Алма-Ата: Қайнар, 1980.
67. Юдахин К. Киргизско – русский словарь. - Москва, 1965.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
<i>I Жуалы өңіріндегі тарихи – мәдени мұралар</i>	
Жуалы өңірінің геологиялық – тектоникалық ерекшелігі.....	8
Жуалы жеріндегі петроглифтер.....	11
Обалар мен қорымдар.....	16
Қарауыл мұнаралар.....	19
Жалғыз қорғандар.....	20
Бекіністер мен қоныстар.....	22
Шақпақ әулие үңгірі.....	24
Ұлы Жібек жолының Жуалыдағы сілемдері.....	25
Жуалы аймағындағы ортағасырлық қалалар.....	28
Абарджадж қаласы.....	28
Адыраспантөбе.....	31
Ақкүм.....	32
Баркуаб.....	32
Екінші төрткүл төбе.....	35
Үшінші қала.....	36
Белгісіз қалашық.....	36
Қырықкүрзі.....	37
Шауғар қалашығы.....	39
Шақпақ қалашығы.....	40
Жуалы ауданындағы жаңа заманның тарихи ескерткіштері.....	42
Рысбек батыр ескерткіші.....	42
Садыбай Байтана ескерткіш кесенесі.....	42
Бауыржан Момышұлының мұражайы мен ескерткіші.....	43
Депортацияланған поляк халқының өкілдеріне арналған ескерткіш.....	46
<i>III Жуалы жерінің жер – су атауларының тарихы</i>	
Адыраспантөбе.....	115
Айнакөл.....	116
Ақбастау.....	116

Ақсай.....	117
Ақсақал сай.....	118
Ақсу – Жабағылы.....	118
Ақтасты.....	119
Алмалы.....	120
Амансай.....	120
Аралтөбе.....	121
Арбатас.....	121
Арқарлы.....	122
Арыс өзені.....	123
Аса өзені.....	124
Асансай.....	125
Ащыбұлақ.....	126
Бақай мен Бөкей таулары.....	126
Бақалы.....	127
Бақаты.....	127
Белбұлақ.....	127
Берікқара.....	128
Билікөл.....	129
Боралдай.....	129
Борсықтөбе.....	132
Ботақара.....	132
Бурное.....	133
Бурыл тауы.....	135
Бұрғансу.....	136
Бірлік.....	136
Дарбаза.....	137
Датқаның сазы.....	137
Дөңгелек саз.....	138
Еңке.....	140
Жалпақ саз.....	140
Жетімтау.....	140
Жетітөбе.....	141
Жолбарысқамал.....	142
Жосалы.....	142
Жұрынсай.....	143

Жыланды сай.....	144
Жылбұлақ.....	144
Ирекасу.....	144
Кәріқорған.....	145
Кеңбұлақ.....	145
Көксай.....	146
Көсегенің көк жоны.....	146
Көктөбе.....	148
Көкшебұлақ.....	148
Көлбастау.....	149
Көлтоған.....	149
Күйік асуы.....	150
Күреңбел.....	153
Күркіреусу.....	153
Қақты.....	154
Қалмақ қырған.....	154
Қанай асуы.....	155
Қарабастау.....	155
Қаражол.....	156
Қарамұрын.....	156
Қарасаз.....	157
Қарасай.....	157
Қаратас.....	157
Қараүңгір.....	158
Қоғалы.....	159
Қоңыртөбе.....	159
Қорымтас.....	160
Қосбөлтек.....	161
Қосмұрат.....	162
Қостөбе.....	163
Қостұра.....	163
Қошқарата.....	165
Құдияр сазы.....	166
Құлантау.....	166
Құлан асуы.....	168
Құрама.....	169

Құртты бұлақ.....	170
Қыз әулие.....	170
Қыз құлаған.....	170
Қызмола.....	171
Қызтоған.....	171
Қызыл дала.....	172
Қызылжар.....	172
Қыдыр қонған сай.....	172
Қыстаубай көлі.....	173
Қыстаубай шатқалы.....	173
Майбұлақ.....	174
Майтөбе.....	175
Маңқасай.....	176
Марының сазы.....	176
Мыңбұлақ.....	176
Мыңжылқы.....	179
Мүрделі.....	179
Нышанкүл сай.....	180
Орда қонған.....	180
Ормансай.....	181
Өгізарал.....	182
Рысбек төбе.....	182
Садырқамал.....	183
Сарықайқаң.....	184
Сарытас.....	185
Саясу.....	185
Сенгір.....	185
Сулысай.....	186
Сұрым.....	186
Сүңгі.....	187
Талдыбұлақ.....	187
Тасбастау.....	188
Теке қамал.....	188
Теріс өзені.....	189
Теспе.....	189
Тесіктас.....	190

Тобшақты.....	190
Тоғызтарау.....	191
Торлан мен Қараш асулары.....	191
Тышқансай.....	192
Түркісіб.....	192
Ұзынбұлақ.....	193
Үндемес бастау.....	194
Үшқоспа.....	194
Үштөбе.....	195
Шақпақ.....	195
Шаңлақты.....	199
Шегір қамал.....	200
Шыбықбел.....	202
Шымырбай сай.....	202
Шыңбұлақ.....	203
Шілікті.....	203
Ынтымақ.....	203
Пайдаланылған әдебиеттер.....	211

